<sup>1</sup>профессор, тарих ғылымдарының докторы, e-mail: tursunhazret@mail.ru

<sup>2</sup>докторант, e-mail: Bek.kz.8080@mail.ru

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан, Түркістан қ.

## **ОТАНДЫҚ ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУ ӘДІСНАМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ**

Мақала отандық тарих ғылымында тұлғатану бағытының методологиялық мәселелері бойынша тың тұжырымдар жасауға арналады. Тақырып бойынша ғылыми ізденіс жүргізудің басты мақсаты тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру үшін отандық тұлғатанудың методологиялық проблемаларына талдау болып белгіленген. Кеңестік және посткеңестік гуманитарлық кеңістікте тарихи тұлғатанудың методологиясында қолданылған әдіс-тәсілдер идеологиялық ұстанымдарға тәуелді болғандықтан да зерттеу нысандарының тарихи оқиғалар мен құбылыстардағы орны мен рөлі жеткілікті бағасын ала алмады. Сол себепті де тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығын талдау мен бағалауда субъективтік тұжырымдар мен пікірлерге жол берілді. Отандық тұлғатанудың қазіргі заманғы методологиялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып тарихи тұлғалардың қызметі мен тарихтағы алар орнын бағалаудың өлшемдерінің қалыптасуы тарих мазмұнын жаңалауда объективтік тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мақалада кеңестік тұлғатануда қолданылған партиялық-мемлекеттік номенклатура тұжырымы элиталық тұжырымның әдіс-тәсілдерімен салыстырыла талданады. Партиялық-мемлекеттік номенклатура тұжырымы идеологиялық ұстанымдарға тәуелділігіне балама ретінде тарихи зерттеулерде элиталық тұжырымды қолданудың артықшылықтары айқындалады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды элиталық көзқарас әдіс-тәсілдерімен қарастыра отырып, жекелеген тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына баға берудің методологиялық өлшемдері ұсынылады. Отан тарихындағы тұлғаларды ұлттық-мемлекеттік мүддеге жасаған қызметі арқылы бағалаудың ғылымилығы туралы тұжырымдар жасалған. Отандық зерттеушілердің еңбектерінде тарихи тұлғатану методологиясының жекелеген аспектілері ғана қарастырылғандығын ескерер болсақ, мақалада қол жеткен ғылыми нәтижелер осы саланың теориялық негіздерін толықтыруға қызмет етеді. Содан да мақалада тұжырымдалған тарихи тұлғалар қызметін бағалаудың өлшемдерін тарих мазмұнын жаңалауда, ғылыми зерттеу жұмыстарында және арнайы пәндердің мазмұнында қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** тарих методологиясы, тарихи тұлғатану, саяси элита.

Tursun Kh.M.<sup>1</sup>, Mambetov B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Professor, doctor of historical Sciences, e-mail: tursunhazret@mail.ru

<sup>2</sup>Doctoral student, e-mail: Bek.kz.8080@mail.ru.

Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Kazakhstan, Turkestan

### **National Interest in the Methodology of Domestic Historical Personality**

The article aims to make final conclusions on methodological issues of personalities in national history. The main purpose of the research on this topic is the analysis of methodological problems of personalities with the aim of forming an independent historical consciousness. Since the methods used in the methodology of historical personalities in the Soviet and post-Soviet space depend on ideological

principles, the place and role of research objects in historical events and phenomena have been underestimated. Therefore, subjective judgments and conclusions were made in the analysis and evaluation of biographies, social and political activities and the work of historians. Formation of criteria for assessing the position of historians and their place in history using the modern methodological approach of national personality allows us to draw objective conclusions when updating the content of history. The article analyzes the wording of the party-state nomenclature used in the Soviet personalities, with the methods of elite conclusions. As an alternative to the ideology of the party-state nomenclature, the advantages of using the concept of elite in historical research are defined. Considering historical events and phenomena with an elite approach, we present the methodological criteria for assessing the socio-political activity and creativity of individual historians. Conclusions about the scientific assessment of individuals in the history of the Fatherland for their service to national-state interests are made. Considering that only certain aspects of the methodology of historical personalities are considered in the works of domestic researchers, the scientific results achieved in the article complement the theoretical foundations of this industry. The criterion for evaluating the activities of historical personalities can also be used to update the content of history, scientific research and the content of special disciplines.

**Key words:** methodology of history, historical personality, political elite.

Турсун Х.М.<sup>1</sup>, Мамбетов Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>профессор, доктор исторических наук, e-mail: tursunhazret@mail.ru

<sup>2</sup>докторант, e-mail: Bek.kz.8080@mail.ru

Международный казахско-турецкий университет имени Ахмеда Ясави,  
Казахстан, г. Туркестан

### Национальный интерес в методологии отечественной исторической персоналии

В статье рассматриваются окончательные выводы по методологическим вопросам персоналии в отечественной истории. Основной целью научного исследования по данной теме является анализ методологических проблем персоналии с целью формирования исторического сознания. Поскольку методы, используемые в методологии исторической персоналии на советском и постсоветском пространстве, зависят от идеологических принципов, то место и роль исследовательских объектов в исторических событиях и явлениях были недооценены. Поэтому субъективные суждения и выводы были сделаны при анализе и оценке биографий, общественно-политической деятельности и творчества исторических личностей. Формирование критериев оценки исторических личностей и определение их места в истории с использованием современного методологического подхода отечественной персоналии позволяет сделать объективные выводы при обновлении содержания истории. В статье анализируются формулировки партийно-государственной номенклатуры, использованные в советской персоналии, с методами элитных выводов. В качестве альтернативы концепции партийно-государственной номенклатуры определены преимущества использования концепции элиты в исторических исследованиях. Рассматривая исторические события и явления с элитарным подходом, мы представляем методологические критерии оценки общественно-политической активности и творчества отдельных личностей. Сделаны выводы о научности оценки личностей в истории Отечества по их службе национально-государственным интересам. Учитывая тот факт, что в работах отечественных исследователей рассматриваются только определенные аспекты методологии исторической персоналии, достигнутые в статье научные результаты служат дополнением теоретических основ этой отрасли. Критерий оценки деятельности исторических личностей также может быть использован при обновлении содержания истории, научных исследований и содержания специальных дисциплин.

**Ключевые слова:** методология истории, историческая персоналия, политическая элита.

### Кіріспе

Тарих ғылымы да өзге ғылым салалары сияқты дамуы мен қалыптасуында іркіліске ұшырататын проблемалардан кенде емес. Кеңес Одағының ыдырап, посткеңестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы тарих ғылымының алдына осындай проблемаларды тосты. Ол проблемалар ең алдымен ғылымның

методологиялық мәселелерінен туындады. Отан тарихының тұлғатану бағыты еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге дамудың жана форматына ауысты. Осы бағытта қоғамдық ғылымдар саласында атқарылған іргелі зерттеулер баршылық. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие бола-



тыны белгілі» (Назарбаев, 2018) деп тарихи тұлғатанудың басты міндетіне айқындық берді. Дегенде, осындай күрделі мәселенің түйіні отандық тарих ғылымындағы тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері арқылы тарқатылатындығы белгілі. Ал қазіргі тарихи тұлғатану бағытының даму деңгейі, қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен өлшемдер алдағы атқарылатын міндеттерді іске асыру үшін де мәселені жаңа көзқарастарға негізделген әдіс-тәсілдермен бағамдауды қажет етеді.

Қазіргі кездегі тарихи танымның теориясы жаңа парадигмалық тұжырымдармен толықтырылуда. Тарихшыдан талап етілетін осы құндылықтық өзгерістер маркстік-лениндік «ақыл-ой алыптарының» тұжырымдарынан қол үзіп, ізденіс тақырыптарын қарама-қарсы бағыттарға ауыстырғанымен кейбір тарихшылардың ескі таным тәсілдері мен қағидаларынан қара үзіп кете алмағандығынан тұлғатану бағытында елеулі олқылықтар орын алуда. Оның басты себебі, отандық тарихи танымдағы ұлттық мүдде ескерілмей, тарихи ақиқат жеткілікті ашылмауы, нәтижесінде тұлғалардың тарихтағы орны мен атқарған рөліне қатысты жаңсақ тұжырымдарға жол беріледі.

Ғылыми ізденіс барысындағы осындай қайшылықтардың тарихи танымға ықпалы туралы А.Я. Гурьевич мынадай тұжырым жасайды: «В обстановке растущего и по временам делающегося агрессивным национализма и шовинизма возникают или возрождаются всякого рода псевдоисторические мифы и измышления. Одновременно в условиях нарастающей интеллектуальной безответственности части гуманитариев расшатывается и делается все более проблематичным понятия исторической истины» (Гурьевич, 1996 : 9). Ғылыми теориялық-әдіснамалық негіз орнықпай тұрған кезеңде бұндай жалған тарихи мифтер, әсіресе кеңестік тарихнамада қызметі мен көзқарасы таптық тәсілмен бағаланған жеке тұлғаларға қатысты жасалып, оларды «коммунистік тұғырдан түсірмеуге» және тоталитарлық биліктің саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан қайраткерлердің қызметін біржақты дәріптеу түрінде қарама-қайшылықтар орын алуда. Тақырыптың мәні ғылыми ойдағы осы қарама-қайшылықты жоюға бағытталған аралық ұстанымдар іздестіру болмақ. Тұлғатанудағы бұндай ортақ әдіс-тәсілдер тұлғатану методологиясын теориялық тұрғыда толықтырады және ғылыми зерттеулер үшін қолданбалық сипатқа ие болады.

Тақырып нысаны отандық тарихи тұлғатанудың методологиясы, пәні тарихи тұлғалар қызметін бағалау мен оны тарихи танымда қолдану болып айқындалады. Осыған байланысты тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін бағалау мен олардың тарихи оқиғаларға ықпалын айқындауда ұлттық-мемлекеттік мүддеге жасаған ықпалы арқылы бағалау өлшемдерін анықтау тақырыптың өзектілігін құрайды.

Отандық тарихнамадағы тұлғатану бағыты ХХ ғ. басындағы ұлттық элита өкілдерінің шығармашылық қызметінен бастау алды. Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде ұлттық элитаның жеке тұлғалары туралы жарияланған мақалалары (Бөкейханов, 1915) тұлғатануға қатысты тарихи жазбалардың алғашқы үлгілері болды. Бұл еңбектер билік жүйесінің қыспағына түспеген, демократиялық қағидалар мен еркін ойға негізделгендіктен онда ұлттық мүдде ашық та батыл айтылуымен ерекшеленеді. Өкінішке орай отандық тұлғатанудағы бұл бағыт белгілі себептермен кең өріс ала алмады. Ал тоталитарлық жүйе нығайған кезде жарық көрген тұлғатану тақырыбындағы зерттеудің үлгісін кеңестік тарихшы Ғ. Тоғжановтың еңбегінен көреміз (Тоғжанов, 1932). Ресми биліктің ыңғайымен тарихшы бұл еңбегінде А.Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында ұлтшылдық бағытта контрреволюциялық рөл атқарды деп биліктің ұстанымын алға тартады. Осы мазмұндағы еңбектердің қатары едәуір, бірақ олардың мәселені қарастыруы бір сарында болғандықтан оларға тоқталудың қажеттілігі аз. Оның үстіне 30-жылдары Алаш пен Алашорда тақырыбына қалам тарту іс жүзінде тоқтатылып, Алаш қозғалысын жан-жақты зерттеуге тыйым салынуына байланысты бұл бағыттағы зерттеулер мүлдем тоқырап қалды.

Әрине, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға талдау жасағанда «көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі дегеніміз белгілі бір адамгершілік және әлеуметтік бағдарлар жүйесіндегі оның нақты ойлары мен әрекеттері ғана емес, ол сонымен бірге тұлғаның өзі саясат сахнасынан кеткеннен кейінгі де қоғамдық үдерістерге жасайтын ықпалы» (Волконогов, 1990 : 4) екендігін ескерсек тарихи тұлғалар алдағы уақытта да ғылыми ойдың нысаны болып қала бермек. Осыған байланысты большевиктер көсемі В.И. Лениннің өзіне тән категориялықпен «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі

және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» (Ленин, 1973 : 8-9) деген тұжырымын ондай шындық тек партиялық номенклатураның қолындағы көзсіз қаруға айналған пролетариат үшін ғана емес, жалпы тарихи таным үшін де қажет деген түзетулермен қуаттауға болады.

Тарихи ойдың дамуы барысында қалыптасқан әдіснамалық кереғарлықтар (катаклизмы) тарихи жадты жойып, уақыт сабақтастығына қауіп төндіреді деп бағаланады. Бұл жағдай тарихшыға үлкен жауапкершілік жүктейтіндігі белгілі. Осы мәселеге әдіснамалық тұрғыда мән берген М. Шоқайдың «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады», «мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді». «Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады», «мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыда талдау жасайды» (Шоқай, 2007 : 202-203) деген тұжырымның мәні зор. Тарихи танымның тәсілдері туралы М. Шоқайдың 1931 ж. жасаған осы тұжырымы ешқандай да сәуегейлік емес, тарих ғылымының іргелі әдіснамалық қағидалары болып шыққандығына отандық тарих бойынша қалыптасқан кеңестік тарихнаманың теориясы мен мазмұны көз жеткізіп берді. Осыған байланысты қазіргі кездегі тарихи санада ақиқатты тану және танытудың мәселесі туындайды.

Бұл туралы елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ» – деп жазады (Назарбаев, 1999).

### Тарихи сана қалыптастырудағы тұлғатану

Тарихи ақиқаттың тарих мазмұнынан көрініс табуы бір-бірімен тізбектелген көптеген факторларға байланысты екендігі белгілі. Атап айтқанда, тарихи шынайылық ғылыми адалдыққа, автордың қолында нақты деректердің болуына, тарихшының идеологиялық позициясына, ол өмір сүрген қоғамның саяси құрылымына, тарих мазмұны қалыптасқан кезеңдегі елдегі ахуал, тіпті оның өзге тарихшылармен қарым-қатынасы сияқты мәселелерге де байланысты

болмақ. Міне, осындай субъективтілігі айқын көп сатылы үдерісте тарихи ақиқат билеуші таптың, партияның, адамдар тобының, «қазіргі заманның қажеттілігіне, мақсатына» қарай түрлі сипатта ұсынылуы мүмкін.

Тарихи ақиқатты тану мәселесі ежелден-ақ ғылыми ойдың қызығушылығына айналып келгені оның үнемі бұрмалаушылықпен аста-сып жатуында. Өйткені, ақиқатты бұрмалау жалған тарих қалыптастырудың негізі. Ғылыми әдебиетте жалған тарих жасаудың негізінен үш түрі аталады. Оның бірі – кездейсоқ дәйектік қателерден тұрады. Тарих оқулықтарынан орын алған бұндай бұрмалаушылық көбіне кәсіби біліксіздіктен туындайды. Жалған тарих жасаудың екінші түрі – тарихи ақиқаттың бір бөлігін жабық тақырыпқа айналдыру, ол туралы қасақана үндемеу. Оның мысалы ретінде отан тарихының «ақтаңдақ» тақырыптарын атасақ болады. Отан тарихында қазіргі кезде де «ақтаңдақ» тақырыптар сақталып келеді. Солардың ең бастысы – алаштық қайраткерлер мен большевиктік номенклатура арасындағы саяси күрес. Бұл тақырыпты игеруге Алаш қозғалысына қатысты ғылыми айналымға ұсынылған деректер кешені сәуле түсіргендей болғанымен де онда ұсынылған тың деректерді ғылыми талдаудың өзі орнықты әдіснамалық негізсіз тарихи танымға жол табуы қиын. Жалған тарих жасаудың үшінші түрі – тарихты ашықтан-ашық бұрмалау. Тарихи танымда әлдеқандай мақсат көздеген жеке тарихшылардың мақсатты әрекеті ретінде бұл фактор зиянды сипат алады. Кеңестік тарихнамадағы жеке тұлғалардың тарихтағы орнын айқындауда соңғы фактордың ықпалы қатты сезілді, оның салдары қазіргі кезде де жойыла қойған жоқ.

Кеңеске қарсы буржуазиялық ой-пікірлер деп бағаланған М. Шоқайдың ғылымда үстемдік еткен таптық көзқарасты әшкерелейтін мынадай тұжырымдарының мәні зор. Оның «Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы» (Шоқай, 2007 : 203) деген пікірлерінде тарихи сана қалыптастырудың саяси кілтпандары айқындалған.

Ол тұлғатануға қатысты ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз дегенге «...белгілі бір мұрат-мақсаттарының соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана

кіре алады» деп баға береді. Демек, тарихи сана қалыптастыру басты міндеттерінің бірі болып саналатын зиялыларға «тек жүктелген міндеттерді атқарумен ғана шұғылдану жеткіліксіз. Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуі тиіс» (Шоқай, 2007 : 154).

М. Шоқай Ш. Уәлихановтың трагедиясын «Батысшылдығы» пұшайман жағдайға душар еткен Шоқан трагедиясының қайнар көзі жат адамға айналып қалам деп қорқуында емес, жат адамға айналып қалуында еді» (Шоқай, 2007 : 155) деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымның танымдық маңызы ескерілмегендігін кеңестік қоғамда таптық идеяға иланып, ұлттық құндылықтардан қол үзіп қалған кейбір қайраткерлерге де тән екендігіне жете мән берілмеуінен аңғарылады. Тарихи үдерістегі ұлттық мүдденің әрбір шегінісінің шынайы астарын осындай тосын көзқарастар арқылы бағамдай алар едік. М. Шоқай ХХ ғ. еуропалық ғылым мен өркениеттерінің жетістігі жағдайында таза ұлттық интеллигенцияның болуы мүмкін емес екендігін мойындайды, сонымен бір мезгілде оның көзқарасы бойынша еуропалық рухани құндылықтар ұлттық мәдениетке күштеп таңылмауы тиіс. Ол сондықтан да еуропалық мәдениеттің өрісіне тәуелді болған дүбәрә қазақтарды қуаттаған жоқ (Кодар, 2008:8).

Қазіргі заманғы ұлттық элитаның қалыптасуы өте күрделі даму жолынан өтті. Отарлық билік жағдайында дәстүрлі элитаның өкілдері еуропалық өркениеттің ықпалына тартылып, ұлт зиялыларының алғашқы легін құрады. Олардың кейбірі өз халқының мәдени-рухани құндылықтарынан орыс мәдениетін жоғары қойды. Бұл – уақыттың талабы деп білуіміз ерек. Осыған байланысты С. Сәдуақасов «православие миссионерлеріне адал көмекші» болып қызмет істеген Ы. Алтынсариннің тағдырын мысалға алады. Ол «өлерінің алдында өзіне бірде-бір орысты, тіпті достарын да жақындатпауды тапсырады. Осы атеист жаназасын шығаруға 99 молда шақыруды өсиет етеді. Ия, бұл білімді қазақтың бізге мүлдем түсініксіз қасіреті еді» дей келіп, Ш. Уәлихановтың да Алтынсарин тағдырын қайталағандығына тоқталып, Түркістанды бағындырған генерал Черняевтің қосынында офицер болып қызмет істеген өмірінің соңында орыс достарынан бас тартып, елеусіз қазақ ауылында дүние салғандығын, ал Ядринцевтің Шоқанның қайғылы өлімі еуропалықтарға қатаң ескерту болды деп жазғанын айтады (Сәдуақасұлы, 2002: 351-252).

С. Сәдуақасовтың атап отырған «орыс достары» дегенді көшпелілер өркениетін тізе бүктірген отарлық биліктің өктемдігі деп қабылдағанымыз орынды. Элиталық тұлға ретінде танылған Ш. Уәлихановтың қазақ жерін басқару жүйесін жетілдіру туралы ойлары, аға сұлтандық қызметке сайлануға әрекет жасауының билік тарапынан қолдау таппауы көп жайды аңғартса керек. Осы мәселеге элиталық көзқараспен баға берер болсақ, онда дәстүрлі қоғамның қазіргі заманғы қоғаммен кірігу үдерісінде жанадан қалыптасып келе жатқан ұлттық элита өкілдерінің осындай қасіретті тағдыры тарихтың оларға тартқан сыбағасы еді.

Отан тарихының мазмұнында оқиғалар мен құбылыстардың қарама-қайшылықты сипатын жоққа шығаруға болмайды. Тұлғатану саласында бұл мәселе кеңестік билікке қызмет еткен партиялық-мемлекеттік номенклатура мен алаштық үлгідегі ұлттық элитаны бір-біріне қарсы қою түрінде өткір сипат алды. Тұлғатанудың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерін қолдану осы бағыттағы зерттеулерге нақтылық береді. Дегенмен, жеке тұлғалар арқылы танылатын саяси, мәдени, рухани, ұлттық құндылықтардан туындаған көзқарастар мен ағымдардың тұтас болмысы қарама-қарсылықтардың бірлігі заңдылығы бойынша қарастырылып, ол құбылыстарды тұлғаландыру арқылы ашылатындығы айқын. Демек, қоғамдық-саяси қайшылықтардың сырын ашу үшін де тұлғалардың көзқарасы мен саяси қызметінде қаншалықты ащы шындықтар орын алса да ол ғылыми талдаудың нысаны болуы заңды. Сондай ашықтық пен турашылдық жағдайында ғана тарихи ақиқат елдің игілігіне айналады. Сонда ғана тарихтың қателігінен сабақ алынады. Бүгінгі интеллектуалдық тарихтың ұстанымы осы.

Тұлғатануда ең бастысы – тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Кімді де болса біржақты мақтау немесе біржақты қаралауға жол беру – тарихтың шынайы мазмұнын ашуға кедергі болады. Қазіргі кезде кейбір тарихшылар жеке тұлғаларға тарихи баға беруден тартынады. Олардың пікірінше, шамшылдық сипатына қарай тарихи тұлғалардың кемшіліктерін талдап, оны жарнамалаудың қажеті жоқ деп «Жабулы қазан жабулы күйінде жата берсін», «Сен тимесең мен тимен, бадырақ көз» деген психологияға ерік береді. Ал бұл миссияны кейбір тарихшылар Нәзір Төрөқұловтың «Түркістан майданы революциялық-әскери кеңесінің Ерекше бөлімі мен Төтенше Комиссияның репрессиялық

әрекеттерін ақтай сөйлегендігі тарих кешіретін іс емес» (Қоңыратбаев, 1994 : 246) деп үлкен құлшыныспен атқарып, кейде тым асыра сілтеп жібереді. Бұл қисынға сүйенген тарихшы алашордашылар жайлы Сталинге жазған донос-тары үшін Т. Рысқұловты, Ә. Жангелдинді, С. Сейфуллинді және т.б. қайраткерлерді тарихтың сотына «сүйрей» жөнелер еді. Демек, тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметіне сыңаржақ баға берудің ғылыми салмағы жоқ. Бұл жердегі методологиялық ұстаным тарихилық және объективтілік болуы тиіс.

Салыстыру үшін мысалға алынған бұл дәйек тарихшының қатал да әділ үкім шығарып отыратын сот төрешісі болуға ұмтылуы сипатында тарихи танымға елеулі нұқсан келтіретіндігіне тағы да бір рет көз жеткізеді. Бұндай тәсілдер ақиқатты ашпайды, қайта оған көлеңке түсіреді. Осыған байланысты италиялық тарихшы Б.Кроченің: «Айыптау – біздің соттарымыздың (құқықтық және моральдық) бүгінгі күні өмір сүріп, әрекет етуші қауіпті адамдардың соттары екендігін танытатын үлкен айырмашылықты ұмыттырады, сонымен қатар өз уақытының сотының алдын көрген басқа адамдардың екінші рет сотталуы немесе ақталуы мүмкін емес... Тарихты мазмұндау желеуімен өзін сот төрешісі деп есептеп, бір жерде айыптап, ендігі бір жерде күнәларына кешірім жасаудың (бұл тарихтың ісі деп ойлап) ...көпшілік танығандай, тарихи мәні жоқ» (Карр, 1988 : 68) деген тұжырымын қуаттауға болады. Демек, интеллектуалдық тарихтың өзекті қағидасының бірі ретінде бұл талап тарихшы шығармашылығында – мейлі ол қаншалықты субъективті болса да, танымдық бағдарға алынса, тарих ғылымы ақиқатты айту миссиясына барынша жақындай түседі.

### Тұлғатанудағы ұлттық мүдде

Отан тарихында тұлғатану мәселесі тың методологиялық ұстанымдарға зәру. Қоғамның өзгеруімен бірге тарихи тұлғаларға деген көзқарастар да өзгереді, тарихи танымның ұстанымдары да өзгереді. Бұл диалектикалық заңдылықта тарихшының ғылыми миссиясына қатысты жоғарыда аталған тұжырымдар тұрақтануы тиіс.

Тарихшы шындықты тани алуы, айта алуы, оны халыққа жеткізе алуы арқылы қоғамға қызмет жасайды. Тарихи ақиқат көпвекторлы көзқарастардың ортасында болуы мүмкін. Қазіргі танымға өзіміз қолдан жерлеген тоталитарлық қоғамның кеудемсоқтығы жүрмейді. Тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруды бағдарға алған

тарихшының тұлғатанудағы кесімді сөзі топтың, таптың мүддесі үшін емес, ұлттың мүддесі үшін айтылуы тиіс.

Осындай теориялық тұжырым ұлылы-кішілі бабаларымыздың шынайы тұлғасын тануға методологиялық негіз болып, көпшіліктің танымдық қызығушылығын арттыруға қызмет жасайды. Бірақ бұл қызығушылық ол тұлғаларды түрлі тарихи жағдайларда жол берген қателіктері үшін жауапкершілікке шақыру мақсатын емес, олардың тарихтағы шынайы орнын анықтап, әлдеқандай пайдалы әрекетінен, тіпті ұлтқа қарсы жасаған әрекеттерінен болса да тиісті сабақ алуға қызмет етсе ғана өзін ақтамақ. Өйткені, тарихи тұлғаға толық та шынайы бағаны жеке адам емес, тек уақыт ғана беретіндігі есте болуы керек.

Тарих мазмұнын жаңалауда ұлттық мүддені алға салудың қажеттілігі әлі де айқын сезіле қойған жоқ немесе сезілгенімен де оны ашық айтудан тартынып келеміз. Тарихи танымдағы ұлттық мүдде деген не, ол қандай мақсатты көздейді? деген сауалдардың жауабы айқын. Тарихи зерттеулердегі ұлттық мүдде дегеніміз – мемлекетті қалыптастырған ұлттың мүддесі, яғни мемлекеттік мүдде деген сөз. Ұлттық мүдде тұрғысында қарастырар болсақ, тарихтың сабағы – ұлттық тұтастану, ұлттық өрлеу сияқты мәңгілік маңызы бар ұлттық идеяларға қызмет етеді. Осы мәселе тәуелсіздік жылдары қалыптасқан зерттеулерде нәтижелі көрініс тапты. Айталық, ұлттық саяси элита өкілдері белсене араласқан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы мен Түркістан мұхтариятының тарихын ұлттық мүдде тұрғысында қарастырмасақ осы құбылыстың отан тарихының құрамды бөлігі екендігін айқындай алар ма едік? Олай ете алмас едік. Ал біз оны бүгінгі ұлттық мүддеге сай тәуелсіздігімізге жол салған саяси құбылыс ретінде қарастырамыз. Өзбекстандық тарихшылар жәдитшілердің қызметіне баса мән беріп, Түркістан қозғалысындағы алаштық ықпалды ескермейді. Ортақ мұрадан өз тарихымызды аршып алып, игілігімізге жаратуымыз керек. Бұл деген өзге елдің тарихын барымталау емес, керісінше тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілуі.

Ал ресейлік тарихшылар Алаш қозғалысын автономиялық қозғалыс тарихы шеңберінде ғана қарастырады, одан тереңге бармайды. Ресейлік мүдде одан тәуелсіздікке деген ұмтылысты көргісі келмейді. Өйткені, ресейлік біртұтастықты мақсат тұтқан ұлттық мүдде автономиялық қозғалыстың ұлттық тәуелсіздікке ұласуын қуаттамайды. Сол сияқты Алаш

қозғалысын ұлттық мүддеге сай бағаламасақ оның тәуелсіздікке ұмтылған басты идеясын дәлелдей және дәйектей алмас едік. Демек, тарихи танымдағы ұлттық мүдде дегеніміз мемлекет құраушы ұлттың ғана емес тұтастай мемлекеттің мүддесі деп бағалануы тиіс.

Осыған байланысты отандық тұлғатануға қатысты құнды тұжырымдар жасаған М. Қозыбаевтың «біз тарихтағы тұлғаларға өте мұқият қарағанымыз абзал. Көзі тірісінде мақтамай, көзі тайған соң даттамай, тарихи тұлғаларды бір түсті бояумен мәнерлемей, азаматтығын айтып, кемшілігін көрсетіп, болашаққа тағлым боларлықтай саяси портретін жасауымыз керек» (Қозыбаев, 1998 : 4) деген ұсыныстарын тұлғатанудың бастапқы өлшемдері түрінде қабылдаймыз.

Тұлғатанудың әдіснамалық ұстанымдары тұлғалардың ақиқат болмысын танып білуге және танытуға қызмет жасайды. Айталық, көптеген тұлғалардың қызметі белгілі бір адамдар тобының, сословиенің, таптың, партияның мүддесін іске асыруға арналды. Міне, осыған байланысты «жеке тұлға кімдердің мүддесін, неге олардың мүддесін және қандай тәсілдермен қорғады?» деген сұрақтың жауабы тұтастай құбылыстың тарихын тарқатады. Осы жағдай базбір зерттеулерде тарихи танымнан тыс қалады да, тарихи тұлғаның есімі ғана, онда да көбіне даңқы мен дақпырты аталып, тарихи мазмұн жартыкеш, біржақты сипат алады. Ал тарихта кейбір тұлғалар бір идеяның, бір қоғамдық-саяси құрылыстың, тіпті бір отанның ғана жолын қуумен шектелмегендігі мәселені күрделендіре түседі. Тарихи таным үдерісіндегі осы күрделіліктің түйіні тарқатылмаса тарихи сана ұлттық деңгейге көтеріле алмайды. Осыған байланысты Д. Кішібеков «тарих философиясын» зерттеу, қашанда қайшылықтар бетін ашу», дей келіп, оның «қиындығын бір мысал арқылы көрсетуге болады. Мәселен, КСРО құлады. Соның тарихын жазған автор М.С. Горбачевты да, Б.Н. Ельцинді де айтпай кете алмайды. Олардың бұл мәселеде рөлі елеулі болғаны рас. Ал осыларды жазған автордың ойларын жақтаушылар да, даттаушылар да шығады. Сөйтіп, барлығына кінәлі әлгілер емес, соны жазған автор болып шыға келмесіне кім кепіл?» (Кішібеков, 2002 : 73-77) деген сауалы тарихшыларды ойландыруы тиіс.

Осындай соқталы мәселелерден тұлғатанулық зерттеулердің ұстанымдары айқындалады.

Тарихи тұлғатануда дәстүрлі элита, алаштық элита, партиялық-мемлекеттік номенклатура және қазіргі саяси элита деп жіктелетін кезеңдерде қолданылған әдіс-тәсілдер әр алуан, соған сай тарихи ойға ұсынған тұжырымдары да бір-бірінен алшақ. Оның басты себебі тұлға қызметін бағалау өлшемдерінің әралуандығы. Кеңестік тарихнама партиялық-мемлекеттік номенклатураның қызметін коммунистік идеяға берілгендігі, интернационалдық құндылықтарға адалдығы сияқты өлшемдермен бағалады. Нәтижесінде тарихи тұлғаның ақ пен қара түстен ғана тұратын портреті қалыптасты. Адами сезімдері көлегейленген, ұлттық рухы тұмшаланған, таптық сананың идеалына айналған тұлғаның бейнесі тәуелсіз тарихи танымға қызмет жасай алмайды. Қазіргі тарихи танымда ұлттың тұтастануына қызмет жасағандығы, ұлттың рухын шыңдауға үлес қосқандығы сияқты өлшемдермен бағаланатын, адамға тән бүкіл болмысымен сомдалған тұлғалар қоғамның идеалына айналуы тиіс. Тұлғатанудағы ұлттық мүдденің мәнісі осы.

### Қорытынды

Тарихи тұлғатану бағытында осы кезге дейін жүргізілген зерттеулердің молдығына қарамастан, ғылыми ойдың бұл саласының тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру міндеттеріне сай жаңа әдіснамалық тәсілдерді қолдануға зәрулігі байқалады. Отан тарихының мазмұнындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, жекелеген тұлғалардың қызметін бағалауда ғылыми айналымдағы құжаттық деректерден тарихи ақиқатты табу, тану, таныту үшін жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруда ұлттық, мемлекеттік мүдде басты назарда болуы тиіс. Тарихи ақиқатты бүкпесіз және боямасыз тарихи танымға ұсынуды талап ететін бұл ғылыми және әлеуметтік фактор отан тарихының мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарға сай жаңалайды және қоғамдық ойды тұрақтандырады. Сонымен бірге тұлғатанудың объективті өлшемдерін қалыптастыру мәселесі де тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тұлғаландыруға қатысты жасалатын ғылыми тұжырымдарды тұрақтандырады. Сол үшін де «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында атқарылатын кешенді жұмыстардың ғылымилығын арттыруда тарихи тұлғатанудың ұлттық мүддеден туындайтын өлшемдері теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуі керек.

### Әдебиеттер

- Бөкейханов Ә. (1915). Барлыбекті ұмытпасқа. //Қазақ. – 1915. – №90
- Волкогонов Д.А. (1990). Сталинизм: сущность, генезис, эволюция: доклад по совокупности работ на соискание ученой степени доктора исторических наук. – 07.00.02. – Москва. 47 с.
- Гурьевич А.Я. (1996) Историк конца XX века в поисках метода //Одиссей. Человек в истории. – Москва: Сода. – 368 с.
- Карр Э. (1988). Что такое история? – Москва, 250 с.
- Кодар А. (2008). Жизнь и творчество Мустафы Чокая: необходимость переинтерпретации. (с. 36-37) // XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялылары және ұлттық мемлекеттілік: мұрағаттар, келелі мәселелер, келешегі. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы.
- Кішібеков Д. (2002). Тарих үйретеді, тәрбиелейді. //Ақиқат, №11
- Қозыбаев М. (1998). Тарих зердесі. – Алматы: «Ғылым»
- Қоңыратбаев О. (1994). Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. (Түркістан кезеңі). Алматы: Қазақстан, 447 б.
- Ленин В.И. (1973). Полное собрание сочинений. изд. 5-е. – Москва: Политиздат. Т. 20, 532 с.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Атамұра», 1999. 296 б.
- Назарбаев Н.Ә. (2018). Ұлы Даланың жеті қыры // «Егемен Қазақстан». 21 қараша 2018 ж.
- Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг. – Алматы: «Қазақстан». 1998. – 336 с.
- Сәдуақасұлы С. (2002). Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш. 352 б.
- Тогжанов Г. (1932). О Байтурсунове и байтурсуновшине. – Алма-Ата-Москва.
- Шоқай М. (2007). Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Қайнар», 384 б.

### References

- Bokeihanov A. Barlybekti umytpaska. //Qazaq. – 1915. – №90 [Bokeyhanov A. Without forgetting Barlybek.
- Gur'evich A. Ya. (1996) Istorikkonca XX veka v poiskahmetoda //Odissej. Chelovek v istorii.-Moskva: Soda, -368s. [Guryevich A. Ya. Historian of the late twentieth century in search of a method. // Odissey. Man in history. – Moscow: Soda, -368 p.]
- Karr Je. (1988). Chtotakoeistorija?. – Moskva. [KarrJe. Whatisthetr history? – Moscow]
- Kodar A. (2008). Zhizn' i tvorchestvo Mustafy Chokaja: neobhodimost' pereinterpretacii. (s. 36-37) // XX gasyrdyn birinshi zhartsyndagy kazak ziyalylary zhane ulttyq memlekettilik: muragattar, keleli maseleler, keleshegi. Respublikalykgylymi-tazhiribelikkonferenciymaterialdary –Almaty. [Life and creativity MustafyChokay: The overpricing of the unobtrusive(p. 36-37) //Kazakh intelligentsia and national statehood in the first half of the twentieth century: archives, problems, prospects. Materials of the republican scientific-practical conference. -Almaty]
- Konyratbaev O. (1994). Turar Ryskulovtyn kogamdyk-sayasi zhane memlekettik kyzmeti. (Turkistan kezeni). -Almaty: Kazakistan, -447 b. [ Public-political and public service of TurarRyskulov (Turkestan period), -Almaty: Kazakhstan, -447 p.]
- Kozybaev M. (1998). Tarih zerdesi. – Almaty: «Gylym» [History Intelligence. -Almaty: «Science»]
- Kishibekov D. (2002). Tarih uiredi, tarbieleidi. //Aqiqat, №11 -73-77 b. [History teaches, educates. // Truth, №11 -73-77 p.]
- Lenin V.I. (1973) Polnoe sobranie sochineniya. izd. 5-e. -Moskva: Politizdat, T. 20. -532 s. [Lenin V.I. Complete Works. Edition 5th. -Moscow: Politizdat..T. 20. -532 p.]
- Nazarbaev N.A. (2018) Uly Dalanynjetyqyry. / «Egemen Qazaqstan». 21 qarawa [N.Nazarbayev.Seven facets of the great steppe.«Sovereign Kazakhstan» 21 November 2018 j.]
- Nazarbayev N.A. Tarih tolqynynda. – Almaty, «Atamura». 1999. 296 b. [Nazarbayev N.A. In the stream of history. – Almaty, «Atamura». 1999. 296 p.]
- Politicheskiye repressii v Kazakhstane 1937-1938 gg. -Almaty: «Kazakistan». 1998. – 336 s. [Political Repressions in Kazakhstan 1937-1938 – Almaty: «Kazakhstan». 1998. – 336 h.]
- Saduakasuly S. (2002). Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. 1 tom. Tanymdyq zertteuler, makalalar. –Almaty: Alash. -352 b. [Collection of two volumes. Volume 1. Cognitive research, articles. – Almaty: Alash. – 352 p.]
- Shokai M. (2007). Tandamalyshygarmalar.Yshtomdyk.1-tom. – Almaty: «Qainar», -384 b. [Shokay Mustafa. Soundboard compositions.Three volumes.Volume 1.Almaty: «Kaynar», -384 p.]
- Togzhanov G. (1932), O Baitursunov i baitursunovshhine. -Alma-Ata-Moskva. [Togzhanov G.Baytursynov and baytursynovshhine. -Alma-Ata – Moscow]
- Volkogonov D.A. (1990) Stalinizm: sushhnost', genezis, jevoljucija: doklad po sovokupnosti rabot na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk.-07.00.02. –Moskva, 47 s. [Volkogonov D.A. Stalinism: essence, genesis, revolution: report on the totality of works for the degree of Doctor of Historical Sciences. -07.00.02. – Moscow. 47 p.]

## Қартабаева Е.Т.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: erke\_66@mail.ru

### САҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ МӘСЕЛЕСІНЕ

Түркі халықтарының этномәдени дәстүрлерінің қалыптасуы ғылымдағы ең бір аз зерттелген тақырыптардың қатарына жатады. Соның ішінде, әлі күнге дейін шешімін таппай отырған мәселелердің бірі – сақтардың этникалық негізі, яғни шығу тегі мәселесі болып табылады. Орталық Еуразияның этникалық тарихын зерттеуші көпшілік ғалымдардың көрсетуі бойынша аймақтағы ең ерте, яғни қола дәуірінде өмір сүрген этникалық бірлестіктер үндіеуропалықтар болған. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер де Орталық Азияның ең ежелгі халқы – сақтардың үндіеуропалық тіл тобына жататындығын көрсетуде. Бұл мәселе арийлер мәселесімен тығыз байланысты болғандықтан біржолата тығырыққа тіреліп отыр. Ғылымда әлі күнге дейін үстем болып отырған еуропацентристік бағыт өкілдері арийлер тек еуропалық нәсіл болуы тиіс деп басы-бүтін шешіп қойғандықтан, ғылымдағы басқа көзқарастардың ешқайсысы мойындалмауда. Алайда, еуропацентризмнің ғылымдағы осы диктатына қарамастан соңғы жылдары түркітанушылар арасында, арийлер мәселесіне қатысты және сақтардың түркілік тегін негіздейтін зерттеулер пайда бола бастады.

Мақаланың мақсаты – сақтардың этникалық бірегейлігі мәселесінің зерттелуіне үлес қосу болып табылады. Зерттеу нәтижесінде антикалық деректердегі скифтер туралы және үнді-иран мәтіндеріндегі (Ригведа, Авеста) арийлер туралы мәліметтерді салыстыру негізінде, ежелгі сақтардың түркі халықтарымен бірегейлігін анықтауда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

**Түйін сөздер:** Еуразия, этникалық бірегейлік, арийлер, сақтар, түркілер.

Kartabayeva E.T.

Candidate of historical sciences, associate professor,  
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: erke\_66@mail.ru

### To the Problem of the Ethnic Identity of the Saks

The formation of the ethnocultural traditions of the Turkic peoples is one of the least studied topics in science. A controversial issue that is still hotly debated is the issue of the ethnicity of the Sakas. According to most scholars, the earliest ethnic groups living in Eurasia were Indo-Europeans. Modern linguistic studies also confirm the Sakas belonging to the Indo-European language family. Since this problem is related to the Aryan problem, the solution of this issue is completely deadlocked. The European centristists still dominant in world science once and for all decided that the Aryans should be a European race. For this reason, other views on this issue are not recognized. Nevertheless, in spite of such a dictate on the part of Eurocentrism, recently research has begun to appear in science, in which the Aryan problematics are examined in a new way and the Turkic roots of ancient Saks are based. In these works, the main attention is paid not to the linguistic side of the Aryan texts, but to the culture, economy and life of the Aryans described in the texts.

This article set a goal to contribute to the development of the problem of determining the ethnic identity of the ancient Saks. As a result of a comparative analysis of information from ancient sources about Scythians and Indo-Iranian texts (Rig Veda, Avesta) about the Aryans significant results were achieved in determining the belonging of the ancient Saks to the Turkic peoples.

**Key words:** Eurasia, ethnic identity, Arius, Saks, Turks.

Картабаева Е.Т.

кандидат исторических наук, доцент,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: erke\_66@mail.ru

### К проблеме этнической идентичности саков

Формирование этнокультурных традиций тюркских народов относится к числу наименее исследованных тем в науке. Спорной проблемой, по которой до сих пор ведутся горячие дискуссии, является проблема об этнической принадлежности саков. По мнению большинства ученых, самые ранние этнические объединения, проживавшие на территории Евразии, были индоевропейцы. Современные лингвистические исследования тоже подтверждают принадлежность саков к индоевропейской языковой семье. Так как данная проблема связана с арийской проблематикой, решение данного вопроса вовсе зашло в тупик. Господствующие до сих пор в мировой науке европоцентристы раз и навсегда решили, что арии должны быть европейской расой. По этой причине иные взгляды на эту проблему не признаются. Тем не менее, несмотря на такой диктат со стороны европоцентризма, в последнее время в науке стали появляться исследования, в которых по-новому рассматривается арийская проблематика и обосновываются тюркские корни древних саков. В этих работах главное внимание уделяется не лингвистической стороне арийских текстов, а культуре, хозяйству и быту арийцев, описанных в текстах.

В данной статье была поставлена цель вносить вклад в разработку проблемы определения этнической идентичности древних саков. В результате сравнительного анализа сведений античных источников о скифах и индо-иранских текстов (Ригведа, Авеста) об ариях были достигнуты значительные результаты по определению принадлежности древних саков к тюркским народам.

**Ключевые слова:** Евразия, этнические процессы, арий, саки, тюрки.

### Кіріспе

Ежелгі дәуірдегі түркі халықтарының, соның ішінде сақтардың этногенезін зерттеу тек академиялық мақсаттағы қызығушылықтан ғана туындап отырған жоқ. Бұл мәселенің өзіміздің, яғни түркі халықтарының бірінен саналатын – қазақ халқының шығу тегін, қалыптасу тарихын білу үшін – таза практикалық көкейкесті маңызы бар. Оның үстіне, түркі халықтарының өткен тарихын білмей, қазіргі күнгі көптеген мәселелерін түсіне алмайсың. Бұл мәселені зерттеу қазіргі таңдағы түркі мемлекеттері арасындағы мәдени-гуманитарлық интеграцияның жолдарын таңдауда, болашағын болжамдауда да маңызды болып табылады.

Түркі халықтарының этникалық тарихының кеңінен зерттелуіне ғылыми базасының әлсіздігі ғана емес, ең алдымен, бұл мәселеге еуропацентристік бағыттағы ғалымдардың, соның ішінде, әсіресе, иранист-ғалымдардың біржақты көзқарастан қайтпай отыруы кері әсерін тигізуде. Үндіеуропалықтардың тарихын зерттеушілер түркітанушыларға түркі халықтарының этногенезін, тарихы мен лингвистикасының басқа да мәселелерін зерттеуінде өз тәсілдерін таңып, мәселені жаңаша, жаңа методология тұрғысынан қарастыруға жол берер емес.

Орталық Еуразияның этникалық тарихын зерттеуші еуропацентристік ғалымдардың көрсетуі бойынша аймақтағы ең ерте, яғни қола

дәуірінде өмір сүрген этникалық бірлестіктер үндіеуропалықтар болған. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер де Орталық Азияның ең ежелгі халқы – сақтардың үндіеуропалық тіл тобына жататындығын көрсетуде. Тілші-иранистердің ықпалынан түркілердің этникалық мәселелерімен айналысушы Б.Н. Граков (Граков, 1971), М.Н. Артамонов (Артамонов, 1974), А.П. Смирнов (Смирнов, 1951) және т.б. археологтар да шыға алмай қалған тәрізді. Олар археологиялық мәліметтер негізінде андроновтықтардың, скифтер, сақтар, массагеттер, сарматтар мен аландардың ирандық халықтарға жатпайтындығын дәлелдеген болатын. Алайда лингвистер олардың ирантілді екенін қайта-қайта дәлелдеумен болғандықтан, аталмыш археологтар лингвистердің айтқанына лажсыз көніп отырған сыңайлы.

Бұл мәселе арийлер мәселесімен тығыз байланысты болғандықтан біржолата тығырыққа тіреліп отыр. Ғылымда әлі күнге дейін үстем болып отырған еуропацентристік бағыт өкілдері арийлер тек еуропалық нәсіл болуы тиіс деп басы-бүтін шешіп қойғандықтан, ғылымдағы басқа көзқарастардың ешқайсысы мойындалмай отыр.

### Материалдар және методология

Ежелгі сақтардың, яғни скифтердің этникалық негізін зерттеуде антикалық авторлардың, атап



айтқанда: Гекатей, Гесиод, Геродот, Страбон, Плиний, Птоломей және т.б. еңбектеріндегі түркі халықтары, соның ішінде скифтер туралы мәліметтеріне, сонымен бірге, үнділік Ригведа мен ирандық Авеста кітаптарының арийлер туралы мәліметтеріне талдау жасалды. Сондай-ақ мақалада мәселеге қатысты археологиялық зерттеулердің нәтижелері де кеңінен қолданысқа енді.

Мақалада түркі халықтарының этногенезін зерттеуде пәнаралық зерттеу тәсілі қолданылды, атап айтқанда, археологиялық зерттеу нәтижелері, лингвистердің көне мәтіндерді зерттеу қорытындылары пайдаланылды. Сондай-ақ салыстырмалы зерттеу тәсілі, атап айтқанда, антикалық авторлар деректері мен үнді-иран мәтіндерін (Ригведа, Авеста) салыстыру кеңінен қолданылды. Сонымен бірге тарихи зерттеудің объективтілік, ғылымилық, жүйелеу, анализ, синтез сияқты тәсілдері де қолданыс тапты.

*Скифтердің этникалық бірегейлігі жөнінде.* Скифтер әлемдік тарихта маңызды із қалдырған халықтардың бірі. Скифологияның іс жүзіндегі алғашқы өкілі Геродот болып табылады. Оның атақты «Тарихының» 4 кітабы толықтай скифтерге арналған. Геродоттың көрсетуі бойынша скифтердің Солтүстік Қара теңіз жағалауында пайда болуы б.з.д. IX ғасырда орын алды, осы кезде скифтер киммериялықтарды талқандап, олардың Солтүстік Қара теңіздегі территориясын жаулап алып, өздері мекендей бастады (Геродот, 1972).

Бұдан кейін скифтердің тарихи аренада көрінуі Ассирияның құлауы мен Мидияның көтерілуі дәуіріне сәйкес келеді. Мидиядағы «Тұран жазбалары» туралы XIX ғасырда аймақта зерттеулер жүргізген миссионер Эрик Нюстром хабарлайды (Nystrom, 1985). Көшпелі өмір салтына байланысты, скифтер адамзат тарихында алғаш болып Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушылар болды. Скифтер ежелгі дүниеде біртұтас мәдени, тіпті саяси да біртұтастықтың қалыптасуына ықпал етті (әлемнің әр түрлі түкпірлерінде мемлекеттер қалыптастыру арқылы да). Мысалы, Меотия теңізінің (Азов) батыс жағалауында мемлекеті болған «патшалық скифтер» (Геродоттың көрсетуі бойынша), оңтүстік Кавказда, қазіргі Әзербайжан территориясында да мемлекет қалыптастырды, ол тарихта Сакасена деген атаумен белгілі болды (Гасанов, 2002). Антика авторларының скиф патшалықтары туралы мәліметтерін археология материалдары да растайды.

Скифтердің түркі халықтарына жататындығы туралы қағиданы алғаш негіздеген академик Э.И. Эйхвальд болатын. Ол былай деп жазды: «Скифтерге көбіне әртүрлі түркі ұрпақтары жатқызыла беретін... Скифтер деп түркі тайпаларын атауы мүмкін екендігін дәлелдейтін көптеген айғақтар бар... Геродот Тюррагеттер мен Түріктер туралы айтады (кн. IV, 21)... Днестрдің жоғарғы ағысына Геродот аңшылықпен күнелтетін Түріктерді, Тирастар немесе Тюррастарды орналастырады. Днестрді түріктер әлі күнге дейін Тур деп атайды... Страбонда ур-ги атты тайпа кездеседі. Бұл көшірмешілердің қате жіберуінен болған қате жазу болуы мүмкін. Түркі сөзін урки, урги деп те қате жазған (Эйхвальд, 1838: 56-60, 63, 75-78; Eichwald, 1839). Ресей академигі А.Н. Аристов та осы пікірді қолдайды, ол былай деп көрсетеді: «Геродот және басқа да ежелгі авторлар жазып кеткен скифтердің бір бөлігі, қазіргі зерттеушілер айтып жүргендей түркі тайпаларына жатуы әбден мүмкін (Аристов, 2003: 400).

Эйхвальдтың, Аристовтың және басқа да XIX ғ. көптеген авторларының скифтердің тілі мен мәдениеті туралы пікірін бірқатар кейінгі зерттеушілер де жаңа фактілер негізінде қолдай түседі (Лаппо-Данилевский, 1887: 361; Ямпольский, 1966: 62-64; Мизиев, 1990: 55). Скифтердің арасында түркітілді тайпалар болғаны жөнінде Геродоттың «Тарихын» алғаш рет орыс тіліне аударған А.И. Лызлов (Лызлов, 1990) XVII ғ. екінші жартысында жазған болатын.

Бұл көзқарас, барлық бірдей ежелгі грек және рим авторларының скифтер мен сарматтарға берген атауларына, атап айтқанда, «жылқы етін жеушілер», «бие сауушылар, қымыз ішетіндер», «қымыздан ірімшік жасайтындар» және т.б. атауларына байланысты туындаған болуы керек (Латышев, 1890). Бұл скифтермен алғаш танысқан кезден-ақ, оларға ежелгі грек және латын дәстүрлері берген өзіндік бір этномәдени төлқұжат болды десек болады. Ежелгі үнді-еуропалықтардың ұрпақтарына, өздеріне мүлдем жат мәдениет элементтері бірден-ақ тайға таңба басқандай болып, ерекше көрінген болуы керек. Бұл мәдениеттің үндіеуропалықтарға жат болғаны соншалық, бірде-бір үндіеуропалық халық скиф мәдениетінің жоғарыда көрсетілген элементтерінің бірде-бірін қабылдап алған жоқ. Алайда, патшалық дәуірдегі Ресей тарихшыларының көпшілігі, бірқатар заманауи тарихшылар да, кезіндегі ғұндардың, хазарлардың, қыпшақтардың, моңғолдардың шапқыншылықтарын еске түсіруден қорқа ма екен, әйтеуір түркі

халықтарының тарихын біржақты жазудан әлі күнге бас тартар емес. Түркілерді барынша жасартып, Азия мен Еуропадағы ғұндар дәуірінен ғана бастауды, одан әрі асырмауды жөн көреді.

*Андронов мәдениеті және арийлер.* Еуропацентристік бағыттағы ғалымдар арийлер мәселесіне қатысты өз зерттеулерінде лингвистердің арийлік жазба мәтіндерді талдау қорытындыларын негізге алады. Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында Иран мен Үндістанды жаулап алған арийлердің жазба деректері, атап айтқанда үнділік Ригведа мен ирандық Авеста мәтіндерін лингвистикалық талдау алғаш рет XIX ғасырда жасалған болатын, талдаудың нәтижесінде бұл мәтіндердің тілі үндіеуропалық тіл тобына жатады деген қорытынды жасалды.

Оның үстіне, XX ғ. 60-ж. кеңес археологтары мен лингвистері арасында үндіирандықтардың б.з.д. II мыңж. екінші жартысында Еділден шығысқа қарай жатқан далалы аймақта мекен еткендігі және олардың Андронов мәдениетінің өкілдері болғандығы жөнінде гипотеза орнықты (Смирнов, Кузьмина, 1977; Дьяконов, 1956). Бұл гипотезаға сәйкес, бұған дейін Донның төменгі ағысында мекендеген Абашев және Палтавин мәдениеттерін ұстанушылар (Иванов, Топоров, 1960: 20-23) Еділ бассейніне келіп қоныстанып, жергілікті тайпалармен ассимиляцияға түседі (Братченко, 1969: 51-52), осының нәтижесінде Еділ мен оңтүстік-шығыс Оралға дейінгі аймақта жаңа археологиялық кешендер пайда болады, солардың бірі Андронов мәдениетінің Жаңақұмақ кешені болып табылады деген қорытынды жасалды. Осыған қарап К.Ф. Смирнов пен Е.Е. Кузьмин, Андронов мәдениеті батыстың ықпалымен қалыптасты деген қорытындыға келді (Смирнов, Кузьмина, 1977: 52). Андронов мәдениетін үндіирандық тайпалардың ұстанғаны жөнінде басқа да тарихшылар көрсетеді. Мұндай пікірді алғаш айтқан С.П. Толстов (Толстов, 1962: 59) болатын. А.Н. Бернштам да осы пікірді қолдай отырып, Үндістанды Андронов мәдениетін ұстанушы – арийлер жаулап алды деген қорытынды жасады (Бернштам, 1957: 19).

Археолог С.С. Черников Андронов мәдениетінің өкілдері әр түрлі тілдерде сөйлейтін әр түрлі этностарға жатуы мүмкін деген қорытындыны алғаш жасаған болатын (Черников, 1960: 112). Алайда оның көзқарасы еуропацентристік теорияны жақтаушыларға ұнамады, өйткені олардың нәсілшілдік теориясы бойынша үндіеуропалық тілдер жүйесіне кіретін

халықтар нәсілдік жағынан да, мәдени жағынан да біртұтас, яғни еуропалықтар болуға тиіс еді.

Еуропацентризмнің осындай үстемдігіне қарамастан ғылымда соңғы кезде там-тұмдап болса да сақтардың түркілік тегі туралы пікірлер айтыла бастады (А. Асқаров, О. Исмағұлов, М. Исхахов, З. Гасанов). Бұл тарихшылар арийлік мәтіндердің лингвистикалық жағына емес, мәтіндерде сипатталған арийлердің мәдениеті, шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігіне баса назар аударады. Мәтіндерге сенсек, арийлер малшылар болған, үндіиран құдайларына «кең байтақ жайылымдардың қожалары», «тамаша сәйгүліктер жіберушілер» деген эпитеттер таңылады; құдайларға жалбарынғанда олардан «көкорай жайылымдарды, жылқы мен бұқаларды көптеп беруін сұрайды»; құдайларға жылқыларды, бұқа мен қойларды құрбандыққа шалып отырған; құдайлар атты арбада суреттеледі; жасампаз-құдай Тваштар алғашқы арба жасаушы деп көрсетіледі.

Лингвист-зерттеушілердің бұл қорытындыларын Еуразия далаларында жүргізілген археологиялық зерттеулер де айғақтайды. Өкінішке орай, археологиялық зерттеулер андронов мәдениетінің тілі жөнінде еш мәлімет бере алмайды, ол тек бұл мәдениеттің шаруашылығы, тұрмысы туралы ғана айта алады. Археологтар арийлердің археологиялық белгілерін былай анықтады: 1) қайтыс болған арийліктің моласына, оның қоғамдағы орнына қарай биік қорған орнатылады; 2) арийліктің мәйіті қорғанның орталық бөлігінде жерлеу заттарымен және тиісті жауынгерлік сауыт-саймандарымен бірге орналасады; 3) арийліктің моласына оның өлтірілген жылқылары бірге көміледі; 4) молаға арийліктің әйелдерінің бірі өлтіріліп, қоса жерленеді, сонымен бірге алтын арба бірге көміледі. Арийліктерге тән дәл осы белгілер олардың андронов мәдениетін ұстанушыларға жататындығын көрсетеді.

*Ригведа мен Авеста мәтіндеріндегі арийлер туралы мәліметтер.* Ригведа мен Авестадан арийлердің географиялық орналасуы мен этникалық негіздері жөнінде құнды мәліметтер алуға болады. Арийлердің этномәдени бірлестігіне туыстас бірқатар тайпалық құрылымдар кірген, атап айтқанда: арийлер, тұрлар, дахтар, сайримдер және т.б. (Ancient Cities of the Indus. Edited by G.L. Possehl. New Delhi, 1979). Тек б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында Иранның әскери-саяси жағынан көтеріліп, әлемдік империяға айналуынан кейін ғана, Иран өзін Тұранға қарсы қоя бастады. Л.Н. Гумилевтің көрсетуі

бойынша: «Иран мен Тұранды туыстас арий тайпалары мекендеді. Олар нәсілі мен тілі бойынша емес, діні бойынша ажырады... Ежелгі құдайларына табынуын жалғастыра берген арийлер тұрандықтар, ал Зарастураны жақтағандар ирандықтарға айналды. Осылайша Иран мен Тұранға бөліну басталды» (Гумилев, 1993: 57-58).

Авеста мен Ригведа мәтіндерінде арийлердің бастапқы атамекені жөнінде де құнды мәліметтер кездеседі, атап айтқанда бұл жердің мал мен жайылымға бай, Даития маңында екендігі айтылады. «Ол жақта он ай қыс, екі ай жаз, бұл (қыс) айларда су суық, жер суық, өсімдіктер қыстың ортасында суық, ол жақ қыстың нағыз ортасы; қыс аяқтала бастағанда онда су көп болады» (Вендидад, 1 тарау) (История древнего Востока. Тексты и документы. 2002: 431]. С.П. Толстов Даития Амудария өзені болуы мүмкін деп қарастырды. А. Асқаров болса, ежелгі Хорезм қола дәуірінде «Арьянам Вайджидің» тек оңтүстік бөлігі болуы мүмкін деп есептейді (Асқаров, 2007: 192).

Археологиялық мәліметтерге қарағанда, «Арьянам Вайджа» территориясы орасан зор аймақты алып жатқан, ол Қара теңіздің солтүстік, солтүстік-шығыс жағалауларынан Байкал өзеніне дейін созылып жатқан. Авестаға сенсек, оның солтүстік шекарасы славян ормандарымен шектеседі, дәл осы жерде қыс он айға созылады. Археологиялық зерттеулер бойынша осы, мал шаруашылығына қолайлы далаларда б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысында көшпелі мал шаруашылығы негізінде жылқы шаруашылығы жолға қойылды. Ал жылқы шаруашылығы жайылымдық шаруашылықтан көшпелі мал шаруашылығына өтуде маңызды фактор болып табылады. Бұл жағдай қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірінде түбегейлі өзгерістерге алып келді. Нәтижеде мал шаруашылығымен айналысушы қауымдарда ірі жеке меншік пайда болды. Мал шаруашылығымен айналысушы қоғамда егіншілікке қарағанда мүліктік жіктеліс қарқындырақ жүретіні ғылымда белгілі жағдай. Интенсивті түрде дамып отырған көшпелі мал шаруашылығының қажеттіліктері үшін жайылымдарды үнемі кеңейту немесе жаңа жерлерді жаулап алып отыру талап етілді, мұның өзі қауым ішінде жауынгерлік жасақтың қалыптасуына алып келді. Қоғамның әлеуметтік өмірінде бұл салт атты жауынгерлер ерікті, тез қозғалысқа түсетін (мобилді) әскери топты құрды, олар ірі мал иелерінің тірегіне айналды. Авестада дәл осы салт аттылар және олардың

отбасы мүшелері «азаттар», яғни арийлер деп аталады. Сол кездегі қауымдық дәстүрге сәйкес, арийлердің жақындары мен тайпаластары да өздерін арийлерге жатқызды.

Сонымен, арийлердің бастапқы атамекені «арийлер жері» («Арьянам Вайджа») бұл мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы Ұлы дала, яғни Еуразия далалары болғаны анық. Мал шаруашылығы егіншілікке қарағанда рентабелді болғандықтан, тез баюға, мүліктік жіктеліске ықпал еткені жөнінде жоғарыда айтқан болатынбыз, яғни іс жүзінде ру-тайпалық қоғамнан алғашқы таптық қоғамға өту орын алды. Көшпелі мал шаруашылығының орнығуымен қауымдағы салт атты жауынгерлердің маңызы одан да бетер еселеп артып, кәсіби жауынгерлерді тәрбиелеу ең маңызды іске айналды. Даланың көшпелі тайпалары өз балаларын ерте жас-тан әскери іске баулып отырды. Дәстүрлерге адал болу рухында тәрбиелеу түркітілді тайпаларға ежелден тән болғаны белгілі. Жас түріктер үшін ержүректілік, қайсарлық өмірлік қағидаға айналды. Ру-тайпалық қатынастардан ертетаптық қатынастарға өту дәуірінде қалыптасқан осы жауынгерлік рух, соңғы нәтижеде, жаулаушылық соғыстар мал шаруашылығымен айналысушы тайпалардың баюының маңызды көзіне айналуына алып келді.

Дәл осы малшы тайпалардың салтатты жауынгерлері шынайы түрде еркіндікті сезінді, олар Құдайдан басқа ешкімнің алдында тәуелді болу дегенді білмеді, өздерін экономикалық жағынан да, саяси жағынан да ерікті «азат-арий» сезінді. Бірте-бірте жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір жас жауынгерді шынайы арий ретінде тәрбиелеуге саятын болды. Бұл дегеніміз, арийлер малшы тайпалар өміріндегі көшпелі кезеңмен байланысты қалыптасқан әлеуметтік құбылыс бола отырып, қоғамның ең белсенді, «зиялы» бөлігі, енді қалыптасып келе жатқан ертетаптық қоғамның ақсүйек тобын құрағанын көрсетеді (Асқаров, 2007; 193).

*Арийлердің түркітілділігі жөнінде.* Өзбек ғалымы, академик А. Асқаров арийлердің түркітілді болғандығы жөнінде ашық мәлімдеген алғашқы ғалым. А. Асқаров ұсынған концепция бойынша, «арийлер – бұл дала тұрғындарының ең бай, ақсүйек бөлігі, олар көшпелілердің әскери жоғарғы қабатын құрады. Ал этникалық жағынан олар ең ежелгі түркі тайпалары болып табылады» (Асқаров, 2001: 71).

Арийлерді түркілермен байланыстырған екінші тарихшы З. Гасанов болды. Ол өзінің «Патшалық скифтер» атты монографиясын-

да жүйелі түрдегі салыстырмалы-тарихи талдау негізінде скифтердің көне түркілермен бірегейлігі мәселесін зерттеген болатын. З. Гасанов «патшалық скифтер» мен түркілердің тілдерін салыстыра отырып, мынадай қорытындыға келді: бұл екі тіл генетикалық өте жақын, түркі тілдері «патшалық скифтер» тілінің жалғасы болып табылады. Скиф аффикстері көнетүркі аффикстерімен толық сәйкес келеді, скиф және түркі аффикстері түбірлік компонент статусына да, сондай-ақ сөзжасаушы құрылым статусына да ие. «Патшалық скифтер» тілі, түркі тілдері тәрізді агглютинативті болып табылады. Бұл екі тілдің түбірлік компоненттері көп жағдайда сәйкес келеді. «Патшалық скифтердің» мифологиялық терминдерін (21 термин) түркі тілдерінде толық түсіндіруге болады. «Патшалық скифтер» мен түркі тілдерінде сөз жасалу заңдылықтары бірдей. Скиф терминдері, скифтердің алғашқы аталарының есімдері, алғашқы скиф тайпаларының атаулары, скифтерге түскен тәңірі атрибуттары, сондай-ақ скиф құдайларының есімдері полисемантикалық болып келеді. «Скифтік сөзқұраушы модульдер» көнетүркі сөздерінің басым көпшілігінің негізін құрайды.

Сонымен, З. Гасанов өзінің монографиялық зерттеуі нәтижесінде мынадай қорытынды жасайды: «...иранистердің тәсілінен ерекше, түркілік атрибуттар негізінде жасалған бірегейлікті анықтау көптеген сәйкестіктерді көрсетеді... дәл осы Алтай дәстүрі скиф шежірелеріндегі сюжеттердің алтайлық ата-баба культімен, ал скиф теологиялық образдары тәңірішілдікпен сәйкес келетіндігін анықтауға мүмкіндік береді» (Гасанов, 2002: 17).

Ригведа мен Авеста сюжеттерінің скиф мифологиясымен үндестігі жөнінде атақты шығыстанушылар – үндітанушы Г.М. Бонгард-Левин мен ирантанушы Е.А. Грантовский бірлесіп жазған еңбегінде барынша дәлелді түрде көрсетеді (Бонгард-Левин, Грантовский, 1983: 23).

Алайда, еуропацентризмге негізделген кеңес ғылымында «Авеста» мен «Ригведа» тілдеріне қазіргі еуропа тілдерінің жақындығы негізінде Ұлы дала халықтарының да, Орта Азия халықтарының да үндірандық тіл тобына жататындығы туралы көзқарас қалыптасып қалған. Осының салдарынан үндіеуропалықтардың бастапқы атамекені Орал маңы жерлері, Орал жотасының оңтүстік-шығысы деп, ал арийлер тілінде сөйлеген халық дала тайпалары болды деген пікір орнықты.

Еуразия далаларының жергілікті халқының ирантілді болғандығы жөніндегі қағида далалы аймақта түркітілді тайпаларға ешқандай орын қалдырмайды. Сондықтан да түркітілді тайпалардың атамекені ежелгі дәуірде тек таулы Алтаймен ғана шектелді, ал Еуразияның басқа барлық аймақтарын ирантілді халықтар мекендеді деген жалған пікір пайда болды. Алайда, материалдық мәдениеті, антропологиялық келбеті бірегей болып келетін Ұлы дала тұрғындары тілдік жағынан қалайша мүлде бөлек болады. Сонда, тек таулы Алтай тұрғындары ғана түркі тілінде сөйлеп, ал оларды қоршап жатқан аймақтардың халқы ирантілді болғаны ма?

Бұл мәселені шешуде бізге түркі жазба ескерткіштерінің таралу географиясы көмекке келеді. Түркі руникалық ескерткіштерін алғаш болып зерттеген кеңестік түркітанушы ғалым Е.С. Малов былай деп жазған болатын: «Түркілер бастапқыда қай жерде: шығыста – Орталық немесе Орта Азияда, Сібірде немесе батыста – оңтүстік орыс далаларында немесе Волга-Орал бассейнінде пайда болды, қалыптасты, өмір сүрді дегенге жауап бере аламыз ба, білмеймін. Тек біздің заманымыздан бес ғасыр бұрын да, түркілер қазіргі тұрып жатқан жерлерінде және сол өмір салтымен (аз ғана өзгерістермен) тұрған» (Малов, 1952:136).

Тек түркітанушылар ғана емес, соғдытанушылардың ішінде де, соңғы кезде, Орталық Азияның түркі тайпалары Алтайдан келген келімсектер емес, олар Еуразияның кең байтақ далалы аймағының автохтонды халқы екенін мойындайтын ғалымдар шыға бастады. Осы орайда соғдытанушы М. Исхаковтың зерттеулері маңызды болып табылады. Ол көнетүркі жазба ескерткіштерінің таралу географиясы негізінде жасаған қорытындысы бойынша көнетүркі ескерткіштерінің көптеген жергілікті нұсқалары болғандығын айтады. Көнетүркі жазба ескерткіштері тек Орхон мен Енисейде ғана емес, сонымен бірге таулы Алтайда, Якутияда, Обь және Ертіс өзені бассейндерінде, Монғолиядан Жетісуға дейін, Қазақстан далаларында, Талас аңғарында, Ферғана алқабында, Қашқадария оазисінде, Еділ бойында, Дон өзені бассейнінде, Солтүстік Кавказда, Кубань бассейнінде, Қырымда, Молдовада, Венгрия мен Болгарияда таралған. Мұның өзі ежелгі дәуірде түркілердің тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси кеңістігі барынша кең ауқымды территорияны қамтығандығын көрсетеді. Ежелгі дәуір

мен орта ғасырларда түркі тілі тек таулы Алтайда, Сырдарияның орта және төменгі ағысында ғана емес, шығыста оның шекарасы Минусин ойпатына дейін тарады. Ежелгі дәуірде Ташкент оазисі, Қазақстанның бүкіл территориясы, Жетісу, Таулы Алтай, Оңтүстік Сібір және Шығыс Түркістан түркітілді халықтардың отаны болды.

Сонымен, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің қорытындылары түркі тайпалары ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Еуразияның бүкіл орталық бөлігінің – шығыста Якутиядан батыста Дунайға дейін, солтүстікте қыпшақ даласынан оңтүстік Тұранға дейінгі жерлердің автохтонды халқы болғанын көрсетіп берді (Isxarov, 2003: 7-12). Түркі мемлекеттілігінің қалыптасуында, әсіресе Қазақстан далалары, Төменгі Еділ бассейні, Оралдың оңтүстік-шығыс аймақтары, таулы Алтай, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір мен Монғолия далалары маңызды рөл атқарды. Бүкіл Еуразия кеңістігінде, соның ішінде Орта Азия жерінде де түркілер, бұрынырақ келіп қоныстанған жергілікті, түркі тайпаларына сүйене отырып өз билігін орнатты. Орта Азиядағы бұл полиэтникалық жағдай саяси үдерістерге кері ықпалын тигізе қойған жоқ (жалпы, ұлттар қалыптасқанға дейінгі кезеңдерде, яғни ежелгі дәуір мен орта ғасырларда этникалық ерекшелік қоғамдық-саяси дамуда маңызды рөл атқармаған тәрізді). Керісінше, автохтонды ирантілді халықтар – бактриялықтар, соғдылар, хорезмдіктер, Шаш пен ежелгі Ферғана тұрғындары түркі мемлекеттерінің қолдауына сүйене отырып, Ұлы Жібек жолы бойымен саудасын жүргізіп, халықаралық байланыстарын дамытып отырған. Соңғы нәтижеде түркі-соғды синтезінің негізінде жаңа этникалық бірліктер – өзбек және тәжік халықтары қалыптасты.

Өкінішке орай, тарих ғылымында түркі халықтары Орта Азияға қоныс аударушылар, жаулаушылар, тіпті басқыншылар ретінде келді деген пікір орныққан. Мұндай пікірдің ешқандай ғылыми негізі жоқ. Өйткені, Орта Азия территориясында ең ежелгі дәуірлерден бастап тек ирантілді халық емес, солармен бірге түркі халықтары қатар мекен етті. Бұл тарихи шындықты тек археологиялық материалдар ғана емес, ежелгі қытай деректері де растайды.

Орталық Азиядағы түркі этносының көне дәуірлерден мекен еткендігі жөнінде соңғы жылдары қытай және жапон ғалымдары да айта бастады, олар бірлесіп жазған 24 томдық Қытай тарихында ежелгі қытай деректеріндегі түркі атауы әр түрлі нұсқаларда б.з.д. 2205

жылдан бастап көрсетіле бастағаны жайында айтылады.

Еуразия далаларының этникалық құрамы жөніндегі мәселеге қайта оралатын болсақ, бұл кеңістікте түркілерден басқа этникалық қабаттар (славяндар) тек орыс патшасы Иван Грозный билігі тұсынан бастап қана бірте-бірте пайда бола бастайды (Бахрушин, 1927). Бұған дейін славяндар шығыста Орал жоталарына дейін, ал оңтүстікте Орал өзеніне дейін мекендеген (Греков, 1946). Орта ғасырларда славяндардың оңтүстікке шабуылымен Шығыс Еуропада түркі этносының тұтас тізбегінде біраз үзілген тұстар болғанына қарамастан, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда, солтүстік-батыс Каспийде, Қырымда, Молдовада қазірге дейін түркітілді халықтар тұрып жатыр. Болгарлар соңғы мыңжылдықта ғана, үстем тілдік ортаның ықпалымен славянтілді халыққа айналды. Осы орайда белгілі лингвист А.М. Щербактың «Дон бассейнінде, Новочеркасскіден Воронежге дейінгі жерлерден табылған түркі жазуының үлгілерін печенегтерге жатқызуға болады» деген қорытындысы аса маңызды (Щербак, 1971: 27-34).

Антропологиялық зерттеулерде де Еуразияның ежелгі дәуірдегі этникалық құрамы жөнінде маңызды қорытындылар жасалуда. Атап айтқанда, қазақтың белгілі антропология О. Исағұлов: «Ежелгі дәуірде Еуразияның этникалық және мәдени тарихында, осы аймақты мекендеген көптеген халықтардың физикалық тұрпатының бастауларында арий тайпалары тұрды, олар этнолингвистикалық жағынан, шынында да, көне түркі этносының негізін құрады» – деп көрсетеді (Исағұлов, 2007: 40).

### Қорытынды

Сонымен, зерттеу нәтижесінде, арийлер Еуразия далаларының малшы тайпалары тарихының көшпелі кезеңінде қалыптасқан әлеуметтік құбылыс болғанына көз жеткіздік, олар қалыптасып жатқан ертетаптық қоғамның аксүйек бөлігі болды. Арийлер, еуропацентристік ғылымда көрсетілетіндей ирантілді болмаған, ежелгі қытай деректерін салыстырмалы зерттеу қорытындылары арий тілі түркітілді этносқа жататындығын көрсетіп отыр. Ал енді арийлердің б.з.д. II мыңжылдықтың ортасынан бастап оңтүстікке миграциясын Орта Азияның археологиялық материалдары толық айғақтайды, шынында да Орта Азияда осы кезеңде түркітілді тайпалар кең таралған бола-

тын. Арийлердің қола дәуірінен басталған Орта Азияға жаппай миграциясы бұл жерде ерте орта ғасырларда түркі-соғдылық әлеуметтік және этномәдени кеңістіктің қалыптасуына алып келді, бұл кеңістікте түркітілді этникалық қабат бірте-бірте күшейе отырып, соңғы нәтижеде түркі тілі жеңіске жетті.

Арийлердің қиыр оңтүстікке, қазіргі Ауғанстан, Иран, Пәкістан және Солтүстік Үндістан жерлеріне енуі археологиялық материалдарда толық әрі нақты көрініс таппаған. Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында арийлердің белгілі бір бөлігі осы аймақтарға жеткен болуы керек, оны Ригведа мен Авеста мәтіндері айғақтайды. Алайда, Орта Азиядағыдай үлкен топтардың дүркін-дүркін миграциясы бұл аймақтарда бола қоймаған тәрізді. Осы себептерге байланысты, және жергілікті халықтан мәдени-экономикалық

дамуы жағынан төмен тұрған халық автотонды тұрғындардың тілін өзгерте алмады. Сөйтіп, бастапқыда, әлеуметтік атау ретінде қалыптасқан арий термині, кейінірек – арийлер жергілікті халықпен ассимиляцияға түскеннен кейін жаңа этникалық мазмұнға ие болды, үстем жергілікті тілдік ортаның ықпалымен арийлер бірте-бірте өздерінің ана тілін, яғни түркі тілін ұмытып, иранданып кетті.

Сонымен, Еуразия далаларының малшы тайпаларының ирантілді болғандығы жөніндегі гипотеза логикаға мүлде сай келмейтін, ғылыми негізі жоқ, еуропацентристік ғылымның нәсілшілдік теориясын негіздеу қажеттігінен туындағанын түсіну қиын емес. Ал, бұған қарама-қарсы, арийлердің түркітілді болуын айғақтайтын ғылыми мәліметтер жеткілікті екеніне зерттеу барысында көз жеткіздік.

#### Әдебиеттер

- Граков Б.Н. (1971). Скифы. Научно-популярный очерк. Москва. МГУ.
- Артамонов М.И. (1974). Киммерийцы и скифы. (От появления на исторической арене до IV в. до н. э.). Ленинград: Ленингр. ун-та.
- Смирнов А.П. (1951). Волжские булгары. Издание Государственного Исторического Музея. – Москва.
- Геродот (1972). История в девяти книгах. Перевод и примечания Г.А. Стратановского, под общей редакцией С.Л. Утченко. Редактор перевода Н. А. Мещерский. Ленинград: Наука.
- Eric Nystrom (1985). «Bible Dictionary», 1868. Collection of «World Christian Mission», edited by I. Svenson, Toronto.
- Эйхвальд Э.И. (1838). О древнейших обиталищах племен (славянских, турецких и монгольских) в Южной России по Геродоту. Библиотека для чтения. Санкт-Петербург. кн. 27, отд. 3.
- Eichwald Edward (1839). Alte Geography. Berlin.
- Гасанов З. (2002). Царские скифы. Этноязыковая идентификация царских скифов и древних огузов. Нью Йорк.
- Аристов Н.А. (2003). Труды по истории и этническому составу тюркских народов. Бишкек. // [https://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Aristov-Trudy\\_po\\_istorii\\_i\\_etnicheskomu\\_sostavu\\_tjurkskih\\_plemen.pdf](https://www.bulgari-istoria-2010.com/booksRu/Aristov-Trudy_po_istorii_i_etnicheskomu_sostavu_tjurkskih_plemen.pdf) (14.02.2019)
- Лаппо-Данилевский А.С. (1887). Обзорение скифских древностей. Петербург.
- Ямпольский З.И. (1966). Древняя Албания. (III-I вв. до н.э.). Тезисы. Баку.
- Мизиев И.М. (1990). История рядом. Нальчик.
- Лызлов А.И. (1990). Скифская история. Москва: Наука.
- Латышев В.В. (1890). Известия древних писателей, греческих и латинских, о Скифии и Кавказе. Т. 1: Греческие писатели. – Санкт-Петербург.
- Смирнов К.Ф., Кузьмина Е.Е. (1977). Происхождение индоиранцев в свете новейших археологических открытий. Москва.
- Дьяконов И.М. (1956). История Мидии. Москва-Ленинград.
- Иванов В.В., Топоров В.Н. (1960). Санскрит. Москва.
- Братченко С.Н. (1969). Периодизация памятников средней бронзы бассейна Нижнего Дона. Авт. Канд. Дисс. Киев.
- Толстов С.П. (1962). По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва.
- Бернштам А.Н. (1957). Спорные вопросы истории кочевых народов в древности. КСИЭ, XXVI. Москва.
- Черников С.С. (1960). Восточный Казахстан в эпоху бронзы. Москва-Ленинград.
- Ancient Cities of the Indus. (1979). Edited by G.L.Possehl. New Delhi.
- Гумилев Л.Н. (1993). Тысячелетие вокруг Каспия. Москва.
- История древнего Востока (2002). Тексты и документы. Москва.
- Аскарлов А. (2007). Арийская проблема: новые подходы и взгляды. Денежное обращение и торговля средневекового Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. Туркестан.
- Аскарлов А.А. (2001). Об исконной родине расселения древних тюрков // История материальной культуры Узбекистана (ИМКУ). Самарканд. Вып. 32.
- Бонгард-Левин Г.М., Грантовский Э.А. (1983) От скифии до Индии. Древние арии: мифы и история. Издание второе, исправленное и дополненное. Москва: Мысль.

- Малов Е.С. (1052). Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. Т. XI. Вып. 2.  
 Isxaqov M. (2003). Eski turk yazitlarin cograiası ve turk etnogenez surefarin.  
 Бахрушин С.В. (1927). Очерки по истории колонизации Сибири в XVI-XVII вв. Москва.  
 Греков Б. (1946). Роль славян в истории мировой культуры // Журнал «Славяне», № 1. – Москва.  
 Щербак А.М. (1971). О рунической письменности в Юго-Восточной Европе // Советская тюркология. № 4. Москва.  
 Исмагулов О. (2007). О начальном этапе истории тюрков Центральной Азии (взгляд антрополога). Орта ғасырлардағы Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Түркістан.

## References

- Ancient Cities of the Indus. (1979). Edited by G.L.Posehl. New delhi.  
 Aristov N.A. (2003). Trudy po istorii i etnicheskomu sostavu tyurkskih narodov [Works on the history and ethnic composition of the Turkic peoples]. Bishkek.  
 Artamonov M.I. (1974). Cimmeriizy I scify [Cimmerians and Scythians]: (From the appearance on the historical arena to the 4th century BC). Leningrad: Publishing House Leningrad. un-that.  
 Askarov A.A. (2007). Ariyskaya problema: novye podhody I vzglyady The Aryan Problem: New Approaches and Views. Money circulation and trade in medieval Kazakhstan. Materials of the international scientific-practical conference. Turkestan.  
 Askarov A.A. Ob iskonnoy rodine rasseleniya drevnih tyurkov [On the original homeland of the settlement of the ancient Turks]. History of the material culture of Uzbekistan. Samarkand. Issue 32.  
 Bahurshyn S.V. (1927). Ochetki po istorii kolonizatsiyi Sibiri v XVI-XVII vv. [Records on the history of the colonization of Siberia in the XVI-XVII centuries]. Moscow.  
 Bernshtam A.N. (1957). Spornye voprosy istorii kochevyh narodov v drevnosti [Controversial issues of the history of nomadic peoples in antiquity]. CSIE, XXVI. Moscow.  
 Bongard-Levin G.M., Grantovsky E.A. (1983). Ot scyfiı do Indii. Drevnie arii: mify I istoria [From Scythia to India. Ancient ariars: myths and history]. Second edition, revised and updated. Moscow: Thought. 208 p.  
 Bratchenko S.N. (1969). Periodizatsiya pamjatnikov sredney bronzy basseina Nizhnego Dona [Periodization of monuments of the Middle Bronze of the Lower Don Basin]. Auth. Cand. Diss. Kiev.  
 Chernikov S.S. (1960). Vostochny Turkestan v epohu bronzy [East Kazakhstan in the Bronze Age]. Moscow-Leningrad.  
 Crekov B. (1946). Rol slavyan v istorii mirovoy kultury [The role of the Slavs in the history of world culture]. Magazine «Slavs», № 1. Moscow.  
 Deaconov I.M. (1956). Istorıa Mydyı. [History of Mussels]. Moscow –Leningrad.  
 Eichwald E.I. (1838). O drevneishih obitalishah plemen (slavjanskih, turezkıh I mongolskih) v Jyzhnoi Rossii po Gerodotu [About the most ancient habitats of the tribes (Slavic, Turkish and Mongolian) in Southern Russia according to Herodotus]. Library to read. St. Petersburg. Prince 27, dep. 3.  
 Eichwald Edward (1839). Alte Geography. Berlin.  
 Eric Nystrom (1985). «Bible Dictionary», 1868. Collection of «World Christian Mission», edited by I. Svenson, Toronto.  
 Gasanov Z. (2002). Carskye skify. Etnoyazikovaya identifikatsiya I carskyh skifov I drevnyh oguzov [Royal Scythians. Ethno-linguistic identification of royal Scythians and ancient Oguzes]. New York. 480 p.  
 Grakov B.N. (1971). Scify. [Scythians. Popular science essay]. Moscow.  
 Gumilev L.N. (1993). Tysjachaletye vocrug Kaspya. The millennium around the Caspian. Moscow.  
 Herodotus (1972). Istorıa v devjati knigah [The story in nine books]. Translation and notes by G. A. Stratanovsky, edited by S. L. Utchenko. Translation Editor N. A. Meshchersky. Leningrad: Publishing House «Science».  
 I.Miziev (1990). Istorıa rjdom [The story is near]. Nalchik.  
 Ismagulov O. (2007). O nachalnom etape istorii tyurkov Centralmoi Azii (vzglyad antropologa) [On the initial stage of the history of the Türks of Central Asia (an anthropologist's view)]. Turkestan.  
 Isxaqov M. Eski turk yazitlarin cograiası ve turk etnogenez surefarin. 2003.  
 Isyoria drevnego Vostoka (2002). [History of the Ancient East]. Texts and documents. Moscow.  
 Ivanov V.V., Toporov V.N. (1960). Sanskrit. Moscow.  
 Lappo-Danilevsky A.S. (1887). Obozrenie scifskıh drevnostei [Review of Scythian antiquities]. Petersburg.  
 Latyshev V.V. (1890). Proceedings of the ancient writers, Greek and Latin, about Scythia and the Caucasus. T. 1: Greek writers. St. Petersburg.  
 Lyzlov A.I. (1990). Scifskaja istoria [Scythian history]. Moscow: Science. 519 p.  
 Malov E.S. (1952). Drevnie i Novye tyurkskie yaziki [Ancient and new Turkic languages]. News of the USSR Academy of Sciences. Department of literature and language. T. XI. Issue 2  
 Sherbak A.M. (1971). O ruchnicheskoy pismennosti v yugo-vostochnoy Evropy. [On the runic writing in south-eastern Europe]. Soviet Turkology. № 4. Moscow.  
 Smirnov A.P. (1951). Voljskie bulgary [Volga Bulgars]. Publication of the State Historical Museum. Moscow.  
 Smirnov K.F., Kuzmina E.E. (1977). Proishozhdenie indoiranzev v svete noveishih arheologicheskıh otkrytii [The origin of Indo-Iranians in the light of the latest archaeological discoveries]. Moscow.  
 Tolstov S.P. (1962). Po drevnim deltam Oxa I Jaksarta [According to the ancient delta of Oks and Yaksart]. Moscow.  
 Yampolsky Z.I. (1966). Drevnjı Albanya. (III-I vv. Do n.e.) [Ancient Albania. (III-I centuries BC.)]. Theses. Baku, 169.

**Махат Д.А.**

тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: danagul77@mail.ru

## **МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ**

Мақала «Ұлы дала тарихы мен мәдениеті (XIII-XVIII ғғ.)» мақсатты бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында орындалды. Ұлы дала тарихы мен мәдениетін кешенді қарастыру мақсатында қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған рухани мұрасы – мақал-мәтелдер жинақталып, талдау жасалып, зерттелді. Мақалада халықтың өзімен бірге жасап, екшеліп, бірден-бірге мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері тарихи дерек көз ретінде қарастырылған. Мақал мен мәтелдің шығу себебіне назар аударылып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, мәдениетіне қатысты айтылған сөздердің мағынасы ашылған. Қазақ мақал-мәтелдері өте көп және тақырыптары да әр алуан: отан, еңбек, шаруашылық, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, салт-дәстүр, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Мақал-мәтелді зерттеу барысында олардың бір-бірімен байланысы мен өзгешелігіне де мән берілді. Сонымен қатар, мақал мен мәтелдің ғасырлар бойы толығып немесе өзгеріске ұшырап отыратынына да назар аударылды. Жарияланған, сондай-ақ қолжазба қорлардан мақал-мәтелдер жинақталып, даналық сөздердің қалыптасуына белгілі бір тарихи кезеңдердегі түрлі оқиғалардың әсері анықталған.

**Түйін сөздер:** қазақ қоғамы, қазақ халқы, мақал-мәтел, тарихи дерек, тарих, шаруашылық, салт-дәстүр.

Makhat D.A.

Doctor of Historical Sciences, professor,  
L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: danagul77@mail.ru

### **Proverbs and Sayings – a Source of Data of the Kazakh History**

The article was written in the framework of the purposefully program-funded project « Ethnocultural structure of the traditional nomadic society (XIII-XVIII centuries)». In order to comprehensively examine the history and culture of the Great Steppe, the spiritual heritage of the Kazakh people, accumulated over the centuries, were collected, sorted, and examined – that is proverbs and sayings. In the article, proverbs and sayings are considered as historical sources of data that developed with the people, were selected by them and are their legacy. Also attention is paid to the reasons for the appearance of proverbs and sayings. The meaning of words spoken regarding the life, economy and culture of the people is revealed. There are many Kazakh proverbs and sayings and they have different themes: homeland, work, household, livestock, agriculture, health, traditions, courage, heroism, good and bad people, etc. During the research of proverbs and sayings, their relations with each other and their differences are paid attention to. In addition, attention is drawn to the fact that proverbs and sayings filled and changed for centuries. Proverbs and sayings were collected from published and handwritten sources, and the effects of various events of certain historical periods on the formation of words of wisdom were revealed.

**Key words:** Kazakh society, Kazakh people, proverbs and sayings, historical facts, history, economy, tradition.



Махат Д.А.

доктор исторических наук, профессор,  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: danagul77@mail.ru

### Пословицы и поговорки – источник казахской истории

Статья написана в рамках программно-целевого финансируемого проекта «Этнокультурная структура традиционного общества кочевников (XIII-XVIII вв.)». В целях комплексного рассмотрения истории и культуры Великой степи были собраны, анализированы и исследованы накапливавшееся веками духовное наследие казахского народа – пословицы и поговорки. В статье пословицы и поговорки рассматриваются в качестве исторических источников, которые развивались с народом, отбирались им и являются его наследием. Также внимание уделяется причинам появления пословиц и поговорок. Раскрыт смысл слов, сказанных относительно быта, хозяйства и культуры народа. Казахских пословиц и поговорок много и темы у них разные: родина, труд, хозяйство, животноводство, земледелие, здоровье, традиции, мужество, героизм, хороший и плохой человек и др. Во время исследований пословиц и поговорок было уделено внимание их связям между собой и их различиям. Помимо этого, внимание обращено на то, что пословицы и поговорки веками наполняются и изменяются. Были собраны пословицы и поговорки из опубликованных и рукописных источников, выявлено влияние различных событий определенных исторических периодов на формирование слов мудрости.

**Ключевые слова:** казахское общество, казахский народ, пословицы и поговорки, исторический источник, история, хозяйство, традиция.

#### Кіріспе

Қандайда бір халық бір жерде ұзақ уақыт өмір сүрсе, сол жердің географиялық ерекшелігі, сол халықтың тарихи-табиғи ортаға бейімделуі, мәдениеті, тарихы оның лексикасынан, сөздік қорынан көрініс табады. Біздің қазақ халқы – көлем жағынан қысқа, мазмұн жағынан терең, көңілге қонымды мақал мен мәтелге бай халық. Қазақтың мақал-мәтелдері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері қарай ел арасынан жиналып, басылып келеді. Қазақ мақалдарын алғаш рет Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М.-Ж. Көпеев және орыс ғалымдары А.А. Васильев, Ф. Плотников, П.А. Мелиоранский, В.В. Катаринский, В. Радлов және басқалар жинап, халық ауыз әдебиеті жәдігерлерімен бірге баспаға ұсынды. Мақал-мәтелдер қазақ тілінде 1914 жылы алғаш рет Қазан қаласында, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы А. Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Ө. Тұрманжанов) жарық көрді. Алайда, бұл жинақтардың бәрі үстем тап мүддесінен туған, халық тілегіне жат мақал-мәтелдер ретінде (Ақмұқанова, 1950: 12) идеялық мазмұны жағынан сынға алынды. Кітапқа «Қырағылық туралы», «Қоғамдық, таптық хал-жайлар» туралы мақалдар бөліп көрсетілді. 1950 жылы басылып шыққан жинақта (Құрастырған және сөзбасын жазған

Б. Ақмұқанова, редакциясын басқарған М. Ғабдуллин, С. Бегалин) мақал-мәтелдер сын көзімен қаралып, әрбір нұсқаның идеялық мазмұнына маңыз берілді. Ө. Тұрманжанов (1957 жылы), С. Нұрышев (1959 жылы), М. Әлімбаев (1967 жылы), Б. Адамбаев құрастырған және басқа да жинақтар жарық көрді. Алайда, халық мәдениетінің дамуына қосқан зор үлесі, тарихи орны бар қазақ халқы ауыз әдебиетінің мақал, мәтел, нақыл сөз, жұмбақ, өтірік өлең, жаңылтпаш сияқты күрделі жанрлары ғылыми тұрғыдан толық зерттеліп болмағаны мәлім.

«Мақал дегеніміз заманның сұқ қолында мәңгі-бақи жарқырайтын, бес сөзден құралған асыл жүзік» (Мақалнама, 1970: 3) деген екен ағылшын ақыны А. Теннисон. Әдебиетші ғалым С.Н. Нұрышев: «мақал-мәтелдерде замана шындықтарын танытарлық құдірет болуымен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көрінісі бар. Мақал қилы-қилы құбылыстардың мәнін тамаша дәл айтып беретін нақыл сөздер жанры» (Нұрұшов, 1959а: 7) деп жазады. Алайда, нақыл сөздердің мақал-мәтелдерден айырмасы бар. Ұзақ жылдар бойы қымбат қазынаны қазақ оқырмандарына таныстыру мақсатымен жинап-теріп, зерттеп, басқа тілдерде жазылған он мыңнан астам мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздерді ана тілімізге аударып, «666 мақал-мәтел», «Мақал сөздің мәйегі», «Ер айнасы – еңбегі» деген еңбектер жазып ұсынған белгілі қазақ ақыны М. Әлімбаевтың пайымдауынша:

«Нақыл сөз – ойланбаған оқыста, табан астында ауызша шығарылады» (Әлімбаев, 2000: 3) – дейді. Нақыл сөздердің көбіне белгілі өз авторлары болады. «Абай нақылы», «Бібырай өсиеті», «Махамбет айтыпты» деп халық аузында жүреді. Ел арасында Төле би айтқан әділ де тапқыр, кесімді де шешімді, ақыл-нақыл сөздердің бірінде былай делінеді:

Тамам жарлы жиылып,  
Қонған жері кең болмас,  
Тамам сұлтан жиылып,  
Сөйлеген сөзі жөн болмас.  
Ұры-қары жиылып,  
Ұйытқылы ел болмас,  
Жаманды қанша мактасаң,  
Жайды білер ер болмас...  
(Төрекұлұлы, 1995: 76)

Мақал-мәтел, ақыл-нақыл сияқты аталы сөздердің пайда болу тарихын, қай кезде, неге байланысты тұңғыш кім айтқанын білу қиын. Дегенмен, кейбір мақал-мәтелдердің шығу тарихы жайлы аңыздар да жоқ емес. Мысалы, «Баяғыда бір даңқы елге жайылған хан елі-жұртын жиып алып, үкім шығарып, бұйрық беріпті. Барлығың тегіс бір-бір жаңа мақал не мәтел сөз тауып келесіңдер!» – деп. Сонда бір қарапайым кедей мақал таба алмапты. Хан үкімінен қорыққан халық бір-бір мақалдан тауып айтып беріпті. Бірде-бір мақал таба алмаған кедейді «хан жарлығын орындамадың» деп, жазаға бұйырыпты. «Жұрттың барлығы мақал-мәтел тапқанда, сен неге таппадың?» – депті. Кедейдің есіне ешқандай мақал-мәтел түспепті. «Мақал-мәтел тауып айта алмаған сорлы кедейді суға батырып, тұншықтырып өлтіріңдер!» – деп жендеттеріне бұйырыпты. Хан уәзірлерінің бірі кедейді суға батырып өлтіру үшін дайындық жасап жатқанда, әлгі кедей қорқып, дірілдеп тұрып: «Көп қорқытады, терең батырады» деген осы екен ғой», – депті. Сонда уәзір: «Мынау сорлы кедей қорыққаннан жаңа мақал айтып жіберді, енді мұны өлім жазасынан құтқару керек» (Ақылдың көзі, 1990: 5) – деп босатқан екен. Осылай қорыққан кедей бір жаңа мақалды тосыннан тауып айтып, өлімнен құтылған.

Қазақта «Елді ала тайдай бүлдірдің» деген қанатты сөздің шығуы туралы Ш. Уәлиханов былай деп баяндайды: «Ертеректе, Жоңғар шабуылы кезінде бір күні кешкісін байлаудан босанып кеткен ала тай ауылды айнала шабады. Үрейленіп отырған ауыл адамдары сырттағы

дүбірді естіп, жау келіп қалды деп жөнкіле жөнеледі. Кейін байқаса, шапқан жау жоқ. Елді дүрліктіріп жүрген ала тай болып шығады. Содан былай қарай жұрт: елді шетінен үркітіп, үрей тудыратын біреулерді көрсе оған: «Елді ала тайдай бүлдірдің дейді» (Төрекұлұлы, 1977: 6). Сондай-ақ, XI ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридің «Диуан Лұғат-ат-Түрік» еңбегіндегі, қазіргі күні айтылып жүрген «Құрғақ қасық ауыз жыртар» деген мақал айтылады, кей жағдайларда елеулі тарихи оқиғаның іздері сақталып қалады. Мысалы: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау», «Қазақ қайыңды сауды, қырғыз гисарға ауды», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес», «Сен қалмақтың: «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғысына ұшыраған шығарсың және т.б. (Нұрұшов, 1959б: 9). Ал, XX ғасырда шығып, ел аузында жүрген нақыл сөздердің туу тарихы баяндалған М. Әлімбаев жазған «Нақылдың төркіннамасы» атты кітап бар (Әлімбаев, 1996: 224).

Қазақтың даналық сөздерін зерттеген Балтабай Адамбаев: «Халық шығармасының басқа түрлері сияқты мақал мен мәтелдерді де әуел баста жеке адамдар шығарды, оны біреуден біреу естіп, жаттап айта жүреді, өндейді, өзгертеді, сөйтіп олар бірте-бірте жалпы халықтық мұраға айналады» – дейді. Демек, мақал-мәтел белгілі бір халықтың өмірден көрген-білгенінен жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні (Адамбаев, 1976: 6). Мақал-мәтел, ақыл-нақыл, аталы сөздердің адам баласының бар өмірінде, бүкіл тұрмыс-тіршілігінде араласпайтын саласы жоқ. Мақал-мәтелдерден халықтың әдет-ғұрпы, шаруашылығы, кәсібі, мәдени дәрежесі, халықтың тарихы, өсу жолдары көрінеді. Қазақ қоғамындағы адамдар арасындағы қарым-қатынас, басқару, аталар даналығы мен білімін меңгеру, оны өмірде қолдана білу арқылы шыңдалып, қоғамдық-саяси, экономикалық дамуға байланысты өзгерістерге ұшырап отырды. Халық даналығы – біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз. Онда халқымыздың ежелгі ерлігі мен еңбегі, ақылы мен арманы, тұрмысы мен салты бейнеленген (Ел аузынан, 1985: 12). Бір мақалада оның барлығына талдау жасау мүмкін емес, сондықтан мазмұн жағынан алуан түрлі (бір мақалдың екі-үш тақырыпты қамтып жататыны да кездеседі) мақал-мәтелдерден қазақтардың шаруашылығы мен салт-дәстүріне қатыстыларын іріктеп, талдаулар мен дәйектемелер беріп отырмыз.

## Мәселенің әдістемесі

Зерттеудің методологиясы. Бұрын мақал-мәтелдерді зерттеу әдебиетші мамандардың еншісінде болып келсе, ХХІ ғасырдағы жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тарихшы мамандар ауызша деректерге, оның ішінде ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты мақал-мәтелдерге назар аударып бастады. Мақал-мәтелдерге танымдық тұрғыдан қарау, басқа да деректермен салыстыра зерттеп, тұжырымдар жасау дәуір, кезең, қоғам тынысын, халықтың шаруашылығы мен мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерді зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, топтау, текстологиялық талдау, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Мақал-мәтел, нақыл сөздерді зерттейтін паремология ғылымының принциптері де негізге алынды (Алефиренко, 2018: 344; Ошева, 2013: 75-88; Пермяков, 1988: 240). Мақаланы жазу – жалпы ғылыми тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы талдауға негізделді.

## Негізгі бөлім

В. Радлов: «Қазақтар суырып салып айтуға ұста, тамаша шешендігімен ерекшеленеді» (Ел қазынасы – ескі сөз, 1994: 8) деп жазады, қазақ халқының ақыл-ойы мен рухани дүниесін көрсететін сөз өнері туралы. Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр (Билер сөзі, 1992: 3). Қазақ халқының ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі – мақал-мәтелдер. Ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келе жатқан еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршіліктің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері, 1959: 3). Қазақ мақал-мәтелдері халықтың тіршілігімен, тұрмыс-салтымен тығыз байланыста айтылып, одан тарихы, басып өткен шаруашылық, қоғамдық сатыларының ізі байқалады. Мысалы: «Аталы ұл – қожалы құл», «Баталы құлға бақ қонар», «Жібекті сақтай алмасаң жүн болады, қызды асырай алмасаң күн болады» деген мақалда «құл», «күн» деген сөз өткен замандағы әлеуметтік топты, «У ішсең

руыңмен», «Өзіңе өтірік айтпа, жатқа шыныңды айтпа», «Атасы басқамен аң аулама, атар да, жанына байлар» деген мақалдардағы «ру», «өзіңе», «жатқа», «атасы басқа» деген сөздер рулық байланыстарды жалпылап, қорытып барып мақалға айналғанын көреміз. «Өзі болған жігіттің ата-тегін сұрама», «Байдың ісі байлығымен бітеді, кедейдің ісі табан ет маңдай терімен бітеді», «Ақша жүрген жерде, арамдық жүреді», «Саудада достық жоқ», «Бір теңге бие болмас, мың теңге түйе болмас», «Мың теңгелік қамшыдан, бір теңгелік пайда жоқ» деген мақалдарда капиталистік қатынастар ене бастауымен, рулық әдет-ғұрыптардың ыдырап, халық ішінде рудың, ру басының қадірі түсіп, адамның жеке басын бағалау орын ала бастағаны, «Халық айтса қалп айтпас», «Көп – әулие, көл – дария», «Көп түкірсе көл» және т.б. мақал-мәтелден қоғамдағы халықтың рөлі байқалады. «Мың теңгелік қамшыдан, бір теңгелік пайда жоқ» деген соңғы мақалдағы қазақтың тұрмысында ежелден қолданылатын «қамшының» бағасы ақшаға кесіліп отырғандығы да назар аудартады. Қамшыны қазақтар негізінен өздері жасап алады. Ал, жақсы қамшыны өріп әкеліп сыйлыққа тартатын, тапсырыс бойынша өріп бір қой немесе бір тай деп бағалайтын шеберлер де болған. Қазақ ішінде ол дағдыға айналған. Ал, қамшыны ақшаға балау, тауар-ақша қатынастарының қазақ даласына енгенін айғақтайды. ХХ ғасырдағы әкімшіл-әміршіл жүйенің келбетін ашатын мақал-мәтелдер де жетерлік. Мәселен: «Сақтықта қорлық жоқ», «Алдына бір қарасаң, артыңа бес қара», «Сол көзіне, оң көзің қарауыл болсын», «Саяқ жүрсең, сақтан» немесе «Кезенген жаудың кезінен сақтан, сойқандының сөзінен сақтан», «Аузы күйген үріп ішер», «Сауысқаннан сақ бол», «Бәледен машайық қашқан», «Жыланның өзі өлсе де, құйрығы өлмейді», «Ордалы жыланмен ойнама», «Қойға шапқан батырың батыр көрсе, қой болар» (И. Сталин 1942 жылы 1 мамырдағы бұйрығында неміс әскерлері туралы айтқаны. Сталин И. Советтер одағының Ұлы Отан соғысы туралы. – Алматы, 1945, – Б. 56), «Қасқырды сұрлығы үшін емес, қой жегендігі үшін ұрады» (И. Сталиннің 1944 жылы 6 қарашада жасаған баяндамасында, кеңес адамдарының неміс басқыншыларын жексұрын көруі олардың басқа ұлт болғандығынан емес, олардың бостандық сүйгіш барлық халықтарды азапқа ұшыратқандығы туралы кекетіп айтқан сөзі (Сталин, 1945:163) және т.б. Қазіргі тәуелсіздік кезеңінде ел аузында: «Азат елдің аспаны ашық», «Тәуелсіз елдің тұғыры биік» не-

месе «Егемен елдің еңсесі биік», «Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман», «Тәуелсіз елдің туы асқақ», «Тәуелсіздік – тарих тұлпарының қос тізгіні» және т.б. мақал-мәтелдер айтылып жүр.

Қазақтардың көрші елдермен қарым-қатынасын, олар жөніндегі түсінігін: «Қазақтың айраны көп, орыстың мейрамы көп», «Өзбектің кигенін ал, қазақтың мінгенін ал», «Орыс бар жерде қоныс бар», «Қазақ қартайса түйе бағады, қарақалпақ қартайса, томар қазады» және т.б. мақалдардан аңдауға болады.

Қазақ халқының ежелден ел ішіне тараған: «әдет-ғұрып», «ата-баба салты», «жөн-жоба», «жол-жора», «ескі әдет» деген сияқты терминдік сөз тіркесі ой-санамыздан орын алған. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қазақ мемлекетінің қалыптасуынан бұрын, адам баласы жаратылған кезеңнен, өмірге келіп, қалыптаса бастады. Көшпелі қазақ қоғамының тұрмысы, құбылыспен оқиға, талас-тартыспен дау-дамай, мақсат-мұраттар халықтың дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құрған бірқатар мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерде, салт жырларында (бесік жыры, бет ашар, қоштасу, естірту, жоқтау), жұмбақ, жаңылпаштарында көрініс тапқан.

Қоғам өмірінің негізі – еңбек. Мысалы: «Еңбек етсең емерсің», «Еңбектің түбі рахат», «Бейнетсіз тапқан малдың рахаты жоқ», «Малды тапқан бақсын, отынды шапқан жақсын», «Ер тарықпай олжа таппас», «Талапты ерге нұр жауар», «Ерінбеген мұратқа жетеді» т.б. мақалдардан адам өзінің маңайындағы жанды-жансыз дүниені әрекет, еңбек арқылы танитындығын көреміз. «Аттың жалында, атанның қомында» жүрген қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке байлаулы, бауыр еті баласын «құлыным», «ботам», «қозым» деп еркелетіп, малын – жанының садағасы, жанын – арының садағасы санаған. Малды қадір тұтып, мал жайында көптеген мақал-мәтел қалдырған. «Жер анасы – мал баласы», «Жері байдың – елі бай», «Таяқ тайға жеткізеді, тай атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді», «Жабағы – тай деп қорлама, жазға шықса ат болар», «Таңдағы піскен құйрықтан, әзіргі шикі өкпе артық», «Ат қадірін білмесең, жаяулық берсін жазанды, ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазанды» деген мақалдардың бәрі де мал өсіріп, күнін көрген қазақтардың көшпелі тұрмыс жағдайына сәйкес, тұрмыс-тіршілігімен байланысты шықса керек.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері көбіне өзіне жақын, өз қажетін өтеуге жәрдемі тиетін үй хайуандары, малдардан басталады. Мәселен:

«Түйе – байлық, қой – мырзалық, ешкі – жеңілдік, жылқы – сәндік, сиыр ақтық», «Малы бардың – жаны бар», «Малды жаман баққан, келген бақты қаққан», «Қойды жел ұшырса, ешкіні аспанда көр», «Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман», «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде», «Ат баспаймын деген жерін үш басар, ер көрмеймін деген жерін үш көрер», «Қойшы көп болса, қой арам өлер», «Астауына қарай қауғасы», «Арық атқа қамшы ауыр, жыртық үйге тамшы ауыр» және басқа да мақал-мәтелдер қазақ халқының көшпелі тұрмыс жағдайына сәйкес айтылған. Әсіресе, төрт түлік мал туралы мақал-мәтел қазақтар арасында өте көп.

Мал шаруашылығымен айналысқан халық енді бір жағынан жер өңдеп, егіншілікпен шұғылданған. Халық диқаншылыққа қатысты мақал-мәтелдерін бастапқыда өздеріне бұрыннан таныс мал шаруашылығымен байланыстырған, мысалы: «Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер», «Қыс азығын жаз жина», «Жердің сәні егін», «Шоттың басын бассаң, сабы өзіңе тиер» (Нұрұшов, 1959в: 73). «Шот» көшпелі елде ағаш ұстасының көп қолданатын аспабы, түрі кетпенге ұқсас. Ал, диқаншылықты игере келе, оның сыр-сипатын ашып білген соң, диқаншылықты малға теңемей, оның өзіндік өзгешелігін басқа нәрселерге балау арқылы жеткізген. Мысалы: «Не ексең соны орасың», «Берсең аларсың, ексең оарарсың», «Егінші жауында тынар, балықшы дауылда тынар», «Шегірткеден қорыққан егін екпес», «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен», «Кімнің тарысы піссе соның тауығы» деген астарлы мағынада айтылған мақалдардан халықтың жер өңдеумен, егіншілікпен айналысқандығын анық байқаймыз.

Диханшы жерін мақтайды,  
Балықшы көлін мақтайды.  
Кәсіпқор кенін мақтайды.

Балық жеген тоқ болар,  
Дәрмені жоқ болар,

Су басынан тұниды,  
Балық басынан шіриді, –

деген мақалдардан қазақ халқында балықшылық пен кен өндіру, «Қаршыға қазан толтырар», «Ит алғыры аң өлтірер», «Бүркіт қартайса тышқан аулар» және т.б. мақалдардан аңшылық кәсібі болғаны көрінеді. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін зерттеу барысында байқағанымыз,

мұнай өндіру немесе ара өсіріп бал алу жайында мақал-мәтел кездеспеді. Алайда, орыс халқының «Бір қасық мұнай бір бөшке балды бұзады» деген мақалындағы ой, мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар арасында «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп айтылған.

«Шам жарығы түбіне түспес», «Қару алсаң балта ал, азық алсаң малта ал», «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», «Ат атаның сай болса, қашсаң жаудан кетерсің, кетпеншотың сай болса, қазсаң суға жетерсің», «Шоттың басын бассаң, сабы өзіңе тиер», «Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарама» деген сияқты үй тұрмысында қолданылатын заттар кірген мақалдар да баршылық. Ал, «Қатты болсаң шойындай болма, темірдей бол», «Ұста балтаға (не пышаққа) жарымас», «Ұялмаған әнші болар, ерінбеген етікші болар», «Жөке қайыс болмас, қанша созып майлаумен, сағыз қарын тойдырмас, дамыл алмай шайнаумен», «Тез қасында қисық ағаш жатпас», «Зер қадірін зергер білер», «Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды» деген қолөнермен, оның жасап шығарған заттарымен байланысты мақалдар кездеседі.

«Аюдан қорыққан орманға бармас», «Заманың түлкі болса, тазы боп шал», «Заманына қарай күлкісі, тауына қарай түлкісі», «Балапан басына, тұрымтай тұсына», «Тырнадан жасауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес», «Құмырысқадай еңбекшіл», «Шегірткеден қорыққан егін екпес», «Қара құс басып жейді, сұңқар шашып жейді», «Қарға қаңқылдаса қысты шақырады, қаз қаңқылдаса жазды шақырады», «Бақа сисе, көлге сеп» және т.б. мақал-мәтелдерде хайуанаттар мен жәндіктер, ұшқан құс, жүгірген аң, қыбырлаған құрт-құмырысқа мен бақашаянға дейін қамтылған. Мақал-мәтелдерде жануарлардың әрқайсысының өзіне тән өмір сүру тәсілінен де мағұлмат беріп отырады. Мәселен, ерінбей еңбек ету керектігін айтқанда, шырылдауық шегірткені емес, құмырысқаны үлгі етіп, жәндіктер тіршілігін де үлгі, ғибрат етіп көрсетеді. Мақал-мәтелдер адамға сол жәндіктерді танытады, кейбіреуінің зиянды жағын, енді біреулерінің еңбек сүйгіштігін, ұйымшылдығын, өнегелі істерін баса айтады. Халық өзінің даму сатысында жердегі дүниені былай қойып, аспан әлемін де білуге ұмтыла бастағанын мақал-мәтелдер айқын дәлелдейді. Мысалы: «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей», «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке», «Жас ай тураған етпен тең», «Ай қораланса арбанды сайла, күн қораланса күрегінді сайла», «Үркер

жиылып ай болмас, кедей жиылып бай болмас», «Жыл деген ат басын бұрғанша, ай деген аунап тұрғанша» және т.б.

Оқу мен өнер-білімді барша жұрт, бар халық түгел игерсе дегенді көздеп, оны мақал-мәтел арқылы насихаттаған. «Оқу – инемен құдық қазғандай», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Өнерлінің ырысы – жарқырап жатар жолында», «Білекті адам бірді жығар, білімді адам мыңды жығар» және басқа да оқу, өнер-білім тақырыбына арналған мақал-мәтел өте көп. «Өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары бағалаған қазақ халқы, «Сыйларға асың болмаса, сипарға тілің болсын», «Абайламай сөйлеген ауырмай өледі», «Жақсы тауып сөйлер, жаман қауып сөйлер» деген мақал-мәтелдерде адамның жеке басының талантын, тапқырлығын, білімін, сөз өнерін білетіндігін немесе білмейтіндігін де көрсетеді. Соңғы мақалдағы «жақсы» мен «жаман» сөздері қазақта дәстүрлі ұғымға айналған. Мысалы: «Жаманның көрсеткенінен, жақсының айтқаны анық», «Жақсының өзі кетсе, сөзі қалар, жаманның өзі өлсе, несі қалар», «Өзім болып келдім деп тасып кетпе, жақсылардың алдынан кесіп өтпе», «Жаманның іске саны жоқ, талқанның асқа саны жоқ», «Жаманға сөзің өтпес, шабанға қамшың өтпес», «Жақсы болсаң жердей бол, баршаларды көтерген, таза болсаң судай бол, бәрін жуып кетірген» дейді. «Ар», «ұят», «ұждан» жайында: «Өлімнен ұят күшті», «Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер», ұрлық, сұғанақтық, сарандық, біреуді көре алмаушылық сияқты қоғамға жат қылықтарды тойтарып, «Ұры байымас, сұқ семірсес», «Ұрлықтың түбі қорлық», «Ұялмаған бұйырмаған астан ішер», «Берместің асы піспес, қазаны оттан түспес», «Саранның көзі тоймас», «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жарлының жалғыз атын сойғызар».

Қазақ халқында жұмбақпен айтылатын тапқырлық, шешендік сөздер де бар. Бір күні Нұралы хан Сырымға шабарман жіберіп: – Торы көп пе, төбел көп пе? Сырым осы екі түстің қайсысын қалайды екен? – деп сұрапты.

Сырым кідірместен:

– Торы тоқсан тоғыз, төбел бір. Торысы менікі, төбелі хандікі, (Әбжанов, 68: 29) – депті. Мұның мәнісі: халық аттың торысындай көп, ақ сүйектер аттың төбеліндей аз. Мен көппен біргемін, дегені екен. Мұнда өмір жолы да, сөз маржаны да, шешендік өнер де, тапқырлық та бар. Мұнан басқа да кең тараған шешендік сөздердегі ақыл-парасат, тапқырлық, терең логика адамды таң қалдырады.

## Қорытынды

Қорыта келгенде мақал мен мәтел – халықтың өзімен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан, қоғамның, жеке адам өмірінің барлық саласына қатысты айтылатын, тарих ғылымы үшін маңызды дерек. Мақал-мәтел халықтың өмірін, тұрмыс-салтын, тіршілік ету сипатын, ғасырлар бойғы кәсібін, өмір сүрген ортасын танытып қана қоймай, халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін, өсу, өркендеу деңгейін де көрсететін тарихи дерек көзі. Философия, психология, мәдениеттану және

басқа да ғылым салаларын байланыста зерттеген Густав Густавович Шпет: «Адамның, халықтың, топтың «рухани құрылымы» күнделікті өмірде басқа да нақты тарихи шындықпен үндесіп және басқа да факторлармен байланысып жатады» (Шпет, 1996: 143) – деп жазады, яғни жекелеген адамдардың тауып айтқан мақал-мәтел, ақыл-нақыл сөздерінде ру-тайпаның, ұлттың саяси, әлеуметтік, рухани-мәдени өмірі, психологиясы, тарихы көрініс береді. Сондықтан мақал-мәтелдерді, ақыл-нақыл сөздерді әр қырынан алып, жан-жақты зерттеген орынды.

## Әдебиеттер

- Адамбаев Б. (1976) Халық даналығы. Алматы: Мектеп.
- Ақмұқанова Б. (1950) Сөзбасы / Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы.
- Ақылдың көзі. (1990) Мақал-мәтелдер (Құраст. Қ. Саттаров). Алматы: Жазушы.
- Алефиренко Н.Ф. (2018) Фразеология и паремология / Н.Н. Семенов, Н.Ф. Алефиренко. 3-е изд., стер. Москва: ФЛИНТА.
- Әбжанов М. (1966) Қазақ халқының жұмбақтары. Алматы: Мектеп баспасы.
- Әлімбаев М. (2000) Нақылдар кітабы (Өрнекті ой-тоғамдар). Алматы: Атамұра.
- Әлімбаев М. (1996) Нақылдың төркіннамасы. Алматы.
- Билер сөзі. (1992). Алматы: Қазақ университеті.
- Ел аузынан (1985) Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы.
- Ел қазынасы – ескі сөз. (1994) (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Алматы: Ғылым.
- Қазақтың мақалдар мен мәтелдері. (1959). Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет Баспасы.
- Мақалнама (1970) (Әр елдің мақал-мәтелдерінен және ойшылдарының нақылдарынан). Аударған Әлімбаев Мұзафар. Алматы: Жазушы.
- Нұрұшов С.Н. (1959) Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет Баспасы».
- Пермяков Г.Л. (1988) Основы структурной паремологии / Г.Л. Пермяков. Москва: Наука.
- Төреқұлұлы Н. (1995) Қазақтың жүз шешені. Алматы: Алтын адам – «Әлім» шағын кәсіпорны.
- Төреқұлов Н. (1977) Қанатты сөздер. Алматы: Жазушы.
- Ошева Е. (2013) Паремологическое пространство: дискуссионные вопросы / Е. Ошева // Исследовательский журнал русского языка и литературы. № 1(1). С. 75-88.
- Шпет Г.Г. (1996) Введение в этническую психологию. Санкт-Петербург: Издательский дом «П.Э.Т. при участии издательства «Алетейя».

## References

- Adambayev B. (1976) Khalyk danalygy [Wisdom of the nation]. Almaty: Mektep.
- Akmukanova B. (1950) Sozbasy / Kazaktyн makal-matelderі [Proverbs and sayings of the Kazakhs]. Almaty: Kazaktyн memlekettik Korkem adebiet baspasy.
- Akyldyn kozi. (1990) Makal-matelder [The eye a clever one. Proverbs and sayings] (Kurast. K. Sattarov). Almaty: Zhazushy.
- Alefirenko N.F. (2018) Frazeologia i paremiologiya [Phraseology and paremiology] / N.N. Semenenko. N.F. Alefirenko. 3<sup>rd</sup> ed., ster. Moscow: FLINTA, 2018.
- Abzhanov M. (1966) Kazak khalkynyn zhumbaktary [Riddles of the Kazakh people]. Almaty: «Mektep» baspasy, 1966.
- Alimbai M. (2000) Nakyldar kitaby [Book of wisdom] (Ornekti oi-togamdar). Almaty: Atamura.
- Alimbai M. (1996) Nakyldyn torkinnamasy [Torkinnama of wisdom]. Almaty.
- Biler sozi (1992) [The word of knowing]. Almaty: Kazak universiteti.
- El auzynan (1985) Sheshendik sozder, akyn dyk tolgamdar, anyz angimeler [From the mouth of the people. Words of edification, poetic outlook, legends]. Almaty: Zhazushy.

El kazynasy – eski soz (1994)[The treasure of the people – the old word]. (V.V. Radlov zhinagan kazak folklorynyn ulgileri). Almaty: Gylym.

Kazaktyn makaldar men matelderi (1959) [Proverbs and sayings of the Kazakhs]. Almaty: «Kazaktyn Memlekettik korkem adebiet Baspasy», 1959.

Makalnama (1970) [Makalnama] (Ar eldin makal-matelderinen zhane oishyldarynyn nakyldarynan). Audargan Alimbayev Muzafar. Almaty: Zhazushy.

Nurushov S.N. (1959) Kazaktyn khalyk makaldarynyn damu tarikhynan [From the history of the development of Kazakh proverbs]. Almaty: «Kazakstan Memlekettik korkem adebiet Baspasy».

Permiakov G.L. (1988) Osnovy strukturnoy paremiologii [Basics of structural paremiology] / G.L. Permiakov. Moscow: Nauka.

Torekululy N. (1995) Kazaktyn zhuz shesheni [One hundred Kazakh speakers]. Almaty: Altyn adam – «Alim» shagyn kasisiporny.

Torekulov N. (1977) Kanatty sozder [Idioms]. Almaty: Zhazushy.

Osheva E. (2013) Paremiologicheskoe prostranstvo: diskussionnye voprosy [Paremiological space: discussion questions] / E. Osheva. Issledovatel'skiy zhurnal russkogo yazyka i literatury. № 1(1). P. 75-88.

Shpet G.G. (1996) Vvedenie v etnicheskuyu psikhologiyu [Introduction to ethnic psychology]. St. Petersburg: Izdatelskiy dom «P.E.T. pri uchastii izdatelstva «Aleteyya».

**Даркенов Қ.Ф.<sup>1</sup>, Нурсултанова Л.Н.<sup>2</sup>, Шадаева Ш.А.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>қауымдастырылған профессор, т.ғ.д., e-mail: k\_darkenov@mail.ru

<sup>2</sup>қауымдастырылған профессор, т.ғ.д., e-mail: 2012nura@bk.ru

<sup>3</sup>аға оқытушы, e-mail: shopik-8989@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

## **ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ТҮРКИЯНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ**

Мақалада қазіргі кезеңдегі Түркия мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық қатынастар қарастырылады. Түркия өз ықпалын тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияда да кеңейтіп жатқандығын атап өту керек. Түрік бизнесі Қазақстан экономикасының түрлі салаларында қатысады. Екі жақты қарым-қатынастар оң серпінге және стратегиялық көзқарасқа ие. Түркияның аймақтағы ықпалы динамикалық күйде арта бастады. Анкара Орталық Азия мемлекеттеріне Экономикалық Серіктестік ұйымына, «Ислам конференциясы» ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) мүше болып кіруіне ықпалын тигізіп, кейбір құжаттарды реттеу шараларын өзі атқарды. Түркия посткеңестік республикалар экономикасына инвестиция жасайды, түркиялық кәсіпкерлер бұл процестерге өздерінің үлестерін қосуда. Түркия әлемнің, Еуропа мен Азияның ең маңызды, бірақ сонымен бірге проблемалы өңірлерінің қиылысында орналасқан, ерекше белсенді және өршіл сыртқы саясатты жүзеге асырады. Түрік дипломатиясы аймақтағы ең жақын көршілерімен проблемаларды жоюға тырысады, оларды көп жақты диалог арқылы шешеді. Орталық Азиядағы Түркияның «жұмсақ күші» басымдықтарының қатарында білім және мәдениет саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруды бөліп көрсетуге болады. 1991 жылдан бастап түрік мемлекеті, жеке кәсіпкерлер және үкіметтік емес ұйымдар Орталық Азия елдерінде көптеген оқу орындарын ашты, түрік лидерлері «Үлкен студенттік жоба» жобасын жүзеге асыра бастады.

**Түйін сөздер:** Орталық Азия, Түркия, Қазақстан, экономикалық байланыстар, инвестициялар.

Darkenov K.G.<sup>1</sup>, Nursultanova L.N.<sup>2</sup>, Shadayeva SH.A.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Associated Professor, Doctor of Historical Sciences, e-mail: k\_darkenov@mail.ru

<sup>2</sup>Associated Professor, Doctor of Historical Sciences, e-mail: 2012nura@bk.ru

<sup>3</sup>Lecturer, e-mail: shopik-8989@mail.ru

L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

### **Modern Relations Between Central Asian Countries and Turkey**

In the article considered trade and economic relations between the countries of Central Asia and Turkey at the present stage. It should be noted that Turkey is expanding its presence not only in Kazakhstan, but also in Central Asia. Turkish business operates in various sectors of Kazakhstan's economy. Bilateral relations have positive dynamics and a strategic perspective. The Turkish presence in the region begins to grow rapidly. Ankara rendered assistance to Central Asian countries in joining the Economic Cooperation Organization (ECO), the Islamic Conference Organization and joining the Security and Cooperation Organizations in Europe (OSCE), partially taking upon itself even the execution of relevant documents. Turkey invests in the economy of the post-Soviet republics, Turkish entrepreneurs contribute to these processes. Turkey, located at the intersection of the most important, but at the same time problematic regions of the world, Europe and Asia, is implementing an unusually active and ambitious foreign policy. Turkish diplomacy seeks to nullify problems with its closest neighbors in the region, solving them through multilateral dialogue. Among the priorities of the «soft power» of Turkey in Central Asia one can single out the implementation of joint projects in the field of education and culture. Since 1991, the Turkish



state, private entrepreneurs and non-governmental organizations have opened many educational institutions in Central Asian countries, Turkish leaders have begun to implement the «Big Student Project».

**Key words:** Central Asia, Turkey, Kazakhstan, economic relations, investments.

Даркенов К.Г.<sup>1</sup>, Нурсултанова Л.Н.<sup>2</sup>, Шадаева Ш.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ассоциированный профессор, д.и.н., e-mail: k\_darkenov@mail.ru

<sup>2</sup>ассоциированный профессор, д.и.н., e-mail: 2012nura@bk.ru

<sup>3</sup>старший преподаватель, e-mail: shopik-8989@mail.ru

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Нур-Султан

### Современные отношения между странами Центральной Азии и Турцией

В статье рассматриваются торгово-экономические отношения между странами Центральной Азии и Турцией на современном этапе. Отметим, что Турция расширяет свое присутствие не только в Казахстане, но и в Центральной Азии. Турецкий бизнес работает в различных секторах казахстанской экономики. Двусторонние отношения имеют положительную динамику и стратегическую перспективу. Турецкое присутствие в регионе стало стремительно возрастать. Анкара оказала центральноазиатским странам содействие во вступлении в Организацию экономического сотрудничества (ОЭС), Организацию «Исламская конференция» и присоединении к Организаций безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ), частично взяв на себя даже оформление соответствующих документов. Турция инвестирует в экономику постсоветских республик, турецкие предприниматели вносят свой вклад в эти процессы. Турция, находящаяся в точке пересечения самых важных, но при этом проблемных регионов мира, Европы и Азии реализует необычайно активную и амбициозную внешнюю политику. Турецкая дипломатия стремится свести к нулю проблемы ближайшими соседями по региону, решая их путем многостороннего диалога. Среди приоритетов «мягкой силы» Турции в ЦА можно выделить реализацию совместных проектов в сфере образования и культуры. С1991 г. турецкое государство, частные предприниматели и негосударственные организации открыли множество учебных заведений в центральноазиатских странах, турецкие руководители начали осуществлять «Большой студенческий проект».

**Ключевые слова:** Центральная Азия, Турция, Казахстан, экономические связи, инвестиции.

### Кіріспе

Бізге мәлім болғандай, Түркия Орталық Азия мемлекеттерінің стратегиялық серіктестерінің бірі болып табылады. Анкара аймақ мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындаған алғаш мемлекеттерінің қатарында болды. Сол кезден бастап саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды Қазақстан, Түркменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен бірге бағдарламаларын жүзеге асыру қолға алынды.

Анкара болашақта аты аталған мемлекеттермен ислам дінін ұстану, зайырлы сипаттағы биліктегі бірегейлік және тарихи, тілдік түпнегізі бойынша бірлестікті нығайтуды көздейді.

Тарихи тұрғыдан Түркияны жақын аймақта орналасқан Орталық Азия, Кавказ, Каспий және Қаратеніз бассейндерін, Балқан, Шығыс Жерорта теңізі және Таяу Шығыспен Парсы шығанағынан Солтүстік Африкаға дейінгі аралық территориясы қызықтырады.

### Зерттеу әдістері

Ғылыми жұмыста тарихи әдіс, анализ, салыстыру тәсілдері қолданылды. Қазіргі таңда нарықтың негізгі мүшелері ретінде: қоғам, мемлекет, бизнес, экономика және оның инфрақұрылымы саналады. Осы бағытта Қазақстан және Түркия елдерінің арақатынасының орнауы және дамуына сараптама жасалды. Ғылыми жаңалық ретінде Қазақстан Республикасының президентінің Мұрағатындағы құжаттарды қолдана отырып, ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін қарастырудан тұрады.

Түркия мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынас проблемаларын зерттеуге кешенді көзқарас таңдау бұл қатынастардың жедел және практикалық құрамдас бөліктерін кеңейтетіндігімен түсіндіріледі.

Осы мақалада сауда-экономикалық қатынастардың жаңа аспектілерін анықтауға талпыныс жасалды.

## ОА және Түркия қатынастарының трансформациясы

Түркия Орталық Азия аймағындағы мемлекеттермен тарихи байланысқа ие. Посткеңестік алғашқы жылдары Түркия аймақтағы унитарлы мемлекеттер билігімен белсенді келіссөздер жүргізіп, өзін елеулі серіктес ретінде көрсетті. Анкара Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық мәдени салаларында мықты түрік базасын орната білді.

1993 жылы түрік ұлттық мұнай компаниясы (ТПАО) және «ҚазМұнайГаз» бірігіп, «ҚазТүркмұнай» бірлескен кәсіпорнын құрып, Батыс Қазақстандағы ірі мұнай кен-орындарында жұмыс жасауға құқық алды. 1990 жылдардың ортасында Қазақстан бағытындағы Түрік инвестициясы, Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) сауды және даму конференциясы бойынша, 213 млн. долл. құрады. Қазақстанда Түркия Америка Құрама Штаттары (АҚШ) мен Оңтүстік Кореядан кейінгі шетелдік инвесторлар ішінде үшінші орынды иеленді.

Түрік баспаларының мәліметі бойынша Түркия Түркменстанда ең ірі инвесторлардың бірі атанды. Түркия Түркменстан экономикасына 650 млн. долл. көлемінде инвестиция құйды. Орталық Азиядағы Түркияның жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 1990 жылдың ортасында 3,7 млрд. долл. құрады. Аймақ мемлекеттері 350 млн. долл. көлемінде Түркия экспорт-импорттық банкі бөлген қаражат көлеміндегі несие алды.

1998 жылдың қазанында Түркиямен бірлескен Қазақстан мен Өзбекстан, Әзірбайжан мен Грузия Баку-Джейхан жобасын қолдау туралы декларациясына қол қойды. 1999 жылдың қарашасында Түркия, Әзірбайжан, Грузия үкіметаралық келісім жасаған кезде, Қазақстан қатысушы-мемлекеттерге қосылып, жобаға уақытылы көмек көрсетіп, осы жоба негізінде белгілі мөлшердегі мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету туралы декларациясын жариялады. Анкараның Босфор арқылы мұнай экспортының кең көлемде ұлғаюының мүмкіндігі жоқ дегеніне қарамастан, Қазақстан үшін Тенгиз-Новоросийск жобасы маңызды болып қала берді (Троицкий, 2009: 86).

Тереңдеп бара жатқан экономикалық мүдделерді қорғау Анкараның аймақтағы бағытының қалыптасуына маңызды үлесін тигізбек, әсіресе, жақсы ұйымдастырылған байланыстардың тікелей қатысуы. Бір жағынан, инвестициялардағы тәуекелдердің бар болуы ішкі саясат пен тұрақтылыққа үлкен назар

аударуы мүмкін. Екінші жақтан алып қарасақ, Орталық Азия мемлекеттерімен дұрыс дипломатиялық қатынастарды сақтау тәуекелді реттеудің прагматикалық және тиімді жолы деп қарастыруға болады.

Қарқынды дамып келе жатқан экономикасына негізделген Анкара өздерінің өнім жеткізушілерін әртараптандыруда, сонымен қатар Орталық Азия мемлекеттерін де. Анкара Каспийдегі мұнай кен орнына қатысты Түркменстан мен Әзірбайжан (Түркиямен 1700 км Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры мен Баку-Тбилиси-Эрзурум газ құбыры арқылы байланысқан) арасындағы мәселені шешу жолдарын қарастырды. Көп мәселе қарастырылғанымен де, бұл сұрақ 1990 жылдан бері шешімін таппай келе жатыр. Түркия әлі де Түркменстан мен Қазақстаннан өнім жеткізуші Транскаспийлік газ құбырының салуына үміттенеді. Бұл қатынастардың орнауы Түркияны аймақтың энергетикалық орталығы қылып, жаһандық мағынада маңызын арттырады (Шилибекова, 2015: 596 – 605).

Орталық Азия Еуроатлантикалық аймақтың қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуші стратегиялық маңызы зор аймақ болып табылады. Оның энергетикалық ресурстары жаһандық энергетикалық қауіпсіздігі үшін өте маңызды және бұл аймақ газ және мұнай өнімдерінің ірі орталығы мен сауда дәлізінің маңызды бөлігі болып табылады.

27 тәуелсіздік жылдарында Орталық Азия мемлекеттері көптеген салаларда үлкен жетістіктерге жетті, әсіресе тәуелсіздігін мойындату, мемлекеттік құрылымдардың институционализмі мен интеграция деңгейінің артуы. Түркия Қырғызстандағы демократиялық өзгерістерді қолдап, мемлекетте демократиялық тәртіп пен принциптердің орнауына септігін тигізді. Қырғызстандағы саяси, әкімшілік, экономикалық климаттың орнауы аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшіліктің кілті. Қазақстан да 2012 жылдың 15 қаңтарында жалпыхалықтық сайлауда көппартиялы жүйені орнатуда дұрыс шешім жасады.

Түркияның Орталық Азия мемлекеттерімен жүргізіп жатқан экономикалық қарым-қатынасы сауда, көлік, байланыс салаларында тез дамып, осы бағыттарда маңызды прогресс жасалды. Эксимбанк арқылы берілген несие мөлшері 1 млрд. долл. құрады. Сонымен қатар, соңғы 27 жыл ішінде Түркия Орталық Азияның төрт мемлекетіне (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан) 1 млрд. долл. көлемінде қаржылай

көмек көрсетті. Бұл Түркияның сол уақыт мерзіміндегі шетелдік көмек соммасының 4/1 бөлігі болып табылады. Түркиялық ынтымақтасу мен даму агенттігі (ТІКА) осы мемлекеттерге техникалық көмек көрсету мақсатымен құрылды. Түркияның аймақ мемлекеттерімен жасаған сауда көлемі 6,5 млрд. долл. құраса, 2010 жылға қарай түркиялық компаниялардың аймақ инвестициясы 4,7 млрд. долл. құрады. Түркиялық компаниялардың жүргізіп жатқан жобаларының аймақтағы жалпы көлемі 50 млрд. долл. құрады. 2 мыңға жуық түркиялық компаниялар аймақта жұмыс атқаруда. Қарым-қатынас сонымен қатар мәдениет саласында да дамыды. 1993 жылы халықаралық түрік мәдениеті ұйымы (TURKSOY) түрік мәдениетін, өнерін, тілін және тарихи мұрасын қорғау мақсатында құрылды.

2008 жылы Әлемдік түрік бизнес-кеңесі (DTİK) құрылды. Оның мақсаты – кішігірім түркиялық кәсіпорындардың шетелдік нарықта жақсы жұмыс атқару үшін біріктіру. Негізгі мақсаты – шет елдерде түрік бизнес-кеңестігі негізінде экономикалық және сауда қарым-қатынастарды нығайту, шет елдерде түрік кәсіпкерлеріне кездесуі мүмкін проблемаларды шешу жөнінен бірінші орталық ашу, халықаралық қауымдастықта Түркияның имиджін тұрақты жағымды қалыптастыру. Орталық Азияда іскерлік байланыстардың дамуына Түрік бизнес кеңесі (Turkish Business Council, ТВК) негізделген. Кеңесті құру 2011 жылдың қазанында Анкара қаласында шешілді. Бұл шешім институционалды түрде бекітілді. Кеңестік мемлекет-мүшелері: Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан.

«Жұмсақ күш» саясатының жүзеге асуына объект-мемлекеттермен іскерлік байланыстардың дамуы үлкен септігін тигізеді. Түрік кәсіпкерлері Түркиямен шекаралас мемлекеттермен және аймақ мемлекеттерімен белсенді жұмыс атқаруда. 2012 жылдың қорытындысы бойынша, Түркия 7 мың жобаны әлемнің 100 мемлекетінде іске асырыпты. Түркияның жалпы құрылыс және техникалық сектордағы қаржы айналымы 242 млрд. долл. құрады. 2012 жылы түркиялық фирмалар әлемнің топ-225 халықаралық мердігерлері ішінен қытайлық мердігерлерден кейінгі 2-орынды иеленді. Іскерлік байланыстардың дамуына екіжақты және көпжақты бизнес-кеңестер көмек көрсетеді. Ең алғашқылардың бірі болып (1991-1992 жж.) Әзірбайжанмен, Қазақстанмен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен бизнес-кеңес құрылды. Себебі: бұл мемлекеттер Түркиямен аймақтағы экономикалық және сауда саласындағы маңызды

серіктестер ретінде қарастырылды. 2013 жылдың желтоқсанында Түркияның Қырғызстанға құйған инвестициясының көлемі 500 млн. долл. құрады. 1992-2010 жылдар аралығында түркиялық құрылыс компаниялары Өзбекстанға 1,8 млрд. долл. инвестициялады. Инвестициялар ең алдымен кіші және орта кәсіпорындарға, жеңіл, тоқыма және тамақ өнеркәсібіне бағытталды (Уиллер, 2013: 5-7).

Қазақстан Түркия үшін ең маңызды елдер қатарында тұр. Мемлекеттің масштабы, оның экономикалық байланыстары мен Түркияның инвестициясын ескере отырып, Түркия Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру бастамасы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында төрағалық етуін белсенді қолдады. Түркиядан Кавказ арқылы, Қазақстан мен Қытайға бағытталған көлік дәлізінің пайда болуы болашақтағы қарым-қатынастың ерекшелігі болып, Қазақстанның аймақтағы рөлін нығайта түсуі әбден мүмкін. Қырғызстан Түркияның саудасы мен инвестициясы үшін маңызды экономикалық мүмкіндік болып табылады. Сауданың дамуына қарамастан, Түркияның СІМ экономикалық қатынастар «ойлағандай емес, әсіресе екі мемлекет арасындағы өте жақсы қатынастарды ескерсе». Қырғызстандағы этникалық қақтығыстардан кейін 2010 жылы Түркияның сыртқы істер министрі «Бішкекке тәртіпсіздіктерден кейін қонатын алғашқы ұшақ біздікі болады» деп мәлімдеді. Түркия гуманитарлық көмек көрсетуден бөлек, 20 млн. долл. көлемінде техникалық көмек пен бірлескен жобалар үшін бөлетінін айтты. Түркия билігі «Қырғызстандағы демократиялық өзгерістерді қолдап, мемлекетте демократиялық тәртіп пен принциптердің орнауына септігін тигізді. Қырғызстандағы саяси, әкімшілік, экономикалық климаттың орнауы аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшіліктің кілті» деп мәлімдеді (Сафонкина, 2014: 155-156).

Түркияның соңғы жылдары импорттық тауарлардан тәуелділікті кеміту проблемасын қолға алғанын да айта кету керек. 2011 жылдың соңында Түркия импортты алмастыру жобасын дайындады. Мемлекет қазір импортқа тәуелді салаларды жергілікті өндірістерді дамыту арқылы шешпек. Үкімет 50%-дан артық импортқа тәуелді салаларды жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету арқылы төмендетуде. Минималды инвестиция – 50 млн. лира. Үстінен қосылатын минималды баға 40 %, бұл мұнай өндіруші және мұнайхимия салаларына қатысты емес (Ульченко, 2015: 56).

Түркияның статистика бөлімінің ақпаратына сүйенсек, Түркияның Орталық Азия мемлекеттерімен саудасы 1996 жылы жалпы сауданың 1,1 % құрады; 1 % – 2002 ж. және 1,8 % – 2012 ж. Сонымен қатар Түркияның бұл елдерге шығарған экспорты 1996 жылдың жалпы экспортынан 2,2 % құраса, 1,1 % – 2002 ж. (мемлекеттегі экономикалық дағдарыс әсері) және 2,3 % – 2012 ж. Екінші жақтан Түркия-Ресей саудасы 1996 жылғы Түркияның жалпы саудасының 5,1 % құрады. 5,8 % – 2002 ж. және 8,6 % – 2012 ж., импорт 4,4 % 1996 ж., 7,5 % 2002 ж. және 11,2 % 2012 ж. (Хас, 2013: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vneshney-politiki-turtsii-v-tsentralnoy-azii> Қараған күні: 20.11.2018).

«Жұмсақ күш» саясатының жаңа құралдары ретінде түрік авиакомпаниясы «TurkishAirlines»-ты атап кетуге болады. 2000 жылдары ол көптеген халықаралық брендтермен бір қатарға шыға білді. 2014 жылы 20 ірі авиакомпаниялар ішінде «TurkishAirlines» 5-орынды иеленді. Авиакомпания директорлар кеңесінің басшысы Х. Топчу пікірі бойынша «TurkishAirlines»-тың дамуы Түркияның халықаралық нарықта имиджінің күшеюіне септігін тигізеді. Компанияның танылуына белгілі киноактерлер мен спортсмендердің жарнамаға түсуге шақырылуы және видеороликтердің шетелдік БАҚ-тарда трансляциялануы үлесін қосты (Алиева, 2014: 63-94).

2014 жылы Түркияның жақын жылдары даму перспективасының жаңа саясаты жарияланғаны белгілі. Қазіргі таңда жоба талапшыл болып көрінгенімен де, Түркияның санаулы жылдар ішінде жеткен жетістіктерін қарастырған жөн. «Давутоглу жобасы» іске аспаса да, осы динамиканың сақталуын ескерсе, Түркияның әлемдік державаға айналары сөзсіз екенін айта кету керек. Экономикалық және ішкі саяси проблемалар үлкен кедергі келтіруі мүмкін, алайда, Түркия бұндай проблемалармен бепе-бет келген G-20 құрамындағы жалғыз мемлекет емес. «Даму кедергілеріне» қарамағанда, Түркияда бар ресурстар оған айтарлықтай халықаралық орынға талаптануға себепшіл бола алады. Бұл мақсатқа жету үшін Түркия мемлекеті басшыларында нақты стратегия мен ынта бар. АҚШ пен ЕО үшін Түркия бүгінде тәуелсіз ойыншы мен өз орны бар аймақтық держава болып отыр. Соңғы он жылда Анкараның мүмкіндіктер диапазоны мен еркіндік шекаралары кеңейгені сөзсіз. Бірақ, мемлекеттің батыстық көзқараста қаншалықты қалғаны сұрақ болып тұр (Маврина, 2014: 73).

Келесі жылдары Қазақстан мен Түркияның қатынастары билік деңгейі мен жеке мемлекеттік органдар деңгейінде өтті. 1996-1997 жылдары сауда-экономикалық, техникалық, қауіпсіздік, білім мен техника, қоршаған ортаны қорғау, медицина мен денсаулық сақтау саласындағы серіктестік туралы үкіметаралық келісімдер жасалды. Серіктестік жылдарында Түркия капиталының қазақстандық экономикадағы мөлшері де артты. Егер 1994 жылы мемлекетте 200 компания жұмыс жасаса, 2012 жылы олардың саны 3422 болды. 1993-2012 жылдар аралығында тікелей инвестицияның мөлшері 1,8 млрд. долл. құрады. KAZNEX INVEST экспорт пен инвестиция ұлттық агентігінің 2010 жылдың желтоқсанында жүргізген келісім-сөздердің нәтижесінде түркиялық компаниялар Қазақстанда жалпы соммасы 5,5 млрд. долл. құрайтын жобаларды іске асыруға дайын екендігін мәлімдеді. Келесі маңызды оқиға – 2011жылдың қазанында Анкара мен Астананың үкіметаралық деңгейде бірлескен индустриалдық аймақтардың Қазақстан территориясында құру туралы меморандумға қол қою (Чеботарев, 2014: 103).

2016 жылдың 17-18 қарашасында Түркия президенті Реджеп Эрдоган Өзбекстанда іс сапармен болды. Ұзақ уақыт бойына өзбек-түрік қатынастары Түркияның саясатын жүргізуінде үлкен мәселе болатын. Эксперттердің айтуы бойынша, бұл іс сапар өзбек-түрік қатынастарын жандандырумен қатар, Түркияның Орталық Азия мемлекеттерімен серіктестігіне өзгерістер енгізді. Сонымен қатар, бұл күрделі және көпжақты проблема.

Жалпы алғанда Түркия өзінің Орталық Азияға қатысты саясатын прагматикалық, нормативті және/немесе стратегиялық негізде атқаруы мүмкін. Бұл жерде прагматикалық саясат таңдамалы серіктестікке негізделген.

Түркияның Орталық Азиядағы жаңа стратегиясы АҚШ, ЕО, Жапония, Индия және Оңтүстік Корея стратегияларымен аналогты болып табылады. Бұл стратегия Түркияның Орталық Азияға бағытталған алдыңғы жақсы бастауы мен іске асыру барысындағы қарама-қайшылықтар тәжірибесін ескеруі қажет. Қарым-қатынастар тану, қолдау көрсету және аймақтық интеграцияға үлес тигізуге негізделуі керек. Сонда ғана бұл жаңа стратегия Түркия мен Орталық Азия қарым-қатынастарында жаңа бетті ашатындай инновациялық саясат болуы мүмкін (Tolipov, 2017: <http://www.theasian.asia/archives/98197> Қараған күні: 21.11.2018).

Сонымен Түркияның Орталық Азия республикаларымен белсенді байланыстары аймақ халықтарының қызығушылығына әсер етпек.

Қазақ-түрік қатынастары стратегиялық күйге ие және тұрақтылықпен ерекшелінеді, кең ауқымды сұрақтар бойынша бірдей немесе ұқсас позицияларға негізделген. 1992 жылдың басында екіжақты байланыс прогрессивті динамикаға ие болып, экономикалық және мәдени-гуманитарлық серіктестік дамыды, барлық салалар бойынша кең құқықтық база болып, 60-тан аса келісімдер болды.

Осы кезеңде бірлескен 67 кәсіпорын құрылды. Олардың ең танымалдары «Комтел», «Миртур». «Тараз» (Жамбыл облысы) сыртқы экономикалық ассоциация «СоутГруп» фирмасымен 5 мың тонна минералды тыңайтқыштарды экспорттау туралы шарт жасасты, Тараздағы салынып бітпеген қонақ үйдің құрылысын аяқтау үшін «Хотама» фирмасының қатысу мәселесі қарастырылды.

Бұл туралы статистикалық мәліметтер де көрсетті (осы жерде және ары қарай Түркия мемлекеттік статистика институтының мәліметтері). Егер 1996 жылы Түркия-Қазақстан тауар айналымы 255,9 млн. долл. құраса (қазақстандық экспорт – 93,6 млн. долл., импорт – 210,5 млн. долл.), 1997 жылы бұл көрсеткіш 341,5 млн. долл. көрсетті (қазақстандық экспорт – 131,0 млн. долл., импорт – 210,5 млн. долл.), яғни тауар айналымы 33,4%-ға өсті.

Жалпы алғанда Түркияның 1997 жылы түркітілдес бес мемлекетпен жасаған тауар айналымының 25,9% Қазақстанның еншісінде болды. Түркияның ТМД елдерімен сыртқы саудасы бойынша 1997 жылы Қазақстан төртінші орынды иеленді (Ресей, Украина, Әзірбайжаннан кейін). Екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың дамуына 1992 жылы құрылған 200 млн. долл. көлеміндегі ашық несие көмек көрсетті. Несиенің қолдауымен «Анкара», «Астана» қонақ үйінің, Алматыдағы балалар реабилитациялық орталығының, АлемБанкі ғимаратының, Петропалдағы макарон өнімдері фабрикасының, Жезқазғандағы жез зауытының, Зайсандағы сүт зауытының, былғары өңдеу мен сабын өндіру зауыттарының құрылысы, «Медеу» және «Алатау» қонақ үйлерінің реконструкциясы, Щучинскідегі кадет корпусының құрылысы аяқталды.

Түрік құрылыс фирмалары ТМД территориясында, әсіресе Ресей, Украина, Түркменстанда жұмыс атқарудың үлкен тәжірибесіне ие. Бұл аймақта тұрғын үй, әлеуметтік комплекстер,

отельдер мен коммуникациялардың салынуына тиімді түрде үшінші мемлекеттер мен халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты салынды (ҚРПМ, 1998: 67-71).

1995 жылдың маусымында Даму және серіктестікті тереңдету туралы Декларация Түркия мен Қазақстан арасында жасалды. Құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды, Ақтөбе қаласының маңында электростанцияны салу туралы шарт жасасты, Түркия есебінен Алматыда балалар реабилитация орталығы мен МКТУ салынды, Алматыда «Анкара» қонақ үйі, Петропавлда макарон өнімдері фабрикасы салынды.

Осыған қарамастан сауда-экономикалық қарым-қатынастар деңгейі әлі де екі мемлекеттің бар мүмкіндіктерін көрсетпеді. 1998 жылы орын алған Н.Ә. Назарбаев пен С. Демирельдің кездесуінде екіжақты сауданы 1 млрд. долл. көлеміне дейін жеткізуді келісті.

Қазақстан-Түркия қатынастары 2009 жылы қол қойылған стратегиялық серіктестік туралы келісімнен кейін динамикалық түрде дамуда. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға жасаған іс сапары екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге шығарды. Іс сапар барысында 2012-2015 жылдарға негізделген іс-шаралар жоспары жасалып, бірлескен экономикалық «Жаңа синергия» жобасын іске асыру барысында түрік компанияларының атқаратын жұмысы үлкен. Сонымен қатар, қазақстандық-түрік индустриалды аумақтарын құру жұмыстары жалғасып келе жатыр.

Елбасының Түркияға 2014 жылдың маусым мен тамызында жасаған іс сапарлары мен Түркия Республикасы Президенті Р.Т. Эрдоганның Қазақстанға 2015 жылдың 15-17 сәуірінде жасаған іс сапары жоғары деңгейде өтті. Іс сапар барысында кеңестің Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестіктің екінші отырысы өтті. Бірінші отырыс 2012 жылы Анкара қаласында өткізілді. Бұл қатынастар саясат, экономика, қорғаныс, мәдениет, гуманитарлық-техникалық, білім беру, экология, информация және денсаулық сақтау салаларында бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталған.

2015 жылдың 15-17 сәуірінде Түркия Республикасы Президенті Р.Т. Эрдоганның жасаған іс сапары қазақ-түрік серіктестігіне жаңа импульс берді.

2000 жылдардың басында Қазақстанда Теміртау темір және болат өндіру зауытының модернизациясында, Тенгиз мұнай жобасында, Ақтөбедегі жылустанциясын салуды,

«Қазақ-Түркмұнай» мұнай өндіру компаниясында, Атыраудағы әуежайды салу мен эксплуатациялауда 200-ге жуық түрік фирмалары жұмыс атқарды. «Вақыф-иншаат» фирмасы Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарын жасады.

Түркия мердігерлер кеңесі (Türkiye Muteahhitler Birliği) ақпараты бойынша, 1997-1998 жылдар аралығында түрік құрылыс компанияларының атқарған жұмысы 776 млн. долл. мөлшеріне жетті. Ziraat, Bankasi, Emlak, Bankasi, DemirBank, ТРАО, Кос, Anadolu Grup, Cukurova, Seylan, Tekfen сияқты түркиялық банктер, ірі мемлекеттік және жеке холдингтардың Қазақстан экономикасына инвестиция жасағанын куантарлық жайт.

Түркияның энерготасымалдау саласындағы қажеттілікке байланысты, мұнай-газ саласындағы серіктестік аса маңызды деңгейді иеленді. Осылай екі мұнай аймағын иеленген түрік ТПАО компаниясы АМОКО-мен бірлесе отырып, 750 млн. долл. көлемінде инвестиция тартуды көздеді. Оған қоса, ТПАО мұнай өндірісін 100 мың тоннаға жеткізіп, Қазақстанның 1998 жылға инвестициялық жобаларына 58 млн. долл. бөлді. ТПАО Қазақстанның ірі инвесторларының бірі екенін айта кету керек, бұл компанияның жалпы инвестициясы 250 млн. долл. жетті.

2000 жылға қарай Қазақстанда 320-дан аса бірлескен кәсіпорындар құрылды. Аса нәтижелі түрік фирмалары құрылыс саласында жұмыс атқарды, олар Астананың салынуына да атсалысты. Okan Holding фирмасы «Интерконтиненталь» бесжұлдызды қонақ үйін эксплуатацияға берді, Ahsel Inssat фирмасы салған тұрғын үй комплекстері жаңа астананың панорамасына жақсы енді. Түркиялық ірі фирмалардың бірі Seylan Holding Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің корпустарының бірін салды. Құрылыстар Қазақстанның басқа да аймақтарында атқарылды. Осылай «Юксель Иншаат» фирмасы «Рамстор» сауда орталығын салды, оның қаржыландыруын түркиялық «Коч Холдинг» пен қазақстандық «Бутия» компаниясы жүргізді. «Аларко», «Текфен», «Нурол», «Пет-Холдинг» сияқты атақты түрік фирмалары Ертіс көпірін, Батыс Қазақстандағы құбыр желісін, Алматы-Астана тас жолының бір аумағын, мұнай құбырларын жөндеу мен іске қосуға мердігер компаниялар болды (ҚРПМ, 2000: 88).

Қазақстан мен Түркия Республикасының арасындағы қарым-қатынас 2006 жылы түркітілді мемлекеттерінің VIII Саммиті кезінде жаңа деңгейге көтерілді. Н.Ә. Назарбаев түркітілдер

мемлекеттері арасында бірқатар институттарды құру туралы ұсыныс айтып, түркиялық тараптан қолдау тапты.

Сауда-экономикалық қатынастар екіжақты серіктестікте маңызды орынға ие. 2011 жылдың қазанында түркиялық делегацияның Қазақстанға жасаған іс сапары кезінде бірлескен қазақ-түрік индустриалды зоналардың құрылысы туралы Меморандум жасалды. 2012 жылға қарай Түркияның Қазақстан Республикасына құйған инвестиция мөлшері 400 млн. долл. құраса, Қазақстанның Түркияға жасаған инвестициясы 1 млрд. долл. құрады. 2013-2015 жылдары Түркияның 20-дан аса провинцияларында бизнес-форумдер өткізілді.

Қазақстан мен Түркия экономикалық қатынастарын келесі ақпарат сипаттайды: екі ел арасындағы тауар айналымы тенденциясының өсуі. Егер 2000 жылы ол 500 млн долл. құраса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 3,5 млрд. долл. жетті. Жақын перспективада екі жақ өзара сауда мөлшерін 10 млрд. долл. жеткізуді көздеп отыр. Қазақстандық экспорт көмір, өңделмеген мұнай, газ, темір жартылай дайын өнімдерін құраса, Түркия жиһаз, зергерлік бұйымдар, электр қондырғылар мен тұрмыстық химияны экспорттайды.

2015 жылдың сәуірінде Елшілік пен Маниса провинциясының қолдауымен халықаралық «Месир» фестивалі негізінде «Қазақстан күндері» ұйымдастырылды. Елшіліктің қатысуымен Түркияда М. Әуезов, М. Жұмабаев, Абылай хан мен Қабанбай батырға арналған ескерткіштер тұрғызылды.

2017 жылдың 8 қыркүйегінде Қазақстанға осы елдің Президенті Реджеп Эрдоганның ресми сапары болды, оның қорытындысы бойынша сауда-экономикалық, инвестициялық, құрылыс, транзит және көлік салаларында байланыстарды тереңдетуге бағытталған бірқатар келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Түркияға ресми сапарының барысында осы елдің «бизнес жетекшілерінің» өкілдерімен кездесті. Кездесуге түрік экономикасының 15 пайызын құрайтын 25 түрік фирмасының басшылары қатысты. Бұл компаниялар ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін өңдеу, геология және тау-кен өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, машина жасау, тоқыма және жеңіл өнеркәсіп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, денсаулық сақтау және фармацевтика секілді экономиканың ірі секторларында жұмыс жасайды.

Мемлекет басшысы біздің елдеріміздің арасындағы тауар айналымы 2017 жылы 27%-ға артып, шамамен екі миллиард долларды құрағанын еске салды. Ал ағымдағы жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 820 миллион долларды құрады. Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, тәуелсіздік жылдарында Түркия Қазақстанға үш миллиард доллардан астам құйды, ал Қазақстан Түркияға – 940 миллион доллар.

Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен әр түрлі салаларда шамамен екі мың кәсіпорын жұмыс жасайды. Олар химия және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс материалдары, тау-кен өнеркәсібі, металлургия және басқа да салаларды қамтиды. Біздің басты әріптестеріміздің арасында Anadolu, Yıldırım, Urker, Abdi Ibrahim және басқалары бар. Оған қоса, «Ziraat» банкі Қазақстанда өз қызметін 90-шы жылдардан бері жүргізіп келеді», – деді мемлекет басшысы (<https://24.kz/ru/news/top-news/item/195545-prezident-turtsii-pribyl-v-kazakhstan-s-ofitsialnym-vizitom> Қараған күн 22.11.2018).

Осылайша Орталық Азия мен Түркия арасындағы қатынастар динамикалық түрде саяси-дипломатиялық, экономикалық, гуманитарлы бағыттарда дамып, түркітілдес мемлекеттер халықтарының бір-бірінің түсінушілігіне ықпал етуде.

### Қорытынды

Соңғы кездері серіктестік және стратегиялық өзара байланысты тереңдету барысында

Түркия және Орталық Азияның кейбір елдері экономикалық құраушы қатынастарды жиі кездесулерді өткізу арқылы дамытуға ерекше назар аударуда. Түркия мен Орталық Азияны біріктіретін жаңа саяси механизмді құру Анкараның мақсаты болып саналмайды. Сонымен қатар біршама күрделі кедергілер де жоқ емес.

Біріншіден, 1990 жылдарға қарағанда Түркияны басқарушы элиталар мен Орталық Азияның мемлекеттерінің Азербайжанмен этникалық бірегейлік пен орта діни сенімге негізделген біріңғай саяси блок құру қалауы туралы айтуды қажет етпейді.

Екіншіден, «түркі әлемінің» құрылуы ресейлік саяси ортада жағымсыз көзқарастың тууына себепші болды. Өз кезегінде, өзбек және түрік билеушілердің арасында саяси сенімсіздік мәселелері орын табуда. Осы арада Орталық Азиядағы түрік халқының басым бөлігі өз территориясында орналасқанына қарамастан Түркменстан бейтарап саясат ұстануда. Өзбекстан мен Түркменстан арасындағы сыртқы саяси қатынастарға елеулі өзгерістер енгізілмеген жағдайда, Түркия мен Орталық Азия елдер арасында саяси жақындасу орын алмайды. Жоғарыда айтылған мәселелерді назарға ала отырып Түркия мен Орталық Азия арасында саяси бірлестік экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы серіктестікке негіз болады.

Қазіргі таңда, Орталық Азия мен Түркия арасындағы қарым-қатынас халықтың қызығушылығын тудырып отыр.

### Әдебиеттер

- Алиева А.И. (2014). Мягкая сила в современной внешней политике Турции // Вестник Московского университета. Серия 25. Международные отношения и мировая политика. № 3. С.63-94.
- Қазақстан Республикасының Президентінің мұрағаты Қ.75-Н. Т.1.Қ.5355. Б.86-91 (ҚРПМ). ҚРПМ Қ. 5-Н. Т.6. Т.4540. Б.67-71.
- Маврина Ю. В. (2014). Концепция внешней политики Турции Ахмета Давутоглу // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия История. Международные отношения. Т. 14. № 1. С. 69-75.
- Президент Турции прибыл в Казахстан с официальным визитом // <https://24.kz/ru/news/top-news/item/195545-prezident-turtsii-pribyl-v-kazakhstan-s-ofitsialnym-vizitom> Қаралған күні 22.11.2018
- Сафонкина Е.А. (2014). Турция как новый актер политики «мягкой силы» // Вестник международных организаций. Т. 9. № 2. С. 145-166.
- Tolipov F. (2017). Central Asia and Turkey: Playwriting the National Interests // February. <http://www.theasian.asia/archives/98197> Қаралған күні: 21.11.2018.
- Троицкий Е. Ф. (2009). Политика Турции в Центральной Азии (1992-2000 гг.) // Вестник Томского государственного университета. № 328.С. 84-88.
- Уиллер Т. (2013). Роль и интересы Турции в Центральной Азии // Сэйферуорлд. С. 1-12.
- Ульченко Н. Ю. (2015). Стратегия импортозамещающего развития: опыт Турции // Восточная аналитика. № 4. С. 48-58.
- Хас К (2013). «Особенности внешней политики Турции в Центральной Азии. Армия и общество // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vneshney-politiki-turtsii-v-tsentralnoy-azii> Қаралған күні: 20.11.2018.

Чеботарев А. (2014). Казахстан – Турция: пройденные этапы и современные контуры сотрудничества // Казахстан в глобальных процессах. № 2 С. 98-108.

Шилибекова А., Авджи Э. (2015). Түркияның орталық азиядағы сыртқы саясаты мен президенттерінің рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршасы. № 3 Б. 596 – 605.

### References

Aliyeva A.I. (2014). Magkaya sila v sovremennoy vneshney politike Turcii [Soft power in modern internal policy of Turkey] // Vestnik Moskovskogo universiteta, series 25. International relations, no 3, pp. 63-94.

Kazakhstan Respublikasynyn Presidentinin muragaty. F.75-N. I.1.O.5355. pp. 86-91.

KRPM Қ, F5-N. I.6. I.4540. pp.67-71.

Mavrina Y. V. (2014). Konceptiya vneshney politiki Turcii Ahmeta Davotoglu [Turkey internal policy conception of Akhmet Davotoglu] // Izvestiya Saratovskogo universiteta, ser. History of International Relations, vol. 14, no 1, pp. 69-75.

President Turcii pribyl v Kazakhstan s oficialnym vizitom // <https://24.kz/ru/news/top-news/item/195545-prezident-turtsii-pribyl-v-kazakhstan-s-ofitsialnym-vizitom> (date of reference: 22.11.2018)

Safonkina E.A. (2014). Turciya kak noviy actor politiki «magkoy sily» [Turkey as a new actor of «soft power» policy] // Vestnik mezhdunarodnyh organizatsiy, vol. 9, no 2, pp. 145-166.

Tolipov F. (2017). Central Asia and Turkey: Playwriting the National Interests // <http://www.theasian.asia/archives/98197> (Date of reference: 21.11.2018)

Troickiy E.F. (2009). Politika Turcii v Centralnoy Azii (1992-2000 gg.) [Policy of Turkey in Central Asia (1992-2000)] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, no 328, pp. 84-88.

Uiller T. (2013). Rol i interesy Turcii v Centralnoy Azii Saferworld [Role and interests of Turkey in Central Asia Saferworld]. pp. 1-12.

Ulchenko N. Y. (2015). Strategiya importozameshayushego razvitiya: opyt Turcii [Strategy of import substitutions development: experience of Turkey] // Vostochnaya analitika, no 4, pp. 48-58.

Has K. (2013). Osobennosti vneshney politiki Turcii v Centralnoy Azii. Armiya i obshestvo [Features of Turkey's internal policy in Central Asia. Army and society] // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vneshney-politiki-turtsii-v-tsentralnoy-azii> (Date of reference: 20.11.2018)

Chebotarev A. (2014). Kazakhstan – Turkiya: proidennye etapy I sovremennye kontury sotrudnichestva [Kazakhstan – Turkey: completed stages and modern contours of cooperation] // Kazakhstan v globalnyh procesah, no 2, pp. 98-108.

Shilibekova A. Avdji E. (2015). Turkiyanyn ortalyk aziyadagy syrtky sayasat men presidenterinin roli [Turkey's foreign policy and role of presidents in Central Asia] // L.N. Gumilyev atyndagy EEU Khabarshasy, no 3, pp. 596 – 605.



**Дәдебаев Ж.<sup>1</sup>, Бисенбаев П.<sup>2</sup>, Кәрібозов Е.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, e-mail: dadebaev48@gmail.com

<sup>2</sup>аға оқытушы, e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>3</sup>ф.ғ.к., доцент, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ТОЛЫБАЙ – АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ  
АСА ІРІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

Мақалада қазақ аңыздарының кейіпкері санатында жүрген Толыбай сыншының Алтын Орда мемлекетінің ішкі-сыртқы саяси-әлеуметтік істеріне белсене араласқан тарихи тұлға екендігі түрлі дереккөздермен дәлелденеді. Түркі халықтары әдебиетіндегі Толыбай сыншы жайындағы тарихи-фольклорлық туындылардың түп-төркіні Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хан сияқты Алтын Орда билеушілерінің заманына барып тірелетіні, оның сонау хандық кезеңінен бергі дәуірге дейін алтын арқауы үзілмей жалғасын тауып келе жатқаны әртүрлі ғылыми деректермен дәлелденіп отыр. Сонымен қатар Толыбай сыншы туралы аңыздардың ел ішіне кең тараған шешендік өнер үлгілерімен, адамгершілік қағидаларымен астасып жататыны түрлі мысалдар арқылы көрсетіліп, Толыбай жайлы фольклорлық туындылардың қоғамдық-танымдық қызметі, олардың туындау себептері мен салдары талданады. Егер қазақтың аңыздары жайында бұған дейін де азды-көпті сөз болып келді десек, Толыбай сыншы туралы зерттеу тұңғыш рет жарияланып отырғанын ескертуіміз керек. Мақалада тарихи тұлға жайындағы аңыздардың идеялық мазмұны мен жанрлық табиғаты жөнінде қызғылықты тұжырым, қорытындылар жасалған.

**Түйін сөздер:** аңыз, нұсқа, тарихи тұлға, ой, билік, шешендік өнер, кейіпкер, жанр, бейне, сюжет.

Dadebaev Zh.<sup>1</sup>, Bissenbaev P.<sup>2</sup>, Karbozov Ye.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>doctor of Philology, Professor, e-mail: dadebaev48@gmail.com

<sup>2</sup>Senior lecturer, e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>3</sup>Candidate of philology, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Tolybay – a prominent statesman of the era of the Golden Horde**

The author reveals the Worker elmost historical figure Tolybay's. In the article the author reveals the activity of the historical figures of Taliba criticism, hero of the Kazakh legends, active participant in internal and foreign policy and social events of the era of the Golden Horde by comparison with other evidence and by establishing sources. Given the evidence that in the Turkish folk literature, the historical basis of folklore about Tolybai criticism is taken from the times of the rulers of the Golden Horde, such as Uzbek Khan, Zhanibek Khan, Berdybek Khan and these works testify to the high level of development of the literature.

However, analyzed socio-cognitive activity, the causes and consequences of the emergence of works on Tolybai, that, along with the art of oratory and the canons of humanism legends about him were widely circulated among the masses, examples of works. To this day much is said of the Kazakh legends, and it should be noted that the study was about Tolybai synchy (master of horses) published for the first time. The article draws interesting conclusions on the ideological content and genre nature of the legend of historical personality

**Key words:** legend, version, historical person, soul, power, oratory, character, genre, image, plot.

Дадебаев Ж.<sup>1</sup>, Бисенбаев П.<sup>2</sup>, Карбозов Е.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.ф.н., профессор, e-mail: dadebaev48@gmail.com

<sup>2</sup>старший преподаватель, e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>3</sup>к.ф.н., доцент, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### Толыбай – видный государственный деятель эпохи Золотой Орды

В статье автор раскрывает деятельность исторической личности Толыбая как критика, как героя казахских легенд, активного участника внутренних, внешнеполитических и социальных событий эпохи Золотой Орды путем сопоставления с другими доказательствами и путем установления источников. Приводятся доказательства, что в тюркской народной литературе историческая основа фольклорных произведений о Толыбае критике берется со времен правителей Золотой Орды, таких как Узбек-хан, Жанибек-хан, Бердыбек-хан, и эти произведения свидетельствуют о высоком уровне развития литературы.

Вместе с тем, проанализирована общественно-познавательная деятельность, причины и следствия возникновения произведений о Толыбае, о том, что наряду с ораторским искусством и канонами гуманизма предания о нем были широко распространены среди народных масс, приведены примеры из произведений. До сегодняшнего дня так много сказано о казахских легендах, и следует заметить, что исследование про Толыбай сыншы (знаток коней) публикуется впервые. В статье сделаны интересные выводы по идейному содержанию и жанровой природе легенды об исторической личности.

**Ключевые слова:** легенда, версия, историческая личность, душа, власть, ораторское искусство, персонаж, жанр, образ, сюжет.

### Кіріспе

XIV ғасырдың өн бойында Алтын Орда мемлекетінің қанатын кеңге жаюы – әлемдік тарихтың ең бір күрделі тараулары болып есептеледі. Осы бір аумалы-төкпелі заманда Алтын Орда тізгінін қолда ұстаған белгілі тарихи тұлғалар – Өзбек хан мен Жәнібек хан еді. Халық мұрасы осыны анық аңғарған. Ал өз жұртының болашағы, игілігі үшін аянбай еңбек еткен, сол ұлы мақсат жолында бар ғұмырын жұмсаған қажырлы қайраткер – Толыбай сыншы тұғын. Қазақ халық әдебиетінде ғана емес, өзбек, қырғыз фольклористикасында да Толыбай сыншы – тарихта нақты болған адам деген пікір орын алған. Әбілғазы шежіресінде, Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» үлкен ұлыстың ақылгөй данасы, хан төңірегіндегі ықпалды тұлға – осы қаңлы Толыбай деп есептейді. Бір сөзбен айтқанда, кездейсоқ, өтпелі кейіпкер емес, кеңінен танылған бейне.

Әрине, Толыбай сыншы – тарихи тұлға. Оның өз заманының сөз өнерін дамытуға айрықша үлес қосқан адам екендігіне күмән келтіру қиын. Көнеден жеткен аңыздық проза үлгілері өзінің адал ұлын жазбай танығанын көреміз. Сонымен қатар халық өзінің өткенін ұмытпапты, ел іргесі берік замандағы ұлы мемлекетін аңсапты.

Мақалада жүйелі-кешенді, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады. Аңыз мәтіні мұрағат мәліметтерімен, зерттеу еңбектері ұсынатын

деректермен, көне ескерткіштердің қолжазба үлгілерімен салыстырылады, фольклорлық мұралардың өзгешеліктері мен ортақ белгілері айқындалады. Сөйтіп халық арасына ауызша тараған мәдени жәдігерлердің жарқын нұсқалары саналатын аңыздардың тарихи даму жолдары белгіленеді.

### Жазба дерек көздеріндегі тарихи тұлға туралы мәліметтер

Толыбай – Жәнібек ханның (1341-1357) тұсында үлкен ұлыстың көсемі, хан хандығында күзіретті әмір болған адам. Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» (ХҮІ ғ. I жартысы) Толыбай есімінің алдында оның руының атауы қоса көрсетіледі: Қаңлы Толыбай (Утемиш-хаджи, 1992:108). В.П. Юдин «Шыңғыснамада» ру атауының адам атына тіркесіп жазылғанына арнайы көңіл бөліп, мұны Өтеміс қажының дастанына тән ерекшелік ретінде бағалайды (Юдин, 1992: 68).

<sup>2</sup>научный сотрудник Института археологии имени А.Х. Маргулана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: makpal1226@mail.ru

### Музеефикация памятников археологии Нижнего течения Сырдарьи (по городищам Сыганак, Жанкент)

В статье рассматривается история средневековых городищ Сыганак, Жанкент в Кызылординской области, археологические раскопки в них и ход работ, связанных с музеизацией. Начиная с 2004 года в рамках программы «Мәдени мұра» и до сегодняшнего дня на памятниках проводятся комплексные исследования. Памятники вошли в предварительный список всемирного наследия, а также в список памятников Священный Казахстан республиканского значения, созданный в рамках программной статьи бывшего главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», эти объекты являются одним из священных мест всенародного значения Казахстана. Одним из способов длительного и высокого сохранения археологических памятников является музеефикация. Музеефикация археологического наследия позволяет в основном развивать сферу туризма, преобразовать археологические объекты с новой стороны и использовать в соответствии с современным обществом. В настоящее время использование памятника археологии может быть использовано не только в процессе раскопок, но и в целях развития образования, культуры и туризма. В статье рассматриваются все эти ожидаемые результаты этой работы.

**Ключевые слова:** Кызылординская область, городища Сыганак, Жанкент, историко-культурное наследие, музеефикация, археология, туризм.

### Кіріспе

Алаштың анасына баланған Қызылорда өлкесі тарихи мәдени мұраға өте бай аймақ. Адамзаттың қалыптасу тарихындағы ежелгі неолиттік тұрақтар, сақ дәуірінің ескерткіштері Шірік рабат, Бәбіш Молла сынды қалашықтар, Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері, Сыганак, Жанкент, Жент, Сортөбе, Асанас және т.с.с археологиялық ескерткіштер жетерлік. Бүгінгі күні Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік тізімге алынған 127 археологиялық ескерткіш бар. Өлкедегі алғашқы археологиялық зерттеулер ХІХ ғасырдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Көптеген әдебиеттерде археология ескерткіштері деген ұғымды жан-жақты түсіндіретін анықтамалар жетерлік. Еліміздегі тарихи-мәдени мұра нысандарын анықтау, есепке алу, зерттеу, сақтау, қалпына келтіру, пайдалану насихаттау шаралары Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы және одан туындайтын қағидалар арқылы жүзеге асатыны баршамызға белгілі. Аталмыш Заң мен ережелерде археологиялық ескерткіш

ұғымын барлық жылжитын және жылжымайтын ескерткіштерді қоса алғанда, өткен дәуірлердегі адамдардың өмір сүру іздері, оларға қатысы бар археологиялық олжалар, оның ішінде ежелгі қалалар мен қалашықтар мәдени қабаттар, тұрақтар, бекіністер, өндіріс құрылыстарының қалдықтары, арықтар, арналар тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, қорғандар, қорымдар және өзге де жерлеу орындары, діни жоралар жасалған орындар т.с.с ашып түсіндіреді (<http://adilet.zan.kz/>).

Мұндай археологиялық нысандарды сақтаудың бірден бір жолы оларды музейлендіру болып табылады, яғни ашық аспан астында музей құру. Өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап зерттеушілер археологиялық ескерткіштерді қорғау мен сақтауды, қажет ететін мәдени мұраның бір бөлігі ретінде қабылдады. Музей қызметіндегі басым бағыттарының бірі археология ескерткіштерін сақтау болып табылады. Соңғы жылдары ашық аспан астындағы музейге айналған бірнеше археологиялық ескерткіштер зерттелуде. Елімізде археологиялық ескерткіштерімізді зерттеп, оларды республикалық, халықаралық деңгейде насихаттап, таныту бағытында біршама жұмыстар

атқарылуда. Мақаламызда 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бастау алып, бүгінгі күнге дейін кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан, дүние жүзі мұраларының алдын ала тізіміндегі, республикалық маңызы бар, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында құрылған Қасиетті Қазақстан, яғни Қазақстанның жалпы халықтық маңызы бар қасиетті жерлері тізіміне енгізілген нысандардың бірі Сығанақ және Жанкент қалашықтарын ашық аспан астындағы музейге айналдыру бағытында атқарылып жатқан шараларға тоқталмақпыз (Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары, 2017).

### Методология

Қазақ жерінде қалыптасқан мәдениеттердің гүлденуіне үлес қосқан ескерткіштердің бірі Қызылорда облысындағы ортағасырлық Сығанақ және Жанкент қалашықтарын ашық аспан астындағы музейлерге айналдыру мәселелерін орындау барысында музейлендіруге қатысты зерттеу әдістері мен тәсілдері қолданылды. Археологиялық ескерткіштерді сақтау, қалпына келтіру және экспозициялық интерпретациялау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар бұл нысандарды сақтауда Қызылорда облысының атмосфералық жағдайы ескерілді.

### Сығанақ қалашығы

Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің ішінде Сығанақ қаласының алар орны ерекше. Өз кезегінде қыпшақтардың (XI-XII ғғ.), одан соң Ақ Орданың (XIII-XIV ғғ.), Қазақ хандығының (XVI ғ.) астанасы болған атақты қалалардың бірі Сығанақ қаласы. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Сунақ ата елді мекенінен солтүстік батысқа қарай 2 шақырымда орналасқан.

Сығанақ қалашығы туралы алғашқы деректер X ғасырдағы атақты араб географиятанушы, ғалым Ал-Идири Сиырдария бойындағы ғұн қалаларының көптігін жаза келіп, олардың ішіндегі «Сауран, Сүткент, Сығанақ қалаларын ірі қалалар еді. Ал Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы», деп ерекше көрсетеді.

Ал, XI ғасырда қаланың Сығанақ деген аты атақты ғұлама түркі тілінің маманы ғалым Махмут Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі» деген еңбегінде жазылған (М. Қашқари, 1993).

Сығанақ қаласы XI ғасырдың екінші жартысында қыпшақтардың Сыр бойына келуіне

байланысты олардың орталық қаласына айналды. Жазба деректердің мәліметтері бойынша, аймаққа қыпшақтардың келуіне байланысты мұндағы оғыздар оңтүстік-батысқа қарай жылжып кетеді. Ал Сырдың орта және төменгі ағысына Қыпшақ хандығы орналасады. Ибн Рузбихан Сығанақ қаласы «аймақтың солтүстік жағындағы жер жәннатының шеті» деп сипаттайды (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани, 1976).

1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша зерттеуші П.И. Лерхті Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жібереді. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат береді. 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап және қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. 1906 жылы қаланы белгілі зерттеуші И.А. Кастанье қарап шығады. 1927 жылы Ресей ғылым академиясының жанындағы материалдық мәдениет институтының тапсырысы бойынша Сығанақ қаласын А.Ю. Якубовский біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағына көңіл бөліп, қалашық жанындағы сақталған ғимараттардың суретін түсіріп алып, қала туралы үлкен ғылыми мақала жариялайды.

1947 жылы ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А. Бернштам қаланың топографиялық жобасын түсірсе, 50-ші жылдары ОҚАЭ-ның жетекшісі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген.

XX ғасырдың 70-ші жылдары қалаға ОҚАЭ-ның Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А. Ақышев пен К.М. Байпақов Сығанақ қаласы топографиялық жағынан ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама береді.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанынан құрылған Сығанақ археологиялық экспедициясы (САЭ) жүргізген кешенді зерттеу жұмыстары бүгінгі күнге дейін жалғасын табауда. Жетекшісі С. Жолдасбаев (С.Ж. Жолдасбаев, 2010). Жүргізілген зерттеу жұмыстары үш кезеңге бөлінген:

1-ші кезеңде, яғни 2003-2007 жылдары жүргізілген зерттеу нәтижесінде қаланың солтүстік-батыс жағындағы рабаттан төрт бөлмелі

бір кесене, шығыс бөлігінен бөлме мен мешіт медресе ашылды.

2008-2013 жылдары Сығанақ қаласы мен оның шаруашылық аймағының суландыру жүйелерін зерттеу мақсатында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, қаланың орталық алаңынан төрткұлақты ғимарат ашылып, қаланың сыртқы қамалының жобасын анықтаған.

2014-2017 жылдары Сығанақ қаласының солтүстік бекініс қақпасын ашу және қала кіреберісіндегі алаңға және қаланың шығыс қақпасына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді (С.Ж. Жолдасбаев, 2016).

Ал, 2018 жылы Археологиялық қазба ба-рысында анықталған ғимараттарға музейефикация, консервация, қайтажаңғырту (реставрация) жұмыстарын 2010 жылдан бері ҚР

Мәдениет және спорт министрлігінің «Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қайта құру, салу тапсырмасы бойынша Қазқайтажаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорнының Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалы жүргізуде. 2004-2005 жылдары жүргізілген қазба-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жоғарғы бөлігі сақталмаған ғимарат ашылған болатын. Алғашында зерттеушілер бұл ғимаратты орталық мешіт-медресе десе, кейін, ғимарат 1927 жылы А. Якубовскийдің суретке түсіріп сипаттаған мешіт ханака екендігі анықталды. 2010 жылы ханака мешітіне А. Якубовский түсірген сурет негізінде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (1-сурет). Сонымен қатар, қаланың оңтүстік қақпасына қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (2-сурет).



1-сурет



2-сурет



Ал, 2012 жылы 2009 жылы анықталған сақталуы нашар ХІҮ ғасырға мерзімделетін мешіттің архитектуралық өлшемдері алынса, 2015-2016 жылдары зерттеу жұмыстары қаланың оңтүстік бөлігінде жүргізілді. 2017 жылы қазба жұмыстары Сығанақ қалашығының шығыс бөлігінде жүргізілді.

2018 жылы зерттеу жұмыстары 2017 жылғы жүргізілген қазба тереңдетіліп көшеге қарай және 2016 жылғы қазба арасы қосылды. Орталық көше қақпадан 35-40 метр шамасында тазартылып қазылды.

Алдағы уақытта қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мақсатында 2018 жылғы қазба жанындағы үй жай құрылыстарын анықтап, сонымен қатар орталық көшенің екі жағына қазба жүргізу жоспарланып отыр.

Қайта қалпына келтіру жұмыстары Л.С. Бейсембаева, бас архитектор Н.Х. Иманжанов жетекшілігімен жүзеге асуда. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы жайлы есептер Қазқайтажаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының архивінде сақталуда (Қазқайтажаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының қоры).

2010 жылы Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы 1992 жылғы №1488-ХІІ Заңына сәйкес Сығанақ қаласының қорғау аймағының жобасын Қазқайтажаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалы тарапынан белгіленді. Кейін, 2013 жылы Қызылорда облысының мәслихатымен бекітіліп, 2018 жылы қалашықтың аумағы қоршалып, инфрақұрылымы толық жасакталды. Сондай-ақ, қаланың мәдениеті мен тарихын сипаттайтын «SYGANAQ» стелласы орнатылды. Стеланың биіктігі 8 метр, тұтас граниттен қашалып жасалған. Авторы: Қ. Сатыбалдин. Қаланың кіре-беріс қақпасының алдына жаңартылған қорғау тақтасы, толық ақпарат алу үшін «QR-код» тақтайшасы және ақпараттық стенд орнатылды.

2018 жылдың қараша айынан бастап [www.kuzylorda-ramuatniki.kz](http://www.kuzylorda-ramuatniki.kz) ресми сайтында Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұра объектілерінің интерактивті картасы арқылы Сығанақ қалашығының 3 D форматындағы бейнесімен танысуға болады (Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме қоры).

## Жанкент қалашығы

Сырдарияның төменгі ағысындағы Оғыз тайпаларының ең атақты әрі ірі қалаларының бірі – Жанкент қалашығы.

Ескерткіш жоспарында тікбұрышты, жалпы аумағы – 325x200 м. Қалашықтың солтүстік-батыс бөлігінде жақсы сақталған цитадель орналасқан. Батыс және шығыс бөліктерінде кірер қақпалар бар. Қорғаныс жүйесі сыртқы қабырғаларындағы жарты шеңберлі шығыңқы мұнаралар түрінде болып келген (Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы, 2011).

Жазба деректерде Жанкент алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ араб географы Ибн-Хаукал «Оғыздардың басты қаласы Жанкент болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Әл-Харият, сарматтар Дахи Нау деп атаған» дейді. Бұл қалалар жайлы ортағасырларда өмір сүрген араб ғалымдары Ибн-Хаукаль, Ибн-Русте және ортаазиялық оқымысты Жемал Карши айтып кеткен (Материалы по истории туркмен и Туркмении Т. I, 1939).

1867 ж. П.И. Лерх Императорлық Археологиялық Комиссияның тапсырмасы бойынша Сырдарияның төменгі бойында орналасқан ежелгі қалаларды зерттеу мақсатында Жанкент қаласында болды.

П.И. Лерх Жанкент қаласы жайлы көптеген құнды деректер қалдырды. Оның айтуынша, Жанкент жайлы ең алғаш деректер Шығысханның Хорезмшах хандығын жаулау тарихында келтірілген. 1740 ж. келіп қала қирандыға айналған. Бұл деректерді П.И. Лерх осы жылы Сырдың жағалауын зерттеу мақсатында мұнда жіберілген геодезистер Гладыщев пен Муравлиндердің есептерінен алады. Жанкенттегі бір мешіт қирандысынан ол, «хижра санауы бойынша 763 жыл» (1361-62 ж.) деп жазылған құлпытасты тауып, қаланың ХІҮ ғасырда болғандығын, ал табылған теңгелер қала тұрғындарының Алтын Ордамен сауда қарым-қатынасын жасағандығын дәлелдеді. Генерал Лерхтің байқауынша, қала төрт шаршы верст жерді алып жатқан, қала ортасында қорғанмен қоршалған цитадель орналасқан. Тұрғындар каналдар көмегімен келтірілген Сырдария өзені суынан пайдаланған, ғимараттар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Қала қирандыларын зерттеп шығып, қаланың шабуыл

нәтижесінде емес, бәлкім қаланы тұрғындардың тастап, басқа жерлерге кетуіне байланысты және уақыт өте атмосфераның әсерінен бұзылған болса керек деген тұжырым жасайды. Жинақталған материалдар негізінде П.И. Лерх қала халқы кешенді шарушылықпен – жер өңдеумен, мал шаруашылығымен және балық аулаумен айналысқандығын, Хорезммен мәдени шаруашылық тығыз байланыста болғандығы және қалашықтың оғыздарға тиесілі екендігін айтты. П.И. Лерхті Жанкенттен басқа 1219 ж. Шыңғысхан шабуылына ұшыраған басқа да қалалар тарихы қызықтырды (Лыкошин Н.С., 1896).

1867-1870 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірінде белгілі суретші В.В. Верещагин болды. Сонымен қатар, ол Жанкент қаласында П.И. Лерх бастаған археологиялық қазба жұмысын жалғастырып, қазба барысында ыдыс сынықтарын, терракоталық бұйымдар мен рельефтік (бедерлік) жазу сынығын тапты. Қаланың жойылуы жайлы жергілікті тұрғындардан естіген аңыздарын жазды. В.В. Верещагиннің осы өңірден жинақтаған археологиялық жәдігерлері 1869 ж. Петербург қаласында ашылған арнайы көрмеге қойылды (Бахтыбаев М., 2008).

Алдын ала анықтау жұмыстары С.П. Толстовтың жетекшілігімен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясымен 1946 ж. жүргізілді. Қалашықтың топографиялық жоспары түсірілді, материалдар жинақталды. Осы алынған материалдар бойынша қалашық тұрғындарының егіншілік-көшпенді-балық аулау комплексті шаруашылығы туралы, Хорезммен мәдени шаруашылықты тығыз байланыстары туралы және қалашықтың оғыздарға жататыны туралы ой пікір айтылған.

Ежелгі қалашықтың зерттелуінде жаңа кезең 2005 ж. БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтымен, РҒА Этнология және антропология институтымен және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен үш жақты келісім бойынша басталды. Сол жылы Цитадельдің солтүстік-шығыс бөлігіне №2 қазбаға жүргізілген зерттеу жұмыстары 2013 жылға дейін біршама үзілістермен 8 жыл бойы жүргізілді (Аржанцева И.А., 2014).

2006 жылғы қазба-зерттеу жұмыстары қалашықтың шығыс бөлігіндегі тұрғын үй кешенінде жүргізілген.

2012 жылы Жанкент қалашығы туралы мол мағлұмат берген солтүстік бекініс қабырғасына үлкен қима салынады. Қазба жұмыстары барысында сәулет құрылыстарының элементтері бар

ескерткіштерді қазу кезінде пайдаланылатын далалық археологиялық зерттеулердің кешенді әдістері қолданылды.

2016 жылғы қазба-жұмыстары 1-нысанда, яғни, 2006 жылы бастау алған тұрғын үй кешенінде көлемі 6x24 м ауданы 144 ш.м болатын қазбамен жалғастырылып, 1-Қазбаның жалпы ауданы 800 ш.м құрады. 1-нысанның жалпы жоспарында тұрғын үй-жайлардың тұрақты құрылысының белгілері анықталды. Жыл сайынғы сызбаларды салыстыру кезінде үлкен көп пәтерлі тұрғын үйдің жоспары мен үйді қоршаған әртүрлі көшелер бейнеленеді.

2015 жылдан бері Облыс әкімі басшылығымен жұмыс жасайтын Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесі жанындағы далалық көшпелі комиссия мүшелері қам кесектен тұрғызылған кешен төменде көрсетілген салдар әсерінен зардап шеккендігін айтады:

- Шикі кесектен салынған нысанға қар, жаңбырдың тікелей әсері;
- Қар, жаңбыр суларының нысан ішіне кіріп, жиналуы;
- Ондағы сулардың ылғалданып, қатуы;
- Ескерткіш айналасындағы жер асты суларының жоғары деңгейде болуы;
- Өсімдіктердің өсуі;
- Адамдардың, үй жануарларының әсері.

Көрсетілген мәселелерді шешу мақсатында тәжірибелік ауқымда сыналған бірқатар шаралар ұсынылды. Олар

- Дренаж (арық, құбыр арқылы суды ағызып, жерді құрғату);
- Өсімдіктерді тазалау және жою;
- Тегіс емес жерлер мен шұңқырларды көміп, бетін тегістеу;
- Жаңбыр, қар суларының ағуын қамтамасыз ету;
- Негізгі қабырғаларын қайта қалпына келтіру;

– Қабырғалардың жоғалған бөліктерін қалпына келтіру және оларды сылау.

2018 жылы №1 қазбадағы екі бөлмеден тұратын үш үй-жайдың ішкі құрылыстары қалпына келтіріліп, консервация жұмыстары жүргізілді.

### **Қайта қалпына келтіру және консервация жұмыстарын жүргізу әдістері**

Жанкент қалашығында қайта қалпына келтіру және консервация жұмыстарын жүргізу төмендегідей пунктерден тұрды:

- Ескерткішті қарап шығу;
- Жұмысшыларды, жабдықтар мен құрылыс материалдарын арттыруға қатысты шұғыл шараларды шешу және дайындау;
- Құлау қаупі бар құрылыстарды, аймақтарды таңдау;
- Жергілікті құрылыс материалдарының көздерін анықтау;
- Саман, сылақ, майда топырақ секілді құрылыс материалдарын пайдалану;
- бірінші кезекте №1 қазбаның үстін қаңқалы ағаш қалқан мен жабу шараларын іске асыру;
- Бұзылу процестерін тоқтату бойынша бірқатар шұғыл жұмыстарды жүргізу қажеттігі туындайды.

2018 жылы Консервация жұмыстары 2005-2006 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Жанкент археологиялық экспедициясының археологиялық қазбалар нәтижесінде ашылған тұрғын үй-жайлардың № 1, 2 және 3 бөлмелерінде

жүргізілді. Мамыр айында тұрғын үй-жайлар өсімдіктерден тазартылып, 2005-2006 жылдары қазба жұмыстарынан кейін пленкамен жабылған шикі кесектен қаланған қабырғалары аршылды. Тазарту жұмыстары барысында қабырғаларға жабылған полиэтилен пленкасы уақыт өте келе жер бетінде жиналып қалған жауын-шашын суынан ылғалданып қабырғаларға зиян келтіріп, бүлініп, қирағаны анықталды. Бұл өңір үшін жауын-шашын көктемгі-күзгі уақыттарда, яғни температураның жылдам ауытқуы болған кезеңге тән. Температураның күрт өзгеруі шикі кірпіштен қаланған қабырғаларда жарық, сызаттың пайда болып бүлінуіне, деформацияға түсуіне әкеліп соғады. Археологиялық тазалаудан соң тұрғын үй-жай қабырғалары бойымен топырақ тегістеліп төселді. Келесі әрекеттер ескерткіштерді атмосфералық әсерлерден қорғау мақсатында ағаш қаркастан тұрғызылып, үсті метал жабындымен жабылған құрылысты жүргізуге бағытталды (3-сурет).



3-сурет

Құрылыс аумағы, яғни қаркасты жабынды 168 шаршы метр аумақты құрады. Тұрғын үй-жайларды консервациялаудың басым міндеті сыртқы қабырғаларын қорғау және сәулет келбетін қалпына келтіру болып табылады. Қабырға сыртын шикі кесектермен өріп, бетін саманмен сылақтау шешімі қабылданды. Шикі кірпіштердің сапалы қалануын қамтамасыз ету үшін саз-құмды ерітінді лай қолданылды.

Қабырғалар екі-үш қатарға көтерілді. Консервациялау барысында тұрғын үй-жайлардағы ошақтар қалпына келтірілді, қазіргі уақытта тазалаудан кейін олар тек № 3 үй-жайда ғана сақталса, басқа екі үй-жайда олардың орны сақталған. 2005-2006 жылдардағы қазбалар барысында анықталған ошақтар шаршы пішіндес әртүрлі көлемде болған. Үй-жайдың кіре беріс бөлігіне орналасқан ошақ жанында қарама-

қарсы жаққа қараған қой басы түріндегі тұғырғы орнатылған. Тұрғын үй-жайлардың тарихи-сәулет келбетін толық бейнелеп, ашу

және қалпына келтіру үшін, жылыту ошақтары мен қой басы түріндегі тұғырғылар қалпына келтірілді (4-сурет).



4-сурет

Қой басы түріндегі тұғырғының көшірмесін жасау үшін Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Қорқыт Ата мемориалдық музей кешенінде сақтаулы тұрған түпнұсқа тұғырғы алынды. Цемент-құмды лаймен 3 дана көшірмесі жасалды. Қайта қалпына келтіру жұмыстарын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнография» ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері А. Назаров жүргізді (Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме қоры).

Сонымен, болашақта Жанкент қалашығында қайта қалпына келтіру, консервация жұмыстарын одан әрі кешенді түрде жалғастыру, ескерткіш туристік орталық қана емес, сонымен қатар Қызылорда облысы үшін қолайлы болатын мүмкіндігі мол инвестициялардың бірі болары анық.

### Қорытынды

РФ «Томская писаница» музей-қорығының негізін салушы академик А.И. Мартынов археология ескерткішін музейфикациялауда ескерткіштің ғылымда және қоғамда алар орны

маңызды екендігін айтады. Соның ішінде, коммуникация (ескерткішке барар жол, жарық, су т.б.), сақталу деңгейі, жақын елді мекеннің болуымен қатар халықтың келуі маңызды деп санайды.

Археологиялық мұраларды музейфикациялау негізінен туризм саласын дамытып, археологиялық нысандарды жаңа қырынан түрлендіріп қазіргі қоғамға сай пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда археология ескерткішін пайдалану тек қазба зерттеу барысында ғана емес, білім беру, мәдени және туризмді дамыту мақсатында да қолдануға болатындығын түсіндіреді (Мартынов А.И., 2010).

Осы деректер негізінде болашақта Сығанақ, Жанкент қалашықтарын музейлендіру туристік орталық қана емес, студенттер мен оқушылардың оқу процестеріндегі тақырыпқа сай әдістемелік сабақтарды ескерткіш басында ұйымдастыру, ғылыми-тәжірибеден өтетін орын болуына зор үлесін тигізбек. Ал, бұл орындар ортағасырлық қалалардың қорғаныс жүйесі, архитектурасы, технологиясы, көшелердің құрылымы жөніндегі дерек көзі бола алады. Олай болса, қазақ жерінде қалыптасқан мәдениеттердің гүлденуіне үлес қосқан бұл

ескерткіштер ашық аспан астындағы музейге айналса, ескерткіштердің тарихи бейнелері қалпына келтіріледі, тарихи-мәдени нысан мен

халық арасындағы байланыс күшейеді. Сонымен қатар еліміз туралы ғылыми-тарихи білім көкжиегі кеңейе түспек.

### Әдебиеттер

- «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/>. (06.04.2019)
- Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары (2017). Астана: Foliant
- Махмұт Қашқари. (1993) Түбі бір түркі тілі. Алматы.
- Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. (1976) Михман-наме-ий Бухара (записки Бухарского гостя). Москва: Наука.
- Жолдасбаев С.Ж. (2010) Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII): көмекші оқу құралы. Түркістан: Тұран.
- Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мурғабаяев С.С. (2016) Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран.
- Қазқайтажаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының қоры (8.04.2018).
- «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ресми интернет ресурсы.
- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. (2011). Қызылорда облысы. Алматы: Аруна.
- Материалы по истории туркмен и Туркмении Т. I, (1939). Москва-Ленинград.
- Лыкошин Н.С. (1896) Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии. Ташкент.
- Бахтыбаев М.М. (2008) Оңтүстік Қазақстан өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштерінің 1865-1895 жылдардағы зерттелу тарихынан //Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1 (63). Түркістан: Тұран.
- Аржанцева И.А. (2014) Археологическое исследование городища Джанкент // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.) Алматы: Арыс.
- Мартынов А.И. (2010) Современные проблемы музеефикации памятников археологического наследия //Вестник АлтГПА: музееведение и сохранение историко-культурного наследия. Москва.
- Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қоры (09.04.2019).

### References

- Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan. <http://adilet.zan.kz/>. [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan]. (06.04.2019)
- Regionalnye sakralnye obekty Kazahstana (2017). [Regional sacred objects of Kazakhstan]. Astana: Foliant.
- Makhmud Kashkari. (1993). Odin tyurkski yazik. Almaty.
- Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. (1976) Mihman-name-i Buhara (zapiski Buharskogo gostia). Moskva: Nauka.
- Zholdasbaev S (2010) srednekovie gorod Syganak (X-XVIII). Vspomogatelnoe uchebnoe posobie. Turkestan: Turan.
- Zholdasbaev S.Z., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S. (2016) Syganak zhadigerleri. [Syganak Exhibits]. Turkistan: Turan.
- Fond nauchno-issledovatel'skogo i proektnogo filiala Respublikanskogo gosudarstvennogo predpriatia «Kazrestavracia» (8.04.2018).
- Oficialnyi internet resurs kommunalnogo gosudarstvennogo uchrezhdeniya «po ohrane pamiatnikov istorii i kultury Kyzylordinskoy oblasti upravleniya kultury, arhivov i dokumentatsii Kyzylordinskoy oblasti». <http://kyzylorda-pamyatniki.kz/>.... (05.04.2019).
- Svod pamjatnikov istorii i kultury Respubliki Kazahstan. Kyzylordinskaja oblast. (2007). [Set of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region] Almaty: Aruna.
- Materialy po istorii turkmen i Turkmeni T. I, (1939). Moskva-Leningrad.
- Lykoshin N.S. (1896) Ocherk arheologicheskikh izyskani v Turkestanskom krae do uchrezhdeniya Turkestanskogo kruzha ljubitelei arheologii. Tashkent.
- Bakhtybayev M.M. (2008) Iz istorii pamyatnikov istorii i kultury Yuzhno-Kazahstanskoy oblasti v 1865-1895 gg. // Vestnik IKTU im. Akhmeta Yassavi. Seriya obshchestvennykh nauk. Turkestan: Turan, № 1 (63).
- Arzhanceva I.A, (2014) Arheologicheskoe issledovanie gorodisha Dzhankent // Kompleksnye issledovania gorodisha Dzhankent (raboty 2011-2014 gg.) Almaty: Arys.
- Martynov A.I, (2010) Sovremennyye problemy muzeifikatsii pamiatnikov arheologicheskogo nasledia // Vestnik AltGPA: muzeevvedenie i sohranenie istoriko-kulturnogo nasledia. Moskva.
- Kyzylordinskiy oblastnoy obshchestvennyy fond okhrany pamyatnikov istorii i kultury Kyzylordinskogo oblastnogo upravleniya kultury, arhivov i dokumentatsii (09.04.2019).

### **Майданали З.**

к.и.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zeremmm@mail.ru

## **ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: МЕТОДОЛОГИЯ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ**

В статье рассматриваются теоретико-концептуальные подходы современной исторической науки по проблемам политической истории Золотой Орды, выявлены исследовательские парадигмы и принципы существования и функционирования кочевой государственности. Показан прогресс исторического знания в изучении проблем социально-политических изменений и трансформации Золотой Орды. Определены процессы взаимодействия и взаимовлияния политических структур с подвластными оседло-земледельческими народами, динамика и преемственность идеологических процессов на основе новых методологических принципов исследования. При этом особое значение имеют актуализация и экстраполяция предшествующего исторического опыта, что позволяет отметить адекватное место кочевой цивилизации во всемирно-исторических процессах как части мировой истории. Современная историческая мысль детерминируется новыми теоретико-концептуальными подходами и отказом от стереотипных воззрений на политическую историю Золотой Орды.

**Ключевые слова:** империя, кочевники, научные парадигмы, власть, идеология.

Maidanali Z.

Ph.D., Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zeremmm@mail.ru

### **Political History of the Golden Horde: Methodology and Historical Paradigms**

Main conceptual positions and methodological paradigms to problem «leading a nomadic life empire» are considered. There are considered different approaches and methods of the study of the shaping and operating the political system of Golden Horde. The onward development to modern history thought in study social-political sphere of the nomadic formation is shown. Analysis of the modern historiography of the foundation of the political system and social structures of the Golden Horde, interaction and mutual influence with subordinate sedentary agricultural people, determination of the dynamics and continuity of ideological processes through new methodological principles of research practice. At the same time, the actualization and extrapolation of previous historical experience are of particular importance, which makes it possible to mark an adequate place for a nomadic civilization in world-wide historical processes as part of world history. Debate and conflicting conclusions of modern historical science reflect the level of theoretical and methodological approaches and show lack of logical tools for understanding the essence and nature of social and political change in nomadic societies. Modern historical thought is determined by new theoretical and conceptual approaches and the rejection of stereotypical views on the political history of the Golden Horde.

**Key words:** Empire, the nomads, the scientific paradigm, power, ideology.

## Майданали З.

т.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zeremmm@mail.ru

**Алтын Орданың саяси тарихы:  
методологиясы және тарихи парадигмалар**

Мақалада Алтын Орданың саяси тарихы мәселелері бойынша заманауи тарихи ғылымның теориялық-концептуалдық көзқарастары, көшпелі мемлекеттіліктің өміршеңдігі мен іс-әрекеттерінің зерттеу парадигмалары мен қағидалары ашып көрсетіледі. Алтын Орданың саяси-әлеуметтік өзгерістері және трансформациясын зерделеудегі тарихи ілімнің прогресі анықталады. Зерттеудің жаңа методологиялық қағидалары негізінде қоластындағы отырықшы-егінші халықтармен өзара іс-қимылдар және өзара ықпалдасу үдерісі айқындалады. Сонымен бірге өткен тарихи тәжірибенің өзектілігіне және экстраполяциясына ерекше мән беріледі, мұның өзі көшпелі өркениеттің бүкіләлемдік-тарихи жүйесіндегі орны мен рөлін белгілеуге көмектеседі. Заманауи тарихи ой-сана жаңа теориялық-концептуалдық біліммен толыққан сайын, Алтын Орданың саяси тарихына ескірген көзқарастардан арылуға жол ашады.

**Түйін сөздер:** империя, көшпелілер, ғылыми парадигма, үкімет, идеология.

### Введение

Исторические знания, как правило, находят-ся в тесной взаимосвязи с изменениями в жизни общества. В этой связи современная историческая наука проявляет особый интерес к широкому кругу проблем истории Золотой Орды. Это вопросы выработки принципиально новых теоретико-методологических подходов в изучении исторических процессов и явлений, обобщения достигнутого уровня накопления исторических знаний по широкому спектру проблем золотоордынской государственности, обогащение историографического фундамента проводимых концептуальных исследований, констатация достижений научных изысканий и определение дальнейших перспектив творческих поисков. Цель исследования – анализ новых методологических подходов к процессу сложения и трансформации политической системы и социальных структур Золотой Орды. Для реализации поставленной цели исследования предполагается решение следующих задач: 1. Цивилизационный дискурс в изучении формирования и развития политической системы кочевников. 2. Анализ трансформации политической системы и социальных структур Золотой Орды в историографии. 3. Современные подходы к изучению проблем взаимодействия и взаимовлияния с оседло-земледельческими народами и процесс их интеграции в Золотой Орде.

Актуализирует проблематику исследования наличие целого ряда гипотетических представлений об этапах истории формирования государственности на территории Евразии, их взаимодействия с оседло-земледельческими народами,

появление «альтернативных» исторических исследований. Описание систем антропологической стратификации конкретных кочевых обществ и выявление их характера стало основной линией теоретических разработок. В контексте решения этой проблематики были поставлены вопросы и определены основные подходы в решении дальнейших типологических построений теории кочевого государства. Обращение к периоду сложения государственных структур кочевников и достижения ими уровня «кочевой империи» на территории Евразии связано с необходимостью проведения историографического анализа сложных и актуальных проблем. Это проблемы закономерности и особенности исторического процесса, основных этапов этнополитического и этнокультурного развития кочевых объединений, феномена кочевой государственности, трансформации политико-правовой и социальной системы Золотой Орды и подвластных им оседло-земледельческих народов. Большой комплекс историографических проблем взаимоотношений кочевого и оседло-земледельческого социумов: племенная аристократия – имперская конфедерация, сакральность верховной власти, система управления территориями, имперская структура верховной власти, унифицированная политическая терминология, духовно-культурные основы кочевой среды и ее синтез с оседло-земледельческим миром. Изучение истории Золотой Орды и ее взаимодействия с оседло-земледельческими народами, определение динамики и преемственности этнополитических и этнокультурных процессов есть направленный процесс и организация и управление этим процессом осуществляются посредством историче-

ски сложившихся методологических требований и принципов. При этом особое значение имеют актуализация и экстраполяция предшествующего исторического опыта, что позволяет отметить адекватное место кочевой цивилизации во всемирно-исторических процессах как части мировой истории. Вариативность и дискуссионность концептуального положения «кочевая империя» показала недостаточную разработанность проблем типологии общественно-политических структур и формирования государственных институтов в Золотой Орде, что ставит перед исследователями необходимость диверсифицированного подхода к проблемам изучения политических структур Золотой Орды их систематизации и реконструкции.

### Методы исследования

Научная методология по проблемам истории Золотой Орды, основанная на системном анализе в его развитии к синергетической парадигме, и исторические исследования представляют с новых теоретико-методологических позиций многие актуальные проблемы и в ряде случаев гипотетические реконструкции малоизученных событий и явлений исторического и этнокультурного прошлого. В выборе научно-теоретической методологии – цивилизационный подход Н.А. Проскурякова (Проскурякова, 2007: 69-74), И.Н. Ионов (Ионов, 2007: 499), Д. Хорд (Хорд, 2001: 355-369), Шунтаро Ито (Ito, 1997: Vol. 36), Р.С. Хакимов (Хакимов, 2008: 176), В. Хазанов (Хазанов, 2002: 604), Б.Е. Кумекон (Кумекон, 2004:102-134), А.И. Оразбаева (Оразбаева, 2005:308), позволил объективно рассматривать особенности развития государственности Золотой Орды на разных ступенях и во всем многообразии проявления политических, правовых и духовно-культурных констант и парадигм развития. Для развития современных цивилизационных исследований необходимы многие факторы, прежде всего развитие междисциплинарного диалога как среды для развития прогрессивных методов исследования. Междисциплинарный синтез фокусирует в себе общее состояние исторической науки и открывает новый уровень теоретического и конкретно-исторического осмысления разнонаправленных процессов в Золотой Орде. Перспективность современных исследований заключается также в их комплексном междисциплинарном характере, когда одновременно рассматриваются конкретно-исторические и теоретико-аналитические срезы исторической

реальности. Методологическую основу исследовательских изысканий представляют сравнительно-типологический метод анализа и синтеза, метод компаративного анализа, метод актуализации, сравнительно-сопоставительный, метод актуализации и ретроспекции. Так европоцентристские теории возникновения и развития государства подразумевают централизованную политическую власть, которая монополизирует (или делегирует) управление и регулярно взимает налоги на более или менее определенной территории. В исторической науке синхронные политические процессы считались последовательными стадиями формирования государства. Понятие «политогенез» было разработано в 1970-х 80-х гг. Л.Е. Куббелем (Куббель, 1988: 1), обозначавшим этим термином процесс формирования государства. Современный американский антрополог и историк Дж. Барфилд полагает, что возникновение номадной государственности построено на противоречиях (Барфилд, 2009:38-39). На вершине кочевой империи существует организованное государство, руководимое самодержцем, но оказывается, что большинство членов племени сохраняют свою традиционную политическую организацию, которая основывается на родственных группах различных рангов. По мнению исследователя для разрешения этих противоречий были предложены две серии теорий, которые должны были показать, что племенная форма – это только оболочка для государственности либо, что племенная структура никогда не ведет к настоящему государству. Другими словами, данные научные изыскания, основанные на методах актуализации и ретроспекции, позволяют раскрыть этапы и динамику развития принципов исследования в рассмотрении различных аспектов кочевой государственности, которые по мнению зарубежных исследователей лишь временно доминировали над племенной политической организацией.

### Основная часть

Исследовательские парадигмы при их сравнительно-сопоставительном анализе определяют сходные черты в описании конкретных форм власти, но по-разному интерпретируют и расставляют акценты. Ряд вопросов по социокультурным проблемам кочевой государственности затрагивались в работах Питера Голдена (Голден, 2004: 103-136), Дж. Флетчера (Флетчер, 2004: 212-254), Т. Холла (Холл, 2004: 136-167), Т.Дж. Барфилда (Барфилд, 2009: 488), Р. Аба-



зова (Абазов, 2008: 125.), Ю. Шамильоглу (Шамильоглу, 1992: р. 181-182), Т. Мау (Мау, 2012), Д.В. Васильев, В.А. Иванов (Васильев, Иванов, 2015: 151-166). Современные исследователи как М.А. Усманов (Усманов, 2001: 428), Д.М. Исхаков (Исхаков, 2007: 356), И. Измайлов (Измайлов, 1993: 17-32), Камалов И. (Камалов, 2016: 304) и др. с новых методологических позиций рассматривают место и значение Золотой Орды как первой евразийской империи позднесредневекового периода, вставшей на один уровень с великими европейскими государствами. Американский ученый Юлай Шамильоглу поставил проблему изучения экологических и климатических наблюдений, это, по сути, продолжением идей Л.Н. Гумилева о географической и экологической детерминированности. Кроме этого интересны исследовательские интерпретации американского ученого Юлай Шамильоглу по проблемам клановой структуры в золотоордынском обществе. В современной историографии Золотой Орды новыми концептуальными подходами отличаются татарские ученые Д.М. Исхаков, И.Л. Измайлов, которые полагают, что в государстве сформировалась новая этнополитическая общность на базе военно-феодальной знати, приверженной государственной идеологии, использовавшие как традиционные (тюркские и монгольские) мифы, так и исламские идеи и символы. Первая проблема, поставленная исследователями как этнообразующий фактор – государство. Вторая проблема – этнообразующий социальный слой – военно-феодальная знать.

Как следует из современной историографической ситуации, «суть исторического процесса – в совокупности сконцентрированных вокруг двух основополагающих во всемирной истории научных подходов – универсально-стадиального и универсально-плюралистического». В исторической науке сложились позиции оценки структур управления непосредственно кочевниками, другие придают особое значение сущности всей военно-иерархической организации империй, направленной на подчинение зависимых народов и изъятие у них части прибавочного продукта. Одной из сложных проблем современных исторических исследований стали попытки реконструкции основных этапов политогенеза кочевых объединений Евразии. Описание систем антропологической стратификации конкретных кочевых обществ и выявление их характера стало основной линией теоретических разработок. В контексте решения этой проблематики были поставлены вопросы и определены основные

подходы в решении дальнейших типологических построений теории кочевого государства. Социологические теории определяют государство как особую форму организации общества, обладающую определенными средствами и методами применения власти внутри общества, устанавливающую определенный порядок взаимоотношений между членами общества на определенной территории, которая вовлекает в свою деятельность все население на установленной территории. Дискуссии последнего десятилетия выявили два подхода к оценке кочевой государственности Евразии. Преобладающим в современной исторической науке является положение о том, что кочевые империи были суперсложными вождествами (Крадин, Трепавлов, Скрынникова, Бондаренко, Коротаев 2004:3-20). Характеризуют эти образования как «племенные конфедерации» исследователи Т. Скрынникова, Н. Крадин. Н.Н. Крадин (Крадин, 2006:491) в статье «Кочевники мир-империи и социальная эволюция» выделяет три модели кочевых империй: 1) типичные империи – кочевники и земледельцы сосуществуют на расстоянии; 2) даннические империи – земледельцы зависят от кочевников; 3) завоевательные империи – номады завоевывают земледельческое общество и переселяются на его территорию. По мнению ученого, монголы впоследствии создали первую мир-систему, объединив крупные региональные центры (Европа, исламский мир, Индия, Китай, Золотая Орда) в единую цепь. Если Н.Н. Крадин для решения вопроса о том, соответствуют ли кочевые империи и средневековое общество уровню государства и цивилизации, предлагает цивилизационный подход, то С.Г. Кляшторный (Кляшторный, 2005: 23-31) применяет метод линейной эволюции кочевых обществ, согласно которому власть развивалась от родоплеменных и военно-демократических институтов до раннего государства – надплеменной политической организации. Современные теории проводят параллели между историей континентальных империй, так Альфред Рибер определяет: «Империи – это государственные устройства, в которых одна этническая группа устанавливает и сохраняет контроль над другими этническими группами в границах определенной территории». Автор исследует, что «имперская система состоит из набора символов, институтов и пространственных связей, которые определяют власть правителя и правящей элиты» (Рибер, 2004: 34). Как следует из развития исторической мысли, имперскую идею олицетворял об-

раз правителя и автор акцентирует внимание на три обстоятельства: концепции власти становились частью нравственных и религиозных представлений, они были связаны с традициями и мифами, язык политики превращал их в видимые символы и написанные тексты. Концепция власти становилась частью нравственных или религиозных представлений, они были связаны с традициями и мифами (Рибер, 2004:39). Современная литература показывает, что управление границами в империях не было однолинейным процессом. Андреас Каппелер в статье «Формирование Российской империи в XV-XVIII века: наследие Руси, Византии и Орды» показывает этапы развития империи под влиянием византийско-православной, норманско-языческой, римско-латинской, степной и исламской цивилизаций (Каппелер, 2004: 95). Таким образом, современные цивилизационные теории подчеркивают идеологическую основу имперских построений. Российский исследователь Л.П. Репина отмечает: «Именно в этом ракурсе следует рассматривать ментальные стереотипы, исторические мифы, разновременные процессы трансформации обыденного исторического сознания, механизмы формирования, преобразования и передачи обращенной в будущее исторической памяти...» (Репина, 2004:39-40).

В.В. Трепавлов (Трепавлов, 2016:148-157) считает, что к характерным чертам государственного строя Золотой Орды можно отнести: а) монархическую власть хана; б) участие в управлении *карачи-беков* – представителей нескольких (обычно четырех) аристократических татарских родов; в) разделение кочевого населения и территории на правое и левое крылья; г) улусную систему – совокупность контингентов подданных и территориальных уделов, пожалованных ханом в управление военачальникам и «штатским» сановникам; д) институт наместников (монг. *даругачи, даруга*; тюрк. *баскак*) в управлении городским и сельским оседлым населением; е) ясачное налогообложение; ж) сочетание государственной администрации с традиционными органами управления местных жителей. Антрополог Т. Холл исходит из мир-системного подхода, так если рассматривать номунизм в понятиях данной методологии, то в доиндустриальную эпоху кочевники занимали место «полупериферии» (Холл, 2004: 136-167). Все вместе объединялось в единое пространство различные региональные экономики (локальные цивилизации, «мир-империи»). Он разделяет мнение Т. Барфилда о том, что суще-

ствуют синхронные циклы взлетов и упадков земледельческих цивилизаций и кочевых империй. Отдельные мнения и гипотезы современной исторической науки отражают особенности изучаемого явления не в полной мере. В ходе исторических дискуссий даже противоположные теории скорее не исключают друг друга, а отражают важные структурные параметры изучаемого объекта. Дж. Флетчер (Флетчер, 2004: 221-222) подчеркивает, что государственность не является институтом, который жизненно необходим для кочевого общества, а в свою очередь П. Голден (Голден, 2004:109) скептически относится к идее, что номуны могут самостоятельно создавать государственность, но не отрицает, что под влиянием китайской цивилизации степные империи принимали форму раннегосударственных обществ. Представитель казахстанской историографии Қинаятұлы Зардыхан (Қинаятұлы, 2010: 512) основывается на идее, что для понимания характера кочевой государственности необходимо обратиться к истокам древнетюркского термина «ulus». Исследователь обращает внимание на тюрко-монгольский термины «ел», «ulus», которые передают значение государства как английское «state», китайское «go» и были известны задолго до появления еврославянского «state», «respublica», арабского «мамлакат», персидского «давлат».

Современные историки концентрирует свое внимание еще на одной проблеме как имперские структуры власти Золотой Орды. Данный аспект проблемы отразился в исследованиях Н. Ди Космо (Ди Космо, 2010: 83-108), Тамура Дзицудо, Б. Энхтувшин (Энтухшвин, 2008: 227-239), Н. Шираси (Шираси, 2008:239-251) др. Последовательность исторического мышления и конкретно-исторического анализа, современных методологических подходов показывает, что родственные структуры и генеалогии обуславливали «дисперсность» и центробежность кочевых социумов. Однако в кочевых империях как Золотая Орда военно-иерархические органы политического управления тесно переплетались с родоплеменными сегментами, в то же время возвышались над ними, контролировали их, организовывали их эффективное использование в соответствии с целями имперского руководства. Так казахстанский исследователь К. Ускенбай считает, что «согласно сложившейся государственной традиции номунов, государство для более эффективного управления разделялось в военно-административном отношении на крылья и улусы. В этом плане Монгольская

империя и ее улусно-крылевая система являются самым ярким примером. Разделение армии и населения на крылья и улусы спроецировалось на административное устройство всей Монгольской империи» (Ускенбай, 2013: 41). Развитие исторической мысли показывает не только процесс событий, но в определенной степени воздействует на формирование общественного мнения и мировоззрения. Разнообразие методологических подходов и принципов исследования привело к раскрытию генезиса социально-политических изменений в кочевой среде. Дальнейшее развитие исторической мысли позволит нам определить новые направления, открыть исследовательские горизонты и ее альтернативные пути в изучении процесса усложнения, дифференциации и развития социально-политических структур Золотой Орды.

Ортағасырлардағы түркілердің киіз үйлері Моңғолиядағы Ульзит сомона петроглифінде сақталып қалған (Дорш, 1975: 32). Суретке талдау жүргізсек, күмбездің шамамен ортасына жақын маңнан арнайы салбыраңқы жіптер түсірілген. Бұл төмендегі киіздерді тепе-теңдікте ұстап тұру үшін пайдаланылған болуы мүмкін.

Ерте түркі кезеңіне тән киіз үй зороастрлық оссуари түрінде де жасалған. Мұндай оссуарий қазіргі таңда Самарқанд музейінің қорында сақтаулы, әрі бұл зат б.з. I мыңжылдығының ортасымен мерзімделеді. Ыдыстың киіз үй тәріздес пішінінің үсті конус тәріздес аяқталған, қабырғалары символикалық тұрғыда айқыш-ұйқыш етіп сызылған, тура кереге тәріздес, әрі ыдыс ерте түркі кезеңіне тән киіз үйдің пішінін сақтай отырып жасалған. Киіз үйлердің бұл түрлері ортағасырларға толық жойылып кеткенімен, XX ғасырдың басында кейбір жұрнағының әлі де болса қолданыста жүргені байқалған. Мұны біз Э.Г. Гафферберттің Ауғанстандағы хазарлықтардың тұрғылықты баспанасына қатысты зерттеуінен байқай аламыз. Мұндағы киіз үйлердің қабырғасы торкөзделіп, дөңгелек келе, ортасына қарай конус тәрізделіп жиналады. Э.Г. Гафферберг бұл үйлерді Эджен-хородағы үйлермен салыстырған. Ғалым өз зерттеулерін қорыта келе, киіз үйлердің ерте замандардан бастау алатынын алға тартады (Гафферберг, 1953: 72-92).

### **Моңғол халқының киіз үйлерінің ерекшеліктері мен дамуы**

Моңғолдардың киіз пайдаланғаны туралы деректердің ішінде персиялық миниатюраларды

атауға болады. Аталған дереккөзі 1315 жылмен мерзімделген. Яғни XIII ғасырда моңғолдарға киіз үйдің жақсы таныс болғаны анық. Суреттегі киіз үйлердің ұқсас параллельдері ретінде жоғарыда аталған оссуариді айта аламыз. Екеуінде де баспананың сыртына бірдей орнамент пайдаланылған.

Хазарлықтардан басқа халықтардың тұрғылықты баспанасының ішінде киіз үй туралы зерттеулер кездеспейді. Бірақ, А.Н. Самойловичтің Алтайдағы наймандар туралы жарияланымында, баспананың үстінде түтіндікке ұқсас күмбезді жаппасы бар үй сипатталған (Самойлович, 1980).

XIII ғасырдан кейін киіз үйлердің эволюциясында өзгерістер орын алған. Біз мұндай пікірді түрлі жанама деректер негізінде алға тартамыз. Моңғолдар туралы 1240 жылы жазылған «Қасиетті жазбада» (Сокровенное сказание) бірнеше тұрғылықты баспананың түрлері көрсетілген:

1) Арба үстіндегі бұзылмайтын, яғни жиналмайтын үй

2) Керегелі, киізді жиналмалы үй

3) Сарайлық үй (көлемі үлкен)

4) Чум

5) Бұтақтардан тоқылған күрке

6) Үсті толық жабылған арбалар

XIII ғасырдың 30-шы жылдары Моңғолия даласында болған Қытайлық елшілер Пэн Дая мен Сюй Тин, олардың арба үстінде жиналмайтын баспанасын сипаттайды. Әрі арбаны түй, өгіз немесе жылқылар тартып жүретін болған.

Моңғолдардың киіз үйлері Г. Рубруктың жазбасында да сипатталады. Онда үстіне тұрғылықты баспана орнатылған арбаны 10 немесе 12 өгіз тартып жүретіні айтылған. Рубрук өзі сипаттап отырған арба үстіндегі үйдің, тоқтаған кезде арба үстінен алынып, жерге қойылатынын да жазады (Рубрук, 1956: 91).

Байкал өңіріндегі Манхай тауында моңғолдардың арба үстіндегі жиналмайтын киіз үйіне ұқсас сурет табылған. Тағы бір суретте арбаны сүйреп жүрген жануардың есекке ұқсайтыны да байқалған. Моңғолдардың жиналмайтын үйлері б.з.б. I мыңжылдықтың аяғында ғұндарда кездесетін арба үстіндегі күркелердің негізгі пішінін сақтап қалғаны анық.

XIII ғасырдың 30-шы жылдары моңғолдар жиналмалы киіз үймен таныс болған. Жоғарыда сөз болған қытай елшілері Пэн Дай мен Сюй Тиннің жазбаларында күмбез тәріздес үйлердің екі түрі болатыны айтылған. Оның бірі арба үстіндегі жиналмайтын үй болса, екіншісі сыртқы каркасы жиналмалы және қайта жайылмалы түрі болған. Бұл үйлердің сырты киізбен

жабылған. Төбесі дөңгелек келген. Қозғалыс кезінде жануарға тең секілді тиелетін болған.

Қытай жазбасындағы бұл деректерді Плато Карпинидің жазбалары толықтыра алады. Оның келтірген мәліметтерінде киіз үйдің есігі киізден жасалатын болған, ал үстіндегі дөңгелек шатыр үйдің ішіне жарық кіргізіп, түтінді сыртқа шығаруға көмектескен (Карпини, 1957: 27).

Тағы бір Қытайлық жиһанкезі Чан Чуннің жазбасында, моңғолдардың киіз үйлерінің сыртын ақ киізбен жабатыны байқалады.

Бұл мәселе жөнінде Марко Полоның жазбасындағы деректерден маңызды мағлұматтар ала аламыз. Оның жазбасында, моңғолдар төрт дөңгелекті арбаларда ғұндарға тән күрке тәріздес үй емес, толық киіз үйді алып жүргенін көруге болады. Марко Поло: «Татарлар еш жерде де ұзақ тұрақтап қалмайды. Себебі олардың саны жоқ малдарын асырайтын шөп жетпей қалады. Олардың күркелері мен шатырларының сырты киізбен жабылады. Үйлерінің пішіні дөңгелек келген, өте ыңғайлы етіп жасалған. Үйді жығып алып жүруге де, тіпті төрт дөңгелекті арба үстінде алып жүруге де болады. Ыңғай жерге тоқтаған сәтте үйлерін түсіріп, қайта тігеді. Ал кірер есіктерін әрқашан оңтүстікке қаратады». (Марко Поло, 2006: 30).

Жалпы моңғолдардағы киіз үйлер шамасы, олардың түркі халықтарымен араласуымен қалыптасқан болуы мүмкін. Мұндай пікірге келуіміздің бір себебі, жоғарыда аталған Сюй Тиннің жазбасы болып отыр. Ол: «моңғолдардың торкөзді киіз үйлерін Яньцзинде (Пекинде) жасайды, себебі олар, өздері өте қолапайсыз үйлер жасаған. Олардың шатырлары шашақты жіппен байланады. Арбаға артылғанда қозғалып, қиындық тудырмайды». Бұл деректе ешқандай ерекшелік байқай алмаймыз, себебі қытайлықтар өздерінің солтүстігіндегі көршілерінен киіз үй туралы б.з. I мыңжылдығының ортасында-ақ таныс болған болса, араға жеті-сегіз ғасыр салып, олар бұл істің қыр-сырын меңгеріп алуы мүмкін. Киіз үйдің торкөзді керегесін жасау үлкен шеберлікті қажет етеді. Оның үстіне XIII ғасырда моңғол халықтарының көпшілігі орманды тұрғындар емес, далалық көшпелілер болғанын да ескеруіміз қажет. Бірақ, кейінірек моңғол халықтары бұл істің шебері болып, киіз үйлердің керек-жарақтарын сатылымға да шығарғаны белгілі. В.В. Радловтың жазбасында XIX ғасырдың ортасында Зайсандағы сатылып тұрған киіз үйлер Алтайлық моңғолдардың

қолынан шыққаны айтылады (Радлов, 1989: 138-139).

Киіз үйдің ерте түркілік типтері еуразиялық кеңістікте көшпелілердің негізгі баспанасы бола тұра, уақыт өте келе кейбір түркі халықтарында өзіндік ерекшеліктермен дами бастады. Оның ішінде қарапайым халықтарда киіз үй бастапқы қалпынан аса көп өзгеріске түспесе, көшпелілердің аристократиялық өкілдерінде XIII ғасырдың ортасында біршама эволюцияланды деп айта аламыз. Бұл пікіріміздің нақты дәлелі ретінде біз XIII-XIV ғасырларға тән қытай және парсыларда сақталған миниатюралық суреттерді келтіре аламыз.

Аталған мәселенің мысалы ретінде Мин дәуіріне тән орама қағазындағы қытайлық Цай Вэньцидің ғұндарға барған сәті бейнеленген суретті айтуға болады. Қазіргі таңда аталған дереккөзі Нанкин музейінде сақтаулы тұр. Қытайлық ғалымдардың пікірінше бұл деректі сун дәуірінің прототипі ретінде қарауға болады және XIII ғасырмен мерзімдеуге толық негіз бар (Ковалевский, 1956: 135).


Парсылардың суреттерінде Темір кезеңіне тән киіз үйдің қабырғалары торкөз секілді керегемен жабылғаны әрі үстін жапқан уықтарының иіліп жасалғаны бейнеленген.

XV-XVI ғасырларға тән түріктердің суреттерінде бейнеленген киіз үйдің пішінінде біршама өзгерістер байқалады. Мәселен, төбесінде жарық пен түтін өтетін жерінде дөңестегі жоқ болып келген. Оның үстіне уықтары басқа көшпелі халықтардың баспанасына қарағанда әлдеқайда қысқа келген.


### Қорытынды

Сонымен, қандай баспана киіз үйдің прототипі бола алады? Н.Н. Харузиннің пікірінше, киіз үйлердің алғашқы типі бұл чум, яғни үйдің қабырғасын құраған сырықтардың жоғары жағы бір жерде түйіседі. Мысал ретінде Н.Н. Харузин XVIII ғасырдағы П. Палластың Чулымдік түркілердің күркесіне жасаған сипаттамасын келтіреді. Одан әрі Н.Н. Харузин киіз үй эволюциясы ретінде Алтайлықтардағы күркенің бастарының иіліп, дөңгелек күмбез секілді пішінді құрайтынын ала тартады.


Н.Н. Харузиннің пікіріне жақын ойды Э.Г. Гафферберг те айтады. Ол негізінен джемшидтердің күркелерін зерттей келе, күркені киіз үйлердің прототипіне сілтейді.




1-сурет – Таулы Алтай халықтарының үй-жайлары (С.И. Вайнштейн бойынша)



2-сурет – Көшпелілерде Секенбаеваның баспана түрлері



3-сурет – Ғұндардың баспанасы (С.И. Вайнштейн және А.А. Попов бойынша)



4-сурет – Синьзянь қорымдарынан табылған мүсіндер

Б.Х. Кармышевтің ойынша түркілердің киіз үйінің прототипіне қарлұқтарға тән «қарлұқ киіз үйін» жатқызады. «Қарлұқ киіз үйлері негізінен уықтары иілген, орталық шаңыраққа барып түйіседі. Бұл типтегі үйлер ғұндардың күркелерімен ортақ ұқсастықтары көп екендігін С.И. Вайнштейн айтқан.

С.И. Вайнштейннің пікірінше, киіз үйлердің нақты прототипіне ғұндар кезінде пайдаланылған төбесі күмбез тәріздес, қабырғасы ағаштан тоқылған баспана. Бұл баспаналардың

өтпелі түріне қабырғасы цилиндр тәріздес келіп, ағаштардан тоқылған, төбесі ұзын әрі түзу сырықтармен біріктіріліп жабылған, олардың ұштары бір жерден түйіскен түрі болса керек. Баспаналардың тура осы түрі біздің заманымызға дейін жетпеген. Бірақ, үйдің мұндай түрлері болғаны анық. Біздің бұл пікірімізге дәлел ретінде половецтердің үйлерін айта аламыз. Олардың баспанасы туралы дерек Кенигсберг жылнамасында сақталған. Жылнамада арба үстіне орнатылған, қабырғалары горизонталь



бағытта тоқылып, одан жоғары қарай сүйірлей ұзын сырықтарды қойып, бір нүктеге апарып түйістірген.

Мәліметтерді сараптай келе қорытындылайтын болсақ, киіз үйлердің прототиптері көшпелі халықтардың барлығында болған секілді. Бұған палэоэкономикалық және палеогеографиялық

жағдайлардың ықпалы аз болмаған. Киіз үйдің алғашқы түрлері бір жерден шықпаған секілді. Ол көшпелі халықтардың қажеттіліктеріне орай өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, әр аймақта пайда болып, өзінің даму сатысын бастан өткерген және бізге эволюциялық негізде бүгінгі киіз үй түрінде жетіп отыр.

### Әдебиеттер

- Агаджанов С.Г. (1971). Огузские племена Средней Азии IX-XIII вв. // Страны и народы Востока. Москва. Вып. 10. С. 185.
- Вайнштейн С.И. (1955). Памятники скмфского времени в Западной Туве (по материалам полевых исследований 1954 г.). // Ученые записки Тувинского научно-исследовательского института языка, литературы и истории (УЗ ТНИИЯЛИ). Вып. III. Кызыл: «Тываполиграф». С. 82-87.
- Вайнштейн С.И. (1991). Мир кочевников Центра Азии. Москва: «Наука». 296 с. С. 74.
- Вайнштейн С.И., Крюков М.В. (1986). К истории жилища тюрко-монгольских кочевников Центральной Азии // Всесоюзная сессия по итогам полевых этнографических и антропологических исследований 1984–1985 годов: Тез. докл. Йошкар-Ола. С. 261-263.
- Гаджиева С.Ш. (1953). Народное жилище каякентских кумыков // СЭ. №3. С. 88.
- Гафферберг Э.Г. (1948). Жилище джемшидов Кушкинского района. (К истории жилища кочевников). СЭ. №4. С. 129.
- Гафферберг Э.Г. (1953). Хазарейская юрта ханай-хырга (к вопросу об истории кочевого жилища) // Сб. Музея антропологии и этнографии. Т. XIV. Москва – Ленинград. С. 72-92.
- Геродот (2004). История в девяти книгах. Москва: «Олма-Прест инвест». IV. С. 190.
- Го Можо (1959). Цай Вэньцзи. Пекин. Перевод: М.В.Крюков. С. 135.
- Граков Б.Н. (1971). Скифы. Москва. С. 37.
- Грязнов М.П. (1933). Боярская писаница // Проблемы истории материальной культуры. Москва. №7-8. С. 41-45.
- Гумилев Л.Н. (1967). Древние тюрки. Москва. С. 72.
- Димитров Д.И. (1973). Принес к изучаването на староболгарского жилище в североизточна България // Изв. На Народния музей Варна. Кн. 9. Т. 24. С. 105-106.
- Дорш Д., Новгородова А.Э. (1975). Петроглифы Монголии. Улан-Батор. С. 32.
- Жолдасбаев С. (1976). Типы оседлых поселений по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана (XI-XIX вв.) // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата. С. 12-18.
- Карпини Джованно дель Плано. (1957). История монгалов. Москва. С. 27.
- Ковалевский А.П. (1956). Книга Ибн Фадлана и его путешествие на Волгу 921-922 гг. Харьков. 345 с.
- Козлов А.С. (2015). «Византийская история» Прииска панийского как памятник классического исторического нарратива. Екатеринбург. Вып. 15. С. 152-166.
- Кюннер Н.В. (1961). Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. Москва. С. 78.
- Маргулан А.Х. (1959). Архитектура древнего периода // Архитектура Казахстана. Алма-Ата. С. 52.
- Марко Поло (2006). Книга о разнообразии мира. Москва. С. 30.
- Нечаева Л.Г. (1975). О жилище кочевников юго Восточной Европы в железном веке // Древнее жилище народов Восточной Европы. Москва. С. 11-13.
- Оразбаев А.М. (1970). Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата. С. 129-147.
- Радлов В.В. (1989). Из Сибири. Москва. 752 с.
- Ростовцев М. (1914). Античная декоративная живопись на юге России. СПб. Т.1. С. 173.
- Рубрук Г. (1956). Путешествие в восточные страны. Москва. С. 91.
- Самойлович А.Н. (1930). Казаки Кошагачкого аймака Ойратской автономной области // Казаки. – Ленинград. Рис. 3.
- Страбон (1964). География в 17 книгах. Москва: «Наука». С. 146.
- Хазанов А.М. (1975). Социальная история скифов. Москва. С. 271.
- Харузин Н.Н. (2006). История развития жидища тюркских и монгольских народов. Москва. С. 21.
- Шульц П.Н. (1937). О работах евпаторийской экспедиции // СА. Москва-Ленинград. Выпуск: 3. С. 253.
- Щепетильников М.Н. (1960). Архитектура Монголии. Москва. С. 20.

### References

Agadzhanov S.G. (1971). Oguzskie plemena Srednej Azii IX-XIII vv. [Oguz tribes of Central Asia IX-XIII centuries]// Strany i narody Vostoka. Moskva. Vyp. 10. S. 185.

- Vajnshtejn S.I. (1955). Pamyatniki skmfского времени v Zapadnoj Tuve (po materialam polevyh issledovanij 1954 g.). [Monuments of Scmph time in Western Tuva (based on field research data from 1954)]// Uchenye zapiski Tuvinskogo nauchno-issledovatel'skogo instituta yazyka, literatury i istorii (UZ TNIIYALI). Vyp.III. Kyzyl: «Tyvapoligraf». S. 82-87.
- Vajnshtejn S.I. (1991). Mir kochevnikov Centra Azii [World of nomads of the Center of Asia]. Moskva: «Nauka». 296 s. S. 74.
- Vajnshtejn S.I., Kryukov M.V. (1986). K istorii zhilishcha tyurko-mongol'skih kochevnikov Central'noj Azii [On the history of the dwelling of the Turkic-Mongolian nomads of Central Asia]// Vsesoyuznaya sessiya po itogam polevyh etnograficheskikh i antropologicheskikh issledovanij 1984–1985 godov: Tez. dokl. Joshkar-Ola. S. 261-263.
- Gadzhieva S.SH. (1953). Narodnoe zhilishche kayakentskih kumykov [Folk House Kayakent Kumyks]// SEH. №3. S. 88.
- Gafferberg E.H.G. (1948). Zhilishche dzhemshidov Kushkinskogo rajona. (K istorii zhilishcha kochevnikov) [Jams dwelling of Kushkinsky district. (To the history of the home of nomads)]. SEH. №4. S. 129.
- Gafferberg E.H.G. (1953). Hazarejskaya yurta hanai-hyrga (k voprosu ob istorii kochevogo zhilishcha) [Hazara yurt of Hanai-Hirga (on the history of the nomadic dwelling)]// Sb. Muzeya antropologii i etnografii. T. XIV. Moskva Leningrad. S. 72-92.
- Gerodot (2004). Istoriya v devyati knigah [The story in nine books]. Moskva: «Olma-Prest invest». IV. S. 190.
- Go Mozho (1959). Caj Vehn'czi. Pekin. Perevod: M.V.Kryukov. S. 135.
- Grakov B.N. (1971). Skify [Scythians]. Moskva. S. 37.
- Gryaznov M.P. (1933). Boyarskaya pisanica [Boyar pisanitsa]// Problemy istorii material'noj kul'tury. Moskva. №7-8. S. 41-45.
- Gumilev L.N. (1967). Drevnie tyurki [Ancient turks]. Moskva. S. 72.
- Dimitrov D.I. (1973). Prines k izuchavaneto na starobolgarskogo zhilishche v severoiztochna Bolgariya [Brought to study in the Old Bulgarian dwelling in north of Bulgaria]// Izv. Na Narodniya muzej Varna. Kn. 9. T. 24. S. 105-106.
- Dorsh D., Novgorodova A.EH. (1975). Petroglify Mongolii [Petroglyphs of Mongolia]. Ulan-Bator. S. 32.
- Zholdasbaev S. (1976). Tipy osedlyh poselenij po dannym arheologicheskikh issledovanij YUzhnogo i Central'nogo Kazahstana (XI-XIX vv.) [Types of settled settlements according to archaeological research in southern and central Kazakhstan (XI-XIX centuries.)]// Proshloe Kazahstana po arheologicheskim istochnikam. Alma-Ata. S. 12-18.
- Karpini Dzhovanno del' Plano. (1957). Istoriya mongalov [The history of the Mongols]. Moskva. S. 27.
- Kovalevskij A.P. (1956). Kniga Ibn Fadlana i ego puteshestvie na Volgu 921-922 gg. [The book of Ibn Fadlan and his trip to the Volga 921-922 years.]. Har'kov. 345 s.
- Kozlov A.S. (2015). «Vizantijskaya istoriya» Prijska panijskogo kak pamyatnik klassicheskogo istoricheskogo narrativa [«Byzantine history» of Priisk Paniansky as a monument to the classic historical narrative]. Ekaterinburg. Vyp. 15. S. 152-166.
- Kyuner N.V. (1961). Kitajskie izvestiya o narodah YUzhnoj Sibiri, Central'noj Azii i Dal'nego Vostoka [Chinese news about the peoples of South Siberia, Central Asia and the Far East]. Moskva. S. 78.
- Margulan A.H. (1959). Arhitektura drevnego perioda [The architecture of the ancient period]// Arhitektura Kazahstana. Alma-Ata. S. 52.
- Marko Polo (2006). Kniga o raznobrazii mira [The book is about the diversity of the world]. Moskva. S. 30.
- Nechaeva L.G. (1975). O zhilishche kochevnikov yugo Vostochnoj Evropy v zheleznom veke [About the dwellings of nomads of south-eastern Europe in the Iron Age] // Drevnee zhilishche narodov Vostochnoj Evropy. Moskva. S. 11-13.
- Orazbaev A.M. (1970). Poselenie CHaglinka (SHagalaly). Nekotorye formy i tipy zhilishch [Settlement Chaglinka (Shagalaly). Some forms and types of dwellings]// Po sledam drevnih kul'tur Kazahstana. Alma-Ata. S. 129-147.
- Radlov V.V. (1989). Iz Sibiri [From Siberia]. Moskva. 752 s.
- Rostovcev M. (1914). Antichnaya dekorativnaya zhivopis' na yuge Rossii [Antique decorative painting in the south of Russia]. SPb. T.1. S. 173.
- Rubruk G. (1956). Puteshestvie v vostochnye strany [Journey to eastern countries]. Moskva. S. 91.
- Samojlovich A.N. (1930). Kazaki Koshagachkogo ajmaka Ojratskoj avtonomnoj oblasti [Kazaks of Koshagachsky aimak of Oirat Autonomous Region] // Kazaki. Leningrad. Ris. 3.
- Strabon (1964). Geografiya v 17 knigah [Geography in 17 books]. Moskva: «Nauka». S. 146.
- Hazanov A.M. (1975). Social'naya istoriya skifov [Social history of the Scythians]. Moskva. S. 271.
- Haruzin N.N. (2006). Istoriya razvitiya zhidishcha tyurkskih i mongol'skih narodov [The history of the development of the liquidist Turkic and Mongolian peoples]. Moskva. S. 21.
- Shul'c P.N. (1937). O rabotah evpatorijskoj ehkspedicii [About the works of the Evpatoria expedition]// SA. Moskva-Leningrad. Vypusk. 3. S. 253.
- Shchepetil'nikov M.N. (1960). Arhitektura Mongolii [Mongolia architecture]. Moskva. S. 20.

**Ибадуллаева З.Ө. Сейлбекова А.Е.<sup>2</sup>**

т.ғ.к., доцент, e-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

<sup>2</sup>1 курс PhD докторанты, e-mail: aigulseilbekova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

**XIX-XX ғғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ  
ЕМШІЛІК КАТЕГОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ**

Қазақ халқындағы халықтық медицина – этномәдени бірліктер қатарынан орын алатын этнология ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі. Халық ілімі, оның ішіндегі халық медицинасын этнографиялық тың материалдармен толықтыра отырып зерттеу ғылым үшін де, күнделікті өмір тұрмысы үшін де маңызы бар мәселелер қатарына жатады. Осы орайда бұл жұмыста халық медицинасының дамуы, оның культтік немесе діни қырлары, сондай-ақ тіршілік жүйесі өмір қамының ғұрыптық қызмет белгілері сөз болады. Бұл халықтың рухани өмірін зерттеудегі басты зерттеу нысаны ретінде мәселе ауқымына айналып отыр. Бұл тек этнограф ғалымдардың ғана емес, дәрігерлердің, болашақ мәдениеттанушы, сондай-ақ тарихшы, жалпы көпшілік қауымның бірге атқарар ісі дей отырып, соңғы жылдардағы Ұлы дала мәдениетімен ұштасып жатқан емдеу әдістері мен емшілік категориялардың халық арасындағы практикалық қолданыстағы тәжірибелерінің сонау көне дәуірден орын алып келе жатқандығын Кеңес дәуіріне дейінгі еңбектер қатарынан да байқалатындығы баяндалады.

**Түйін сөздер:** этномәдениет, халық медицинасы, халық емшілігі, емшілік категориялары.

Ibadullayeva Z.O.<sup>1</sup>, Seilbekova A.Ye.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

<sup>2</sup>doctoral candidate, e-mail: aigulseilbekova@gmail.com

L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Nur-Sultan

**Medical methods and healers categories  
of the Kazakh steppe XIX – beginning XX vv.**

One of the topical issues in the ethnological science of the Kazakh people is traditional medicine – Ethnography among ethno-cultural associations. The study of the teachings of the people, including traditional medicine, complementing the latest ethnographic materials, is one of the problems that are important for both science and everyday life. This work deals with the development of traditional medicine, its religious or religious aspects, as well as ritual signs of lifestyle. This is the main object of research in the study of the spiritual life of the people, which becomes the scale of the problems. While not only the ethnographers, but also the doctors, the future culturologist, and the historian and the general public are united in their work, it has been argued that the practical methods of treatment and treatment categories of recent years, combined with the Great Steppe culture, It is also reported that the pre-Soviet era was also observed.

**Key words:** ethnoculture, folk medicine, folk healer, categories of traditional medicine.

Ибадуллаева З.О.<sup>1</sup> Сейлбекова А.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., доцент, e-mail: ibadullaeva.72@mail.ru

<sup>2</sup>PhD докторант, e-mail: aigulseilbekova@gmail.com

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Нур-Султан

### Лечебные методы и знахарские категории казахской степи XIX – начала XX вв.

Народная медицина казахского народа – одна из актуальных тем науки этнологии, а также занимает значительное место в системе этнокультуры народа. Народное учение, особенно народную медицину, если пополнить свежими этнографическими материалами, то оно станет очень значительным для науки и для повседневной жизни. В связи с этим в этой работе подчеркивается развитие народной медицины, ее культовые или религиозные стороны, жизненно важные системы, традиционная роль в жизни народа. Это является самым актуальным объектом исследования в изучении духовного мира народа. Это объект исследования не только ученых-этнографов, но и историков, медиков, культурологов, а также совместная работа всего народа. В работе изучаются и описываются методы лечения и народная медицинская, традиции, применяемые народом Великой степи из давних времен, которые отражались в трудах ученых до Советского периода.

**Ключевые слово:** этнокультура, народная медицина, народный знахарь, категории народной медицины.

#### Кіріспе

Этнология ғылымының бүгінгі күндегі табыстары қоғам дамуы және отбасы тарихы, халықтық ілімдер, жалпы алғанда халықтың болмыс бітімін зерттеушілер үшін аса құнды деректер береді. Халық емшілігі – өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйене отырып, әр түрлі ауруларды емдеп отырған. Жалпы емдеу тәсілдері бүгінде де халықарасында қолданылып, отбасылық тұрмыста да практикалық мәні бар құбылысқа айналып отыр.

Этнографиялық тұрғыдан алғанда емшілік немесе емдеу-сауықтыру магиясы алғашқы қауым кезеңінде қалыптасқан салт-жоралардың бірі. Ол барлық халықтарға тән және әлеуметтік дамудың барлық деңгейінде де сақталған (Токарев, 1964: 104-108).

Жалпы аурулар мен науқастарда болатын құбылыстарды зерттеуде қазіргі медицинамен бірге халықтық медицинаның алар орны орасан. Ол атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеткен, денсаулықты рухани және қоғамдық тұрғыда бірқалыпты сақтауға мүдделі, аурулардың атын табуға және оны жоюға бағытталған нақтылы іс-әрекеттердің жиынтығы.

Халық медицинасы және халық емшісі – өз ортасына, өз заманына сай келетін табиғи орта, тіршілік туралы ұғымдармен үйлесетін және оны жүзеге асыратын адам. Халық медицинасы – этнографиялық құбылыс. Әр халықтың өзіндік этномәдени ерекшеліктеріне қарай, олардың

да өзіндік емдеу тәсілдері қалыптасады. Сондай ерекшелік құбылыстар қазақ халқындағы халықтық медицинада да орын алады.

Мұның өзі ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени ақпарат жүйесі ретінде қалыптасқан. Сондай-ақ халық медицинасында орын алатын әр түрлі символикалық элементтерді бүгінгі күнделікті өмір тұрмысында практикалық байланыстыру, олардың архаикалық және магиялық қасиеттері негізінде айқындалады. Дегенмен де бүгінгі таңда халық медицинасымен емдеушілердің тәжірибесінде кері әсерлер де байқалуда. Оның өзі көнеден келе жатқан емдеудің тәсілдерін дұрыс жолға қоя алмай, керісінше емші аталғандардың өз басының қамын ойлаудан ары аспағандық деп түсіндіруге болады.

Халық емін, емшілік қасиетті бабаларымыздың өзі мойындап, қадір тұтқан. Халық емі – көненің көзі, теберігі ретінде бүгінгі медицинаның анасы ретінде қолданылған. Адам медицина ғылымын оқып, зерттеп меңгерсе, ал халық емшілігімен айналысатындар өздерін Алланың қалауымен, ата-бабаның қанымен дарыған қасиетімен қабылдағанбыз деп түсіндіреді. Әдетте, мұндай үрдіс емші тәуіптер үшін айтылды. Осы орайда қазақ даласында орын алған емшілер категориялары бірнеше түрге бөлінген. Мәселен, көріпкелдік – рентген немесе сезімтал аппарат, сынықшы – хирург травматолог, нейрохирург, шөппен емдеуші – провизор, бақсы – психиатр, неврапатолог сияқты болды.

## Зерттеу әдістері

XIX-XX ғғ. қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, халықтық ілімдері, әдет-ғұрпы, шаруашылық дәстүрлері қандай өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге ол қандай дәрежеде аяқ басты. Осы орайда аталған мәселе ауқымына арнайы зерттеу жүргізіп, қорытынды жасаудың маңызы ерекше. Дегенмен де жалпылама түрде халықтық ілімді қамтитын, қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, яғни этномәдени процестерін жинақтаған зерттеулердің Кеңес дәуіріне дейін болғандығы белгілі. Осы орайда халық медицинасына арнайы тоқталған зерттеулер де жоқ емес. Олардың қатарында «қазақ даласындағы дәрігерлік іс туралы» мәлімет қалдырған А.Е. Алекторовты (Алекторов, 2006: 105), Торғай даласындағы қазақтардың халықтық емдеу әдістері туралы жазған А.И. Васильевті (Васильев, 1902) атаймыз. Халық медицинасына қатысты наным сенімдер болғандықтан, бұл мәселе төңірегінде де, атап айтқанда әйелдердің аяғы ауыр болуы және олардың босануы туралы жан-жақты мәлімет қалдырған Кеңес дәуіріне дейінгі зерттеулер де жоқ емес. Оның қатарындағы басты орынды Н.С. Колбасенконың мәліметтері (Колбасенко, 2006: 103) құрайды.

XIX ғ. қазақ этнографиясының өкілі саналған Ш.Уәлиханов (Уәлиханов, 1985) зерттеулері де қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлеріне, шаруашылық және мәдени жағдайына, ең бастысы тақырып ауқымына орай қазақтардағы бақсылық және оның емдеу әдістері туралы жан-жақты мән берді. Сондай-ақ қазақтар арасында кездесетін әр түрлі ауруларға сипаттама беріп, олардың емдеу тәсілдеріне тоқталған Ә. Диваевтың еңбегі (Диваев, 1992) де бар. Соңғы жылдары аталған еңбектерге сүйене отырып, өз алдына ғылыми ізденістер жасалған еңбектер де баршылық. Соның ішінде халық медицинасындағы діни наным сенімдердің смиотикасы мен семантикасы да арнайы қарастырылған (Қалшабаева, 2017: 197). Сондай-ақ қырғыз халқындағы халықтық оташылықтың «Манас» жырындағы көрінісі (Тентигул кызы, 2018: 5) және башқұрт халқы мен Сібірдегі түркі халықтары арасындағы халық медицинасының өзара байланыстары (Минибаева, 2009: 37-46) мәселесі де соңғы жылдары зерттеушілер назарын аударған. Мәселен қырғыз әлеуметтік құрылымындағы халықтық медицинаның дамуы мен орны жан-жақты көрсетілумен бірге, оташылықтың құралдары саналған шымшуыр, тинтүүр, аштар, шақ-шақ сияқты құралдардың (Аккалиева, 2017: 177-179)

оташылдықтағы ерекшелігін атап көрсетеді. Этнограф Ә. Төлеубаев қазақтағы бақсылықтың халықтық магиялық емдеу әдістері тарихи-этнографиялық зерттеулердің негізінде жан-жақты қарастырылды (Төлеубаев, 2006: 292-315).

## Емшілік және халықтық білім

Ә. Диваевтың жазбасы бойынша айтар болсақ (Диваев, 1992: 174-176), XIX ғасырда Шымкент уезі Ақтас болысының қазағы Әли Мақтыбаевтан жазып алған әр түрлі аурулар жөнінде айтады. Оның қатарында Сел немесе көкірек құрт, яғни көкіректің құрты деп аталатын аурудың қазақтар арасында жиі кездесетінін баяндайды. Бұл ауру өкпесіндегі ірің мен жөтел түрінде байқалады. Бұл ауруға ұшыраған адам өте ұзақ уақыт азап шегіп, қу сүйек сияқты кеуіп әбден жүдейді де, ақыр соңында өліп тынады. Мақтыбаевтың айтуынша, бұл ауру құрығынан ешқандай құтылу жоқ дейді. Соған қарамастан бүкіл адамзатқа тән болатындай қазақтар әр түрлі шараларды ақыр аяғына дейін қолданады.

Көкжөтел деп аталатын енді бір ауруға (сұр немесе көк жөтел) көбіне қарттар ұшырайды. Құрғақ жөтел ұстамасының күшті болатындығы сондай, адамның бұл кезде дем алу мүмкіндігі болмайды, ол булығып тұншығудан көгеретүседі. Ақыр аяғында күшті зорланудан қабылдаған тағамы мен сусынын құсып жібереді, тіпті кіші дәретін ұстауға шамасы келмейтін жағдайлар да болады. Бұл ауру ұзаққа созылады. Одан балалар да зардап шегеді. Көк жөтелден құтылу үшін қазақтар емнің неше түрлі тәсілдерін қолданады (Сәнік, 2017: 25).

Мысалы, ауруға көк қарғаның қауырсынын соруға береді, қашан жеңілдегенше ауру оны тастамауға тиіс болады. Егер бұл ем де көмектеспесе сұр атқа мініп, сұр киім киіп келе жатқан жолаушыны қарауылдап тұрады. Одан көк жөтелді қалай емдеуге болады?, – деп сұрайды. Содан соң сұр атқа мінген сұр киімді жолаушының берген кеңесін ауруға қолданады. Бірақ «сұр жөтелге» қарсы қазақтардың ең жақсы әрі сенімді емі сұр қозының етінің сорпасы болып саналады (Диваев, 1992: 175).

Шымкент уезі бұрынғы Ноғайқара болысының қазағы Еркімбек Ақынбековтің айтуынша, көк жөтелді қазақтар тағы бір еммен – сұр сиырдың сүтімен емдейді екен. Мұндай сүтке арналған көнек сиырды сауған кезде жерге тимеуі керек.

Сол сияқты, ауруға сұр сиырдың немесе көкбақ құлжа дейтін қандай бір тау аңының өтін

ішуге береді. Егер бұл ем де әсер етпесе, аурудың жақындарының бірін үлкен жолға жібереді, ол алғашқы жүргіншіні күтіп отырады. Ондай адам тап болысымен, оған көк жөтелді қалай емдеуге болады? деген сұрау қойылады. Жүргінші жауабында ұсынылған ем ауруға қолданылады.

Молда Әли Мақтыбаевтың қазақтардың басқа ауруларды емдеуі жөніндегі мәліметі өте қызықты. Мысалы, бақсы есі ауысқандарды немесе қазақтардың айтуы бойынша жын ұрғандарды қалай емдейді? Олар мұндай ауруды алып, джехрие ордені «календарларын» санап, жүгіруге мәжбүр етеді. Аталған «календарлардың» өздері ештеңе оқымайды, олар тек ауруды қоршап, «ху, ху, Алла-ху», – деп қатты айқайлайды. Демек, бұл «О, Алла!, О, Алла!», – деген сөз. Осы ем-домның бәрі үш күннен бір айға дейін созылады. Егер осындай емдеу тәсілімен аурудың жағдайы сәл жақсарса, онда бір малды сойып, оны қайнатып жейді. Сойылған малдың терісіне сүйектерді жинап салады. Содан соң теріні сүйектерімен бірге жинап алып, аурумен қосылып, ашық далаға немесе екі жолдың түйіскен торабына келеді, аурудың сырқатын үшкіріп қуады. Кейбір бақсылар айтылған сойылған малдың жалаң бас сүйегін алып, оны қара және қызыл түстерге бояйды, Содан соң аурудың қойнына тығады да, оның астынан бас сүйекті алдап өткізген болып, бас сүйекті лақтырып жіберіп, ауруды сүйрелеп қаша жөнеледі. Ал аурудың ішінде осы кезге дейін отырған жындар мен ажыналар әлгі бас сүйекке ұмтылып, оны кеміре бастайды. Мұндағы жындар мен ажыналар дегеніміз – бүкіл жандыларға қатерлі ықпалы бар қаскүнем рухтарды атаған. Олар осы іспен айналысып, сол жерде қалады, ал бақсы сол сәтті пайдаланып, аурумен бірге тез кетіп қалады. Жындар мен ажыналардан босаған ауру содан соң сауығып кетеді-міс деген.

Қазақ емшілерінің тері ауруларын қалай емдегеніне назар аударсақ, Г.А. Колосовтың айтуынша: «Тері ауруларын емдегенде, – олар сынаптан, күкірттен жасалған майларды пайдаланады. Сонымен қатар бүлдіргенді де жағады». Қара бүлдіргеннен дәрі жасау үшін алдымен шұңқыр қазып, оның ішкі жағына от жағып қыздырады. Содан кейін оттың күлін алып тастап, әлгі шұңқырға қара бүлдіргеннің сабақтарын салып нығыздайды да, оны топырақпен көмеді және үстін қара киізбен жауып тастайды. Ол екі жұмаға дейін осындай күйде жатады. Содан соң оны ашып, қара бүлдірген сабақтарын алып ұнтақтап, қоюланғанша суға қайнатады. Осы қайнатпаны сыртқы жараға, теріге дәрі ретінде

жағуға пайдаланады (Алдашев, Әлімханов, 1992: 78).

Халық аузында да адам денесі туралы, оның ішкі ағзаларының қызметі (физиологиясы) туралы нақтылы табиғатына дәл келетін ұғым мен түсініктер жеткілікті. Тәжірибеге сүйенген халық медицинасына оның білім мен тәжірибесі арқау болған. Адам денесін, оның ағзалары мен қызметін халық білген. Сөйтіп барлық ішкі ағзалардың өздеріне, оның қызметтеріне сәйкес ат қойылған. Өкпе – тыныс алу мүшесі, жүрек – қан айналысы, бүйрек – зәр шығару, бауыр, ішек, қарын, зат алмасу мүшелері екенін білмейтін қазақ жоқ десе де болады. Тамырлардың өзін қазақтар «күре тамыр» (артерия) және «көк тамыр» (вена) деп, олардың ерекшелігін ескере отырып бөлген. Жүйке тамыры деп талшықтарды айтқан (Арғынбаев, 1994:17).

Қазақ даласында адам баласының физиологиясына да қатысты психологиялық жәйкүйді білдіретін мағыналы сөздер де жоқ емес. Мәселен, Бірнәрсені дұрыс істемей, дұрыс сөйлемей тұрған адамға: «Басыңда ми бар ма?» десе, қорықпайтын батыр адамды «жүректі» дейді, қорқақ адамды «қоян жүрек» дейді. Көңілі сүйіп жақсы көргенін «бауырым» дейді. Мейірімсіз тас бауырды «тас жүрек» дейді. Лезде ашуланып, қызбалыққа салынған адамды «ыстық қанды» қызба дейді. Ал ұстамды адамды «салқын қанды» дейді. Мұның өзі ішкі ағзаларды мінез құлықтың ерекшеліктеріне санаған. Ата-бабаларымыз да адамның ең маңызды ағзалары: ми, жүрек және бауыр деп түсінген. Осылай адамның мінез-құлқы ерекшелігін ішкі ағзалармен байланыстырудың да ғылыми негізі бар.

Халық дәрігерлерінің білімі әкеден балаға, ұрпақтан ұрпаққа берілетін кәсіп тәрізді дәстүр болған. Дәрігерлік (емшілік) өнері мен білімді, қазақ арасында да өзгелердей үрім-бұтақтарына ғана үйретіп, басқалардан құпия сақтау белгілері табылады. Олардың арасында Орта Азияның атақты медреселерінен білім алған, қолдарына құраннан басқа Орта Азияның данышпан ғалым дәрігерлерінің (Әбу Әли ибн Синаның, Әл-Рази-дың) еңбектерін де ұстап, пайдаланғандары бар.

Халық арасында емдеу тәсілдеріне қарай емшілер: тәуіп, дәрігер, оташы, сынықшы және салушы деп аталды. Халық емшілері ауруға қарсы хинин, ашутас, камфор, скипидар, тотыйын, сынап, алмас, апиын сияқты улы заттарды да кеңінен қолданған (Арғынбаев, 1992:24).

Дәрілік шөптерден жусан, ермен, дермен, қарандыз, саумалдақ, қымыздық, күшала,

арша, киік оты, қалампыр, тал қабығы, нарпөз, қара бұрыш, шәй, долана, қарақат, мендуана, сана, темекі, ақсырғақ, бозбұға, итмұрын, жыңғыл тамыры, тобылғы т.б. өсімдік түрлері пайдаланылған. Сондай-ақ аққудың, аюдың өті; борсықтың, суырдың, қаздың, жылқының, қойдың майлары; азық-түлікпен – жас ет, сорпа, қымыз, шұбат, құрт, сары май, сүт, сүйек майы, бал, тұз т.б. тағамдардың емдік қасиетін халық жоғары бағалаған (Ел арасындағы этнографиялық мәліметтер, 2018).

Халық емшілері науқастың жалпы көңіл-күйіне, сыртқы пішініне, өңіне, реңіне, демалысына, тамыр соғысына көз сала отырып, оның денесіндегі ерекшеліктерді де байқауға тырысқан. Сол арқылы аурудың түрін айқындап, емдеу жолдарын айтып беретін. Ол қолдарының ұшымен өте епті және сезімталдықпен науқастың ауырған жерлерін басып сипалап, сол жерді анық білуді дұрыс санаған. Тердің қалай пайда болып, оның қай жерден шығатынына назар аударған. Тыныс алудағы көңіл күйді байқаған. Тамыр ұстап, жүрек жұмысын тексерген. Қарынды, ішті, еппен басып, ішкі ағзалардың орнын, дененің ыстығын анықтаған, түкіріктің, дәрет пен зәрдің шығу мөлшерін білген, олардың иісі мен түріне назар аударған. Осылардың бәрін білгеннен кейін, осы күнгі дәрігерлер сияқты ауру қашан, қалай пайда болды және қалай ауырады деген сұрақтар арқылы тамырын ұстап қалай ауырғанын және немен ауыратынын хабарлаған. Бұл әрине, науқас адамға үлкен әсер етеді. Осыдан соң науқас өзін қарап отырған адамның нақты дәрігер екеніне көзі жеткендей әсер алады.

Ауырған адамның өңінің бозаруы, сұрлануы, қызаруы, көздің шүңіреюі, мұрнының сораюы халық дәрігерлігінің назарынан ешуақытта тыс қалмаған. Бұлар сырқаттың ауыр белгілеріне жататынын білген. Тердің өзін бірнеше түрге: бұршақ тер, жабысқақ тер, сасық тер, қара тер, құрғақ тер деп бөлген. Ыстығы көтеріліп, аузы кеуіп, терісі құрғаған жағдайда оны «тер қысу» деп атаған. Осындайда тер шығаратын мүмкіндік жасалса, науқастың жағдайы дұрысталатынын білген. Жөтелді де бірнеше түрге бөлген. Олар көк жөтел, құрғақ жөтел, шикыл жөтел. Қақырықты да түр түске бөлген. Оның түсінің өзгеруін өкпе мен кеңсірік ауруларының белгісі деп білген. Халық, әсіресе дәрігердің (емшінің) тамыр ұстап қарағанын ұнатады.

Расында тамырдың соғуы, оның ерекшелігі әсіресе, жүрек ауруларын анықтауға көмектеседі. Себебі, тамыр біресе жиілеп, біресе

баяулап соғады. Оның соғу реті де өзгереді. Кейде соғуы әзер-әзер білінетін кездер де болады. Тамырдың қалыптан тыс осылай ерекше соғуын «тамырдың шалыс соғуы» дейді. Дененің ыстығы да, көңілдің күйі де тамырдың соғысына әсер етеді. Осының бәрін зерттеп, тамыр соғуының ерекшеліктерін айрып білуге дағдыланса, оның әр түрлі аурулармен тығыз байланысын тапса, тамыр ұстап, сол ауруларды ажыратуға болады. Халық дәрігерлерінің ішінде ондайлар болған. Оларды тамыршы емші немесе тамыршы деген. Олар тамырдың соғуын әр түрлі ауруларға сәйкестендіріп, оны тағы да қалқыма тамыр, шөкпе тамыр, баяу тамыр, қарқынды тамыр, керме тамыр, сырғақ тамыр, тебінді тамыр, әлсіз тамыр, өректі тамыр деп жіктеген.

Жүрек – адам ағзаларының ең маңызды бөлігі делінсе, тамыр ұстап, оның жөнін білуге талпыну – халықтың тамыр ұстауға құмарлығын арттырған. Тибет пен Қытай медицинасында тамыр ұстаудың биікке көтерілгендігі жан жақты сипатталып, жазба деректер сақталған. Қазіргі кезде халық медицинасымен айналысқан кейбіреулер оған басқалай көңіл бөлуде (Алдашев, 1992: 78-б).

Аурулардың белгілерін көздерімен көріп, қолдарымен ұстап білгеннен кейін халық дәрігері олардың қандай ауру екенін айтқан. Яғни осы күнгі медицина тілімен айтқанда диагноз қойған. Сонымен қатар ауруларды әр түрлі топтарға, жікке бөліп, өздерінше аурулардың толық классификациясын жасаған. Сондай халық дәрігерлерінің жіктеуі бойынша аурулар: сыртқы және ішкі аурулар болып екі топқа бөлінеді.

Сыртқы ауруларға жарақаттар, жаралар, сынық, шығу, сондай-ақ басқа да дене сыртында, теріде пайда болатын бөртпелер, қотырлар жатады. Бұл денеге бөртіп шығатын шешек, қызылша сияқты аурулар. Жалпы денеге, ерінге, езуге шығатын күлдірек, бөртпелі аурулар шешек, ұшық деп аталады.

Ал ішкі ауруларға сыртқы белгісі оншама көзге түсе қоймайтын аурулардың бәрі жатады. Соның ішінде жұқпалы аурулар да бар. Егер аурулардың сыртқы белгісі көрінбей, науқастың халы өте ауырлай бастаса, «ауру ішке түсіп кетті», – деген. Сонымен қатар аурулардың барлығын жұқпалы ауру және жай ауру деп тағы да екі топқа бөлген. Жалпы жұқпалы ауру көп тарайтын болғандықтан «сынықтан басқаның бәрі жұғады» деп жорамалдаған.

Халықтық таным бойынша аурудың ішкі, сыртқы, жұқпалы және жұқпайтын түрлері

белгілі болған. Аурулардың әрқайсысына ат қойылып, олардың 200-ден астам түрі бар, – деп жорамалдаған. Оның бәрінің де өзіндік атауы бар.

Аурулардың аты нақты әр түрлі себептерге, халықтың ол туралы ұғымына байланысты қойылған. Мысалы, бірде аурулар «өкпе ауруы», «жүрек ауруы», «асқазан ауруы», «бүйрек ауруы», «бауыр ауруы» деп ішкі ағзалардың атымен бір тіркесте айтылса, екінші жағдайда «қызылша», «талма ауруы» деп олардың сыртқы белгілеріне қарай одан әрі ауруларды дүдәмал оймен «суықтан», «ыстықтан», «астан», «өкпенің құрт ауруы» деп айтқан. Кейде аурулардың жеке белгілері олардың атын қоюға негіз болған: «бас айналу», «сақина», «қыжылдау», «кірне», «түйнеме», «демікпе», «шемен», «сары ауру» т.б. (Сәнік, 2017: 37).

Халық дәрігерлері психикалық аурулардың көбінің сыртқы сипатын білген. Оларға лайықты аурулардың түріне сәйкес ат берген. Мысалы, төмендегідей ауруларға сырт сипаты: шатасу, есі ауысу, сандырақ, шалық, шалықтау, құтыру, елірме, қияли, делбе, жабығу, меңіреу, есуас, жынды, кеше, шерменде, есірік, қояншық, алжу, мезі, талма, күмінқор, мәңгүрт, жадынан айырылған, маскүнем, апиыншы, нашақұмар және т.б.

Көпшілікке белгілі емдеу тәсілі – қан алу, денені жылыға орау, сипалау мен созу (массаж, гимнастика), әр түрлі дәрі-дәрмектерді беру (Ел арасындағы этнографиялық мәліметтерден, 2018).

Қазақ халқы көптеген ауру түрлерін біліп, оған қарсы шара қолданған. Әрине емнің бәрі бірдей сәтті бола бермеген, дегенмен науқасқа ем берудің өзі халықтық медицина тарихында маңызды құбылыс болғандығы даусыз. Демалу органдарына суық тиюне байланысты тұмау, жөтел, тамақ ауруы, өкпе қабыну сияқты сырқаттарды ең алдымен қатты терлету арқылы емдеген (Ел арасынан этнографиялық материалдар). Осы мақсатқа ыстық тамақ – жас ет, қара бұрыш қосқан кеспе, сорпа, апыйын қосқан қара шәй, мия және қарандыз тұнбасын ішкізіп, жатарда тамақ пен кеудені қойдың құйрық майымен скипидарды араластырып сылаған. Мұндай емнің ешқандай дау туғызбауы хақ. Өкпе туберкулезін негізінен тамақтың күшімен емдеген. Науқасқа бірінші кезекте жас ет жеп, қымыз, шұбат, борсық майын ішуге кеңес беретін. Бұл шараның өкпе ауруына пайдалы екендігі әлдеқашан дәлелденген. Ішек-асқазан ауруларында ең алдымен жеңіл тамақ ішу жағын ойлас-

тыратын. Іш бұзылған жағдайда тамақ жағын шектейді. Қою қара шәй, күріш ботқа, ащы қымыз береді, қарақат жапырағының қайнатындысын, құрт езіп ішкізеді, тіпті сынап та жұтқызатын. Өзімнің ел арасынан алған мәліметім бойынша сынап жұтқызу, әдетте ішінің ыстығы бар адамдар үшін қолданылған. Ол үшін аузы ойылып, немесе аяқ қолының терілері үлбіреп түсе беретін болса сынап жұтқызатын болған (Ел арасындағы мәліметтерден). Дегенмен де бұл әдіс бүгінгі күнде медицина тарапынан дұрыс емес деп саналып, сынап жұтқызуға тыйым салынған.

Емдеуде шөптен басқа да әр түрлі заттар да қолданылған. Мысалы буыны сырқырап, іскендерге, бұлшық ет ауруына, тамырдың ұшынуына және т.с.с аяқ қолды сырқырататын ауруларға жаңа сойылған малдың терісін де басқан. Ондай теріні бірде тек ісінген, қызарған, ашыған немесе сырқырап ауырған жерге басса, кейде науқастың бүкіл денесін жаңа сойылған, әлі суи қоймаған малдың терісіне ораған. Мұндай ем үшін халық дәрігері іздемей-ақ өздері жасай берген. Басы ауырғандар, «басына суық тигендер», сақинасы ұстағандар шаштарын ұстарамен тықырлап алдырып тастап, қойдың құйрығын да басып жүрген.

Мал не жаңа тері болмаса, сырқаттар суға қайнатылып, жаңа ғана жұлынып алынған шөпке де оранған. Ол үшін шөптің көк жапырақтарын пайдаланған. Бұл болмаса, құмырсқаның илеуіне, немесе ысытылған қара топыраққа да оранған. Осылай емдеуді «бұлау» дейді. Бұлау жоғарыда айтылғандай: «тері бұлау», «шөп бұлау», «құмырсқа бұлау», «топырақ бұлау» деп аталады. Сырқаттанған адамдар «тұз бұлауға» да түскен. Аталған емдеу тәсілдерінен басқа сынап жұтқызу шаралары да болған. Сүйек сықырау, буын аурулары, бел шойырылу, құяң сияқты суықтың әсерінен болған науқастарды емдеу үшін түрлі жылу бұлауларын (күрғақ бұлау, ыстық суға және теріге түсу) кеңінен пайдаланған (Алдашев, 1992: 97). Шөлді және шөлейт аудандарда шілде түсіп, көшпелі құмдар қатты қызған кезде науқас адам бір жұма бойы құм бұлау қабылдайтын. Ол үшін құм жиегіне киіз үй тігіп, құм әбден қызған сәске түс кезінде құмға толық көміліп, алғашқы 10-күн 15-минут, кейінірек 1 сағатқа дейін бұлауланып жататын. Бұлаудан соң киіз үйде жас ет жеп, жас сорпа, шұбат, қою шәй ішіп қалжалану қажет. Құм бұлау науқасты қатты терлететіндіктен сусын жағын мольрақ ішетін. Жылы суға түсу көбіне қысты күні орындалатын. Ол үшін қазанға ысытылып, біраз тұз ерітілген суды ағаш



бөшкеге құйып науқас адам күнсайын бір жеті бойы түсетін. Әдетте, мұндай емдеу тәсілдері бүгінде профилактикалық санаториялық емдеу пункттерінде орын алып отыр. Сондай емдеу профилактикалық орындар қатарынан орын алатын «Жаңақорған санаторийін» атаймыз. Мұнда тұзға түсу, балшыққа түсу сияқты емдеу тәсілдері бар.

Қырна ауруы туралы айтқанда, мұндай ауруға ұшыраған адам ішінің бұрап ауруынан азап шегеді. Мұндай жағдайларда ошақтағы ыстық күлді алып, шайынды құятын фарфор ыдысқа салып, үстіне орамал жауып, оның ұштарын ыдыстың астына қайырады да, содан соң сол ұштарын аурудың ішіне басады. Егер іш ауру қырна ауруына қарағанда да азапты бола түссе, онда бұл ауру енді сатқақ деп аталып, оны былайша емдейді. Қара ешкіні сойып, оның өкпесін жүрегімен бірге суырып алады да, оны қарапайым тілде ата қаз деп атайды, сонымен ауруды жалаңаштап, ұзақ уақыт бойы ұрады, ауру терлеп, содан соң сауығып кетеді (Диваев, 1992: 177). Әдетте, мұндай емдеу жолдары бүгінде де оңтүстік қазақтарының

арасында кездеседі. Мәселен іші кепкен баланы немесе оны «ішіне жел қармасты», – деп кесеге оттың күлін, (көбіне сексеуіл күлі болса тіптен жақсы) салып, оны баланың ішіне басытын болған. Ол баланың ішіне жылу беріп, тез айығады (Ел арасындағы мәліметтерден), – деп сенген.

### Қорытынды

Халық емшілігі – өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйене отырып, әр түрлі ауруларды емдеп отырған. Жоғарыда аталған емдеу тәсілдері бүгінде де халық арасында қолданылып, отбасылық тұрмыста да практикалық мәні бар құбылысқа айналып отыр.

Жалпы аурулар мен науқастарда болатын құбылыстарды зерттеуде қазіргі медицинамен бірге халықтық медицинаның алар орны орасан. Ол атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеткен, денсаулықты рухани және қоғамдық тұрғыда бірқалыпты сақтауға мүдделі, аурулардың атын табуға және оны жоюға бағытталған нақтылы іс-әрекеттердің жиынтығы.

### Әдебиеттер

- Аалиева Г.К., Тентигулкызы Н. (2017). Эволюция народной медицины и ее место в социальной структуре кыргызов по эпосу «Манас». //Интерактивная наука. №12.
- Алдашев А., Әлімханов Ж. (1992). Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы.
- Алекторов А.Е. (2006). Қазақта баланың дүниеге келуі, тәрбиеленуі, ата-аналардың құқықтары мен билігі туралы. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Алматы, 416.
- Аргынбаев Х.А. (1994). Халық ілімі хақында // ҚР ҰҒА хабарлары. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. № 1.
- Васильев А.В. (1902). Народные способы врачевания у киргиз Тургайской области. // Тургайская газета.
- Диваев Ә. (1992). Тарту / Құраст. Ф. Оразаева. Алматы.
- Ел арасынан жинаған этнографиялық мәліметтерден (2018).
- Жуманазаров Х.С. (2018). Традиции, связанные с узбекской народной медициной: Автореферат диссертации доктора философии по историческим наукам. Ташкент.
- Катанов Н.Ф. Народные способы лечения у башкир и крещеных татар Белебеевского уезда Уфимской губернии. (1900). // Известия Общества археологии, истории и этнографии Казанского университета. Казань. Т. XVI. Вып. 1.
- Колбасенко И.С. (2006). Қазақтардың акушерлік маңызы бар кейбір әдет-ғұрыптары мен ырымдары. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Алматы.
- Қалшабаева Б.К. (2017). Халық медицинасындағы діни наным-сенімдердің семиотикасы мен семантикасы. //ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №1. 1.
- Минибаева З.И. (2009). Народная медицина башкир Южного Урала и тюркских народов Сибири: общее и особенное. // Вестник Челябинского государственного университета. №37. История. Вып. 36.
- Сәнік З. (2017). Қазақ емшілігі мен дәрігерлігі. Астана. – 13-том.
- Тентигулкызы Н., Аалиева Г.К. (2017). Народная хирургия кыргызов по эпосу «Манас» // Научный журнал.
- Токарев С. А. (1964). Ранние формы религии и их развитие. М., 246 с.
- Төлеубаев Ә.Т. (2006). Қазақтағы бақсылық. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Алматы.
- Уәлиханов Ш. (1985). Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. //Таңдамалы. Алматы.

### References

- Aaliev G.K., Tentigulkizi N. (2017). Evolusia narodnoi medisini I ee mesto b sosialnoi strykture kirgizov po eposy «Manas». //Interaktivnaia nauka. [The evolution of traditional medicine and its place in the social structure of the Kyrgyz people according to the epos «Manas»] №12.

- Aldashev A., Alimkhanov J. (1992). Kazaktin qalik medisinasinin qupiasi. [The secret of Kazakh traditional medicine]. Almaty.
атқару комитетіне барып тіркелді (ҚРҰлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві – бұдан әрі ҚРҰҚА124-қ, 1-т., 78754-іс, 105-п). Осы мезгілден бастап, М. Дулатов Кеңес өкіметі оған жүктеген қызметті өз дәрежесінде сапалы және жауапты атқаруға күш салды.

Алғашқы кезеңде Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын оқу-ағарту және мәдени құрылыс жұмыстарына тартады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов және тағы басқа ұлт зиялылары осы салаларда қызмет жасады.

М. Дулатов Кеңес үкіметіне деген өзінің көзқарасын, өткен өміріндегі ұстанған саяси позициясын толық жазып, Омбыда шығатын «Кедей сөзі» газетінің 1920 жылғы 7 қарашада шыққан санында «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы», – деген айдармен мақаласын жариялады. Бұл оның Кеңес үкіметін жақтап жазған алғашқы мақаласы еді. «Осы кезге дейін істеген қызметімді санамас бұрын, мынаны айтқым келеді, менің ашыла, арыла сөйлеуім өзімнің ерік құқымнан туды, бұлай етуге мені ешкім итермелеп қорқытпады, өз ұятымның алдында дәл осылай есеп беруді жөн көрдім», – дей келе М. Дулатов Кеңес үкіметіне дейін басынан ерік, қолынан билік кеткен халқының аянышты жағдайын күйзеліп егжей-тегжейлі баяндап, ойын былай тұжырымдайды: «Октябрь төңкерісінің өткен екі жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн шын мейрам болды. Бүгінгі күн жер жүзінің еңбекшілеріне ұран шақырылған күн.

Бүгінгі күн «адалдық», «тендік», «бостандық» туы көтерілген күн. Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді Октябрь төңкерісін ұмытпас! Баянды болсын Октябрь төңкерісі! Көгерсін Күншығыстың елдері!» (Дулатов, 1920).

М. Дулатов Октябрь төңкерісіне байланысты айтқан ойларынан бар саналы ғұмырының елінің теңдігі үшін арнаған қайраткердің, енді Кеңес үкіметінің саясатымен есептесіп, сенім артқанын аңғарамыз. М. Дулатов өзінің айтқан ойларын шынайылығын енді іс жүзінде көрсетеді. Алғашында Омбыда бір-екі ай, Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінде және Сібір халық ағарту бөлімінде нұсқаушы-инструктор болып қызмет жасайды. 1920 жылы қарашадан М. Дулатов Ташкентке келіп, Түркістан Коммунистік партиясы мен Орталық Атқару Комитетінің органы «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып орналасады (The REMBU). Бұл уақытта қазақ зиялыларының бір тобы Қазақ АССР-нің астанасы Орынборда, енді бір тобы Түркістан АССР-нің аста-

насы Ташкентте жұмыс істеді. Бұның өзіндік саяси мәні бар еді. М. Дулатов бұл туралы және өзінің Ташкентке келіп қызметке орналасуы туралы: «Ташкентте мен өзімнен бұрын келген бірнеше азаматтарды кездестірдім, көпшілігі алашордашылардың өкілдері болды. Олардан мен Қазақстанға карағанда, Түркістанда жұмыс істеудің жақсы екендігін, өйткені жергілікті мамандардың аздығынан сырттан келгендерді қызметке алатындығын білдім» (ҚРҰҚКА 124-қ, 4-т., 78754-іс. 106-п).

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанмен оларға жете көңіл бөлмеді, қызмет етуге еркіндік бермеді, керісінше партияға кірген бұрын басшы орындарда қызмет атқармаған, саяси сауаты төмен азаматтарды тартты. Бұл турасында М. Дулатов: «Қазақстанның орталығы Орынборда отаршылдық күшті, онда қазақ қызметкерлеріне қызмет етуге еркіндік бермейді, партияға бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар көп кірген. Ол уақытта Қазақстанда партияға кірген әлгідей бұрынғы шенеуніктер, тілмаштар, мансапқорлар үкіметке, партияға жақсы көріну үшін рас болса да, өтірік болса да, Алашорда адамдарын жамандайтын, сондықтан Қазақстаннан қазақ қызметкерлерінің бір қатары Түркістанға келген, қалғандардың арасында мүмкіншілігі болса Түркістанға кетуді тілейтіндер көп болған, мұнда қалып одан кейінгі жылдарда да (Түркістан қазақтары Қазақстанға қосылғанша) болып тұрған», – дейді. Осы сәтті тиімді пайдаланып, Түркістан үкіметінің басында тұрған Т. Рысқұлов, С. Қожанұлы, И. Тоқтыбаев, Н. Төреқұлұлы сияқты қайраткерлер Қазақстаннан келген зиялыларды қызметке тартып орналастырған еді. М. Дулатов та Түркістанға келген зиялылардың қатарында 1920 жылы 7 желтоқсанда ашылған «Ақ жол» газетінің жауапты хатшысы болып кіріседі. «Ақ жолдың» редакторы С. Қожанұлы болды. Кеңес үкіметі тұсында М. Дулатовтың көп қызмет еткен баспасөз саласы болды. Бір М. Дулатов емес, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев басқа да ұлт зиялылары түрлі басылымдарда қызмет етті. Бұрын да баспасөз саласында қызмет жасаған зиялылар бұл іске мүдделілік танытты, екінші жағынан бұл олардан басқа баспасөз жұмысын алға қоятын мамандар жоқтығымен де байланысты болса керек.

«Ақ жол» газетінің бетінде М. Дулатов қазақ өлкесіндегі түбірлі өзгерістерді, жүріп жатқан саяси науқандарды жұртқа түсіндіріп, халықтың білім алуына жол ашылғанын дәріптеп мақалалар жазды. Тәжірибесі шыңдалған журналист, пуб-

лицист М. Дулатов бар талантын жаңа өмірді құру ісіне жұмсайды. Дегенмен, М. Дулатовтың қызметінде бұл жаңа белес оңай қалыптасқан жоқ. Егер біз М. Дулатов Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізіп отырған саясатына көңілі толды деп ой тұжырымдасақ, қателесеміз. Өйткені М. Дулатов сынды «өз принциптеріне» берік, сөзіне, ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, өз ұлтының тағдырын тереңінен ойлайтын, азаматтық қасиетін жете бағаламаған болар едік. М. Дулатов саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге баға беруде, Кеңес құрылысын дәріптеп қана қоймай, қазаққа зиянды жақтарын да көрсетіп, өз ойын ашық білдіріп отырды.

Негізі Кеңес үкіметі ұлт зиялыларын қызметке тартқанымен, олардың біліміне, тәжірибесіне, кез келген істі ұйымдастыра білетін іскерліктеріне сенімсіздік көрсетіп, кейде жете көңіл бөлмей, жұмыстарына ашық қысым көрсетіп, қызмет етуге еркіндік бермеді. Бұл құбылыс Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қатты байқалды. Керісінше басшы орындарға саяси сауаты төмен жікшіл, атқамінер, жершіл азаматтарды тартты. Коммунистер билеген Кеңес үкіметіне озық ойлы, өз ұлтының тағдыры жөнінде негізді салиқалы ой, ұсыныс балама пікір айтатын ұлт зиялылары жақпады. М. Дулатов мемлекеттік басқару және атқару орындарында осындай келеңсіз құбылыстардың жедел қарқын алуын және ұлт мүддесінен өзінің жеке мүддесін жоғары қоятын сенқұмар, билікқұмар зиялылардың көптігі туралы өзінің пікірін ашық білдіріп, «Қазақ зиялылары» атты көлемді мақаласын жариялады: «Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді біздің қазақта да өтірік коммунистер, партияны ластап жүргендердің арасында да шын жұртшыл, еңбекші тапқа жаны ашитын, Кеңес үкіметіне ынты көңілмен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ-қырғыз зиялыларын сөз қылғанда бұларды партияда бар, жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне дейін Европаның саяси партиясына кірген қазақ болса, қане айтсыншы! «Мен әлімсақтан бері коммунист едім... мен 1905 жылдан бері партияда едім» деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріп те шықпайды. Ат сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін

қазақтың сыры жоқ!» (Дулатов, 1921) – дей келе Міржақып Дулатов туған халқының қамын шын ойлайтын, елінің болашағы үшін қалтықсыз қызмет ететін азаматқа «көзбояушылыққа» салынып «коммунист» болудың қажеті шамалы екендігін, «коммунист» болғандардың көпшілігі кезінде халықтың үстінен күн көрген, паракор, патша өкіметінің тыңшысы болған, арсыз, намыссыз жандар екенін, әлі де болса халықтың қамы үшін ешнәрседен тайынбай жанын салып қызмет ететін бұрынғы «ұлтшыл» зиялылар екенін ашық жазып, ойын былай сабақтайды: «Енді бүгін Кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунистер партиясы жолбасшылық етіп отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен; бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүрген екен; соның үшін бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кірмегендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (өтірік коммунистерді айтпаймын) кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні кеше ұлтшыл болуға жарамай өз басының қамын ойлап жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводщик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып шағым жүргізіп соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, «коммунист» бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, құдайыңа шүкір бар. Әсіресе біздің Қазақстанда толып жатыр», – дей келе партияға ары таза, жауапкершілікті сезіне білетін азаматтарды тарту қажеттігін, жалаң науқаншылдыққа ұрынбай: «Әуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын аз да болса тазалық жағына көз салсаңдар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды», – деп тұжырымдайды. Кеңес үкіметі «Қазақтың ескі оқығандары», – деп жіктеген ұлт зиялыларының «ұлтшылдық» позициясы туралы М. Дулатов: «Біздің ұлтшылдарымыз қанша еді?» – деп қайрыла сұрақ қойып: «Шын ұлтшылдық өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімізшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл,

зорлықшыл еді. Ол заманды қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды, неге өзге оңды-солды Европаның саяси партияларына кірмеді. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе, біздің кемдікте, қорлықта жүргеніміз. Көрінгеннен соққы жегеніміз еді. Егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес. Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған. Арын-иманын қарабасының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық», – деп ойын ашық тура айтқан М. Дулатовтың батылдығына сүйсінбеске шарамыз жоқ. Дегенмен, халқын қандай үкімет билесе де, дұрыс саясат жүргізуін талап еткен қайраткер өзінің ұсыныстарын нақты көрсетіп айтып өтеді. Ол: «Партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, «қазақшылдықты» тастап, шын ортақшылдық жолындағы әуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін шын таза азаматтарға «ұлтшылдық» таңбасын басудан бұрын бұларды іске кірістіріп, сендіріп, соңына ертсін, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортақшылдар!

Көркейсін алаш армандарының бірлігі!» (ҚРҰҚКА 124-қ, 1-т., 78754-іс, 46-п) – деп келелі ой тастап мақаласын аяқтайды.

«Қазақ» газетінде қызмет атқарып, қаламы төселген журналист М. Дулатов «Ақ жол» газетінің беделінің өсуіне атсалысты. Газеттің алғашқы сандарында М. Дулатовтың мақалалары жиі басылды «Ақ жол» газетінде жарияланған мақалаларында М. Дулатов жаңа Кеңес өкіметі саясатының мәнін ашып, халыққа жол сілтеп, «осы біз қандай бағытпен кетіп бара жатырмыз», – деген сауал қойып, «жаңа қоғамға бейімделу қажеттігін айтып қазақ халқына ең тиімді жол жерден айрылма, егін ек; отырықшы бол, егіншілікпен айналыс, сырттан келген келімсiктерге жерімізді беріп, қол қусырып отырмайық, өз жерімізге иелік етейік», (Дулатов, 1921) – деп үндеу айтады.

Бұл ойымызды М. Дулатовтың «Ақ жол» газетінің үш жылдық мерейтойына арнап жазған «Үш жыл» атты мақаласы айқындай түседі. Мақалада «Ақ жол» газетінің тарихи қиын кезеңде жарыққа шыққанын, «арқалаған жүгінің ауыр екенін, тап тартысы күшейіп тұрған кезде «Ақ жол» газетінің үш жыл басылып шығып, төртінші жылы шыққанын айтады. Одан әрі қайраткер ойын былай сабақтайды:

«Біз кім болсақ та дегенімізге жетуіміз үшін алдымен мәдениетті болуымыз шарт. Қазақ-

қырғыздың көпшілігі еңбекшіл екен, жүзге келмейтін ат төбеліндей байды да, манапты да, мырзаны да есепке қоспалық, 5 адам халық емес, 95 адам халық. 95 еңбекшілдің жолына әлгі бесеуін құрбан-ақ қылайық. Сонда қалатын тоқсан бесіміз надан болса, мәдениеті төмен болса, өз атының басын өзі алып жүре алар ма, адамшылық дәрежесіне жете алар ма, азаттық жолына жете алар ма?

– Жоқ. Оның бірі де болмайды. Надан қараңғы күнімізде біз бостандық жемісін жей алмаймыз, төңкеріс табыстарына ие бола алмаймыз. Олай болса, біздің алдымен көксейтініміз мәдениет. Мәдениетіміздің қаншама ілгері алға басқанын, иә кері кеткенін көрсетіп отыратын қатасыз өлшеуіштің бірі газет. Ерік те, елдік те, ерлік те, не тілектің бәрі де мәдениетті өркендету арқылы ғана табылады деп иман келтіру керек. Үміт осылай; бұл үміт босқа кетпесіне сенеміз» (Дулатов, 1923). М. Дулатовтың бұл айтқан ойлары мынадай тұжырымға жетелейді. Сонау 1909 жылдан бастап «Оян қазақ!», – деп халқын оқу-білімге, мәдениетке шақырған ол, егер енді заман ағымына сай білімге, өнерге ұмтылмайтын болсақ, ұлттық, мәдениетімізді көтермейтін болсақ, өзге озық ұлттардың жетегінде тағы кетерсің... Сондықтан надан, қараңғы күйінді артқа тастап, өнерге, білімге, мәдениетке ұмтыл, деп ой тастап, өзінің қоғамдық-ағартушылық қызметінде басты принцип еткен ұранын басып айтқанын аңғарамыз. М. Дулатов бар күш-жігерін салып, баспасөздің беделін қаншалықты дәрежеге көтеруге атсалысқанымен, еңбегі өз дәрежесінде бағаланбады. Алаштан бас тартса да, ұлтшыл ретінде көз түрткі болудан, қудаланудан құтылмайды. М. Дулатовтың журналист ретінде еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Осы мәселеге байланысты архив деректеріне тоқталуды жөн көрдік, М. Дулатов 1929 жылы 1 қаңтарда ОГПУ – тергеушілеріне берген жауабында «Ақ жол» газеті туралы өз ойын былай білдіреді «Ақ жол» газетінің бағыты және мазмұны туралы баспасөз беттерінде көп пікірталас жүрді. Бірақ оның бәрі менің қызмет еткен уақытыма сәйкес келмейді» (ҚРҰҚКА124-қ, 4-т., 78754-іс. 98-99-п). М. Дулатовтың «Ақ жол» газеті туралы бұл ойды айтуының негізі бар еді.

1925 жылы 29 мамырда И. Сталин Қазақ өлкелік партия Комитетінің бюросына өлкелік «Ақ жол» газетінің саяси бағытына байланысты хат жолдайды. И. Сталин хатында: «Жуырда менің «Ақ жол» газетімен танысуға мүмкіндігім болды»-деген бастапқы сөзімен-ақ

«халықтар көсемі» «Ақ жолда» жарияланған сыни мақалаларға талдау жасап және олардан алаштық интеллигенцияның қастық әрекетін көріп, түбірінен газетті жедел түрде қайта ұйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып жіберуді міндет етіп тапсырады.

И. Сталин: «Мен партияда жоқ интеллигенттерді кеңес жұмысына тартуды барынша жақтаймын. Егінхалкомы, халық шаруашылық кеңесі, кооперация және басқа да шаруашылық органдар бұл адамдарды, олар біртіндеп кеңестендіре отырып, мейлінше пайдалануы тиіс. Мен сондай-ақ партияда жоқ интеллигенттерді қырғыз (қазақ) мәдениетін орнықтыру ісіне тартуды да жақтаймын. Қырғыз тілінде оқулықтар құрастыру, мәдениет саласында бұл адамдардың пайдаланылуы тиіс басты майдан. Бірақ та мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан толығымен және түгелдей коммунистерге қалдырылуы керек. Онсыз Киргизияда (Қазақстанда) Шоқаевтардың жеңісі сөзсіз жүзеге асады (КРПА141-қ, 1-т., 479 «А»-іс, 1-2-п.)» мәселеге қатысты шұғыл шара қолданылуы Қырғыз өлкелік Комитет бюросының барлық мүшелеріне тапсырылды.

Сталиннің хатында М. Шоқайдан басқа ешкімнің аты аталмаған, оның есімі төрт рет қайталанған. Дегенмен, көсемнің өршелене қарсы шыққан «партияда жоқ интеллигенттер» деген сөзі өзге қызметкерлерінен гөрі, алдымен М. Дулатовқа бағышталғандай.

Қайраткердің қызы Гүлнәр Дулатованың айтуына қарағанда, М. Дулатов коммунистік партияның қатарына кірмеген. И. Сталиннің тапсырмасынан кейін Қазөлкем басшылары да М. Дулатовты нұсқаған деп түсінген болуы керек. Олар М. Дулатовты бірінші кезекте газеттен жұмыстан шығарды. Бұрынғы Алашордашылардың саяси ықпалынан мүлде айырды, «коммунистендіру» мақсатында газет редакциясын Ташкенттен Шымкентке көшіріп, оны республикалық органнан Сырдария губерниялық органға айналдыру жөнінде қаулы шығарды (Қасқабасов, 1994:90). Редакторы, редакция алқасының құрамы түгелдей жаңартылды. М. Дулатов және басқа ұлт зия-



лылары қуылғаннан кейін, газеттің беделі де төмендеп, таралымы 10 мыңнан 3 мыңға түсті (ҚРПА141-к, 1-т., 377-іс, 4-п). Көп ұзамай РКП (б) Қазақ өлкелік 5-конференциясында 1925 жылы Ф. Голощекин «Ақ жол» осыдан аз ғана бұрын антикоммунистік сипатта болып келсе, қазір өз бағытына түсіп, буржуазиялық-ұлтшылдық ауытқушылыққа жол бермейді. Әйтсе де, астарлы сөзбен, «Эзоп» тілінде жазуды қоймайды. Коммунистік газет әрқашан ашық жазу керек. «Біз Қазақстан баспасөзіне парияның берік басшылығын орнатамыз», – (ҚРПА141-к, 1-т., 28-іс, 17-п) деп М. Дулатов сынды ескі оқығандарға бұдан былай идеологиялық орындарға жол жоқ деген саясатын жүргізетінін білдірді.

Билік орындары тарапынан көрген қысымдарға қарамастан М. Дулатов бар талантын «Ақ жол» газетінің көркеюіне, халық арасында кең таралуына арнады. М. Дулатов «Ақ жол» газетінде 1920 жылдың қараша айынан бастап, 1921 жылдың мамыр айына дейін қызмет атқарады.

«Ақ жолдан» кейін М. Дулатов ұзақ уақыт бойы ешқандай баспасөз редакциясына алынбады. Бүкіл қазақ зиялыларының тағдырына кесірі тиген И. Сталиннің хаты М. Дулатовтың да қолына «қара билет» ұстатып кеткендей болды. «Ақ жолдың» бағытының өзгеруі, одан М. Дулатов сынды халық жанашырларының аласталуы қазақ ұлтының рухани өміріне соққы болып тиді. Еліне жүрек жарды сөзін жаятын мінбеден айырылуы М. Дулатовтың жеке басының трагедиясы да болғаны анық. Бұл оның онсыз да қиыншылығы мол өмірінің ауыр белесі, азаматтығына сын еді. Алайда әлеуметтік-әділетсіздіктің жөнсіз қиянат пен сорақылықтың небір түрлері басынан өткен М. Дулатов бұл саяси қысымға мройынұсынған жоқ. М. Дулатовтың қызмет ауыстыруына тура келді. 1921 жылдың мамыр айында отбасы жағдайымен Семей қаласына келеді. 1921 жылы жаз айында Семей уезінде халық тергеушісі болып, осы жылдың күз айында Семей губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып тағайындалады (ҚРҰҚКА, 124-к, 1-т., 78754-іс, 105-п.).

М. Дулатовтың осы қызметке орналасуын көрсететін 1921 жылы 8 желтоқсанда өткен Семей губерниялық халық сотының жалпы жиналысының көшірмесінен үзінді келтірейік: «Жолдас М. Дулатовты Кеңес халық сотының сот қызметкері қызметіне бүгінгі күннен бастап кірісуі туралы Губерниялық Халық сотының председателінің ұсынысы негізінде М. Дула-

тов жолдас бүгінгі күннен бастап Губерниялық Халық сотының орынбасары болып тағайындалды. Губерниядағы қырғыздардың (қазақтардың) ісі барлық бөлімін меңгеру және губерния соттары мен тергеушілерге нұсқаушы болып бекітілді» (Мұхамедханов, 188-189) – деп шешім шығарады.

Семей уезінде тергеуші болып қызмет істеген М. Дулатов жұмыс бабына қарай елге жиі шығады. Ел ішіндегі даулы мәселелердің көптігі соншалықты тергеушілердің дамыл көрмей істеуіне тура келген, өйткені әділет іздеп анталаған халық демалуға мұрша бермеген. Бұл туралы М. Дулатов: «Осынша көптің жұмысы «закончїлеп» бітіремін деген сот ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдар шықпаған, сот қызметкері істің ақ-қарасын «төңкерісшілдік арымен», социалистік сана жолымен ғана айыратын шақ еді» (Дулатов, 1924) – деп айтуы дәлел. М. Дулатовты қазақ әйелдерінің тағдыры, ауыр тұрмысы көп ойландыратын. Әйел теңдігі мәселесін көтеріп, қазақ қызының бас еркіндігі жоқ екенін бейнелеп «Бақытсыз Жамал» атты роман жазғаны да мәлім. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуымен әйел теңдігіне заң түрінде қол жеткізгенмен, бұл іске сүйекке сіңген қазақылық әдет көп кедергі болған еді.

М. Дулатовқа өзінің бас еркіндігін әперуге кемектесуді сұраған қазақ қыздарының арызы жиі түскен. Бірақ іске келгенде қыздар ата-анасының ырқынан шыға алмай, арыздарын алып үнсіз кеткендері де болған. Өжеттілік танытып еркіндік алған қыздың тағдырын қазақ қыздарына үлгі етіп ой тастау мақсатымен оның «Еңбекші қазақ» газетінде «Сол қыздың атын ұмыттым» – деп аталатын мақаласы жарияланды. Онда: Төрт жыл ішінде сот істерінің дұрысталғанын, қазақ даласында кемшіліктер түзетілгенін айтып, бірақ әлі де болса, «ұлы мақсатты тілектердің бірі – әйел теңдігі әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің әлі де күштілігі, әйел тобының көзі ашылып жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксеген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп жолдан таймайтын болса, әдет-ғұрып қанша күшті болғанмен жоғалмасқа шара жоқ (Дулатов, 1924)» – деп намысқа тиетін жігерлі сөздерімен ойын аяқтайды.

Сонымен М. Дулатов 1921-1922 жылдың мамыр айына дейін Кеңес халық сотында сот

қызметкері қызметін атқарады. Жауапкершілігі ауыр сот қызметін қайраткер адал орындады. Баспасөз беттерінде өзі куә болған қылмысты істерді, дау-жанжалдарды талдап, жастардың жаман әдеттен аулақ жүруін үндеп мақалалар жазды. Атап көрсетсек, «Халық соты», «Сот қайтсе түзеледі», «Ұрлық қайткенде тиылады?», «Сол қыздың атын ұмыттым...»

«Ұрлық қайткенде тиылады?», – атты мақаласында ол өзінің қолынан өткен қылмыстарға талдау жасап келіп, «Ұзын сөздің қысқасы, ұрлықты тыю үшін, бірінші жұрттың шаруашылығын көтеріп, еңбекке баулу керек, екінші сот қызметкерлерін тазартып, білімін молайтып, тұрмысын оңдап, халық көзінде олардың беделін көтеру керек. Осы екі жолға түспесек, құр аттан салғанмен ұрлық тиылмайды» (Дулатов, 1924) – деп ой тұжырымдайды.

Бұл қызметі туралы М. Дулатов: «Асыра айтқандық емес, қысқа мерзімде менің белсенді және адал қызмет етуімнің арқасында сот мекемелерінің беделі көтерілді, әсіресе қазақ бөлімінің жұмысы алға басты. Мен қазақ бөлімін басқардым. Бұл сол уақытта Семейде қызмет атқарған жолдастардың бәріне аян» (ҚРҰҚКА, 124-қ, 1-т., 78754-іс, 105-п).

М. Дулатов халқын қандай өкімет билегеніне карамастан, оның көркейген жарқын болашағын армандап, соның қамын тереңнен ойлап, сол жолда адал қызмет атқарған қайраткер. Кеңес өкіметі тұсында М. Дулатов, өзін әр қырынан танытты. Оқытушы, жазушы-публицист, аудармашы, журналист ретінде қыруар мәнді де, маңызды істер атқарды.

## Қорытынды

М. Дулатов – қазақ ұлтының нағыз ұлтжанды патриоты, оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқын өркениет биігіне көтеру мақсатындағы жалынды күреспен өтті. Ұлы арман жолында М. Дулатов өз ұстанымынан тайған жоқ.

М. Дулатов өзінің идеясының, ұстанған принциптерінің өміршеңдігіне күмәнсіз сеніп өмірден өтті. ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында ол туған елінің бостандығы үшін өзінің еткен еңбегін саралай келіп, ойын былай тұжырымдайды: «Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адам – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» (ҚРҰҚКА, 141-қ, 1-т., 28-іс, 17-п.).

Алаш идеясы – ұлт өмірімен мәңгі бірге жасайтын өміршең ұлттық идея екені даусыз.

Тарихтың өзі М. Дулатов идеяларының өмірлік негізі күшті екендігін айқындап берді. М. Дулатовтың арман-тілегінің орындалғанына бүгінде тарих куә, ол халқының азаттық алғанын көре алмаса да, оның күні туатынына сенімі күшті еді. Алаш зиялыларының қайраткерлік тұлғалары осы тұтастығымен, өздерінің ерік-жігерін, күшін халық ісіне сарқа жұмсауымен ерекшеленеді. Міржақып Дулатовтың есімі қазақ халқының жадында мәңгі сақталады.

## Әдебиеттер

- Дулатов М. (1920). Октябрь төңкерісінің үшінші жылы. Кедей сөзі. 7 қараша.  
 Дулатов М. (1921). Қазақ зиялылары. Ақ жол. 5 мамыр.  
 Дулатов М. (1921). Еңбекшілер автономиясы. Ақ жол. 29 наурыз.  
 Дулатов М. (1923). Үш жыл. Ақжол. 7-желтоқсан.  
 Дулатов М. (1924). Сол қыздың атын ұмыттым. Еңбекші қазақ. №294.  
 Дулатов М. (1924). Ұрлық қайтсе тиылады. Ақ жол. 13 қараша.  
 Қасқабасов С. (1994). «Ақ жол» туралы үш құжат. Ақиқат. №1. 90 б.  
 Мадияр. Мемлекет халі (1918). Қазақ. №248.  
 «Құрметті оқушылар». Қазақ. (1918). №263  
 Қайтсек жұрт боламыз. (1918). Қазақ. №264.  
 Қазақ халқының дұшпандары. (1918). Бірлік туы. №24.  
 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Семей облыстық мемлекеттік архиві (СОМА). 226-қ, 110-іс, 1-т, 5-6 п.  
 Назарбаев Н.Ә. (2014). «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Егемен Қазақстан. 17 қаңтар.  
 ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві – бұдан әрі ҚРҰҚКА 124-қ, 1-т., 78754-іс, 105-п.  
 ҚРҰҚКА. 124-қ, 1-т., 78754-іс, 104-п.  
 ҚРҰҚКА. 124-қ, 4-т., 78754-іс. 106-п.  
 ҚРҰҚКА. 124-қ, 1-т., 78754-іс, 46-п.

ҚРҰҚКА. 124-қ, 4-т., 78754-іс. 98-99-п.  
ҚРҰҚКА. 124-қ, 1-т., 78754-іс, 105-п.  
ҚРҰҚКА. 124-қ., 1-т., 78754-іс, 105-п.  
ҚР Президенттік Архиві – бұдан әрі ҚРПА. 141-қ, 1-т., 479 «А» -іс, 1-2-п.  
ҚРПА. 141-қ, 1-т., 377-іс, 4-п.  
ҚРПА. 141-қ, 1-т., 28-іс, 17-п.

### References

- Dulatov M. (1920) Oktyabr tonkerisinin ushinshi zhyly [The third year of the October Revolution]. Chechen word. November 7.
- Dulatov M. (1921) Qaqaz ziyalyly [Kazakh Intelligentsia]. White Road. May 5.
- Dulatov M. (1921) Enbekshiler avtonomiyasy [Autonomy of Workers]. White Road. March 29.
- Dulatov M. (1923) Ush zhyly [Three years]. Akzhol. December 7.
- Dulatov M. (1924) Sol kyzdyn atyn umyttym [I forgot that girl's name]. The Kazakhman.
- Dulatov M. (1924) Urlyk qaitse tyiylady [The thief will be shattered once]. The white line. November 13.
- Kaskabasov S. (1994) «Aq zho» turaly ush kuzhat [Three documents about the «white road»]. Truth. №1. 90 p.
- Madiyar. (1918) Memleket khali [State of the state]. Kazakh. №248.
- «Dear Students». (1918) Kazakh. №263.
- Let's get back. (1918) Kazakh. №264.
- The enemies of the Kazakh people. Unity flag. №24.
- Mukhamedkhanov K. Abai muragerleri [Abai's heirs]. 188-189, Semipalatinsk state archive (SOMA). 226th, 110th case, 1- t, 5-6 p.
- Nazarbayev N.A. (2014) «Qazaqstan zholy 2050: Bir maqsat, bir mudde, bir,olashak» [«Kazakhstan's way – 2050: common goal, common interests, common future»]. True Kazakhstan.
- Pursuant to the Rules of Procedure of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan, article 124, paragraph 1, article 78754.
- Pursuant to Article 104, paragraph 1, Article 78754 of the RoK Constitution.
- RADRF. 124th, 4th Art. 78754. Page 106
- The REMOTE. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 46
- RREPA. 124th, 4th Art. 78754. 98-99
- The REMBU. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 105
- The RNIMP. Article 124, paragraph 1, article 78754, Article 105
- The RoK Constitution, Article 141, paragraph 1, Article 479, Article 1-2.
- The RoK Constitution, article 141, item 1, article 377, item 4
- The RoK Constitution, article 141, para. 1, para. 28, Article 17.

**Шалгинбаева С.Х.**

к.и.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: dd.hr@mail.ru

**ПАМЯТНИКИ ШИЛИКТИНСКОЙ КУЛЬТУРЫ  
(по монографии А.Т. Толеубаева  
«Раннесакская шиликтинская культура»)**

Монография известного казахстанского археолога, этнографа А.Т. Толеубаева предназначена для археологов, этнографов, историков, культурологов и широкого круга читателей, а также бакалавров и магистрантов специальностей «Археология и Этнология», «Музейное дело и охрана памятников». В монографии изложены результаты многолетних полевых и кабинетных исследований сакских памятников Шиликтинской долины.

**Ключевые слова:** курган, Шиликты, могильники Шиликты, «золотой» курган, «золотой человек», Шиликтинская культура



Представляемая монография является результатом многолетних научных полевых и камеральных исследований доктора исторических наук, профессора Казахского национального университета им. аль-Фараби А.Т. Толеубаева. С 2003 г. автор монографии руководил научным

проектом и экспедицией, расположенной на территории Зайсанского района Восточно-Казахстанской области. В течение пятнадцати лет методом раскопок было исследовано четыре больших кургана, один средний и около двадцати малых курганов.

Шиликтинская долина представляет собой равнину уникального творения природы с удивительным ландшафтом для кочевников.

В книге дается определение места, роли и исторического значения, обобщение и анализ имеющихся фактологических материалов раннесакской шиликтинской культуры в системе сако-скифского мира.

Знакомство с содержанием глав, приложениями и богатым иллюстративным материалом позволяет оценивать новое издание как итоговое исследование автора в области археологии, культуры и истории казахского народа.

В структурном отношении рецензируемая монография состоит из введения, пяти глав, приложений и заключения.

В введении дается краткий историографический обзор важнейших археологических исследований на территории Казахстана в разные периоды. Анализируются природно-климатические, географические условия Шиликтинской долины, на территории которой находится более 200 памятников раннего железного века, из них около 120 это курганы сако-скифского времени. Нельзя не согласиться и

с мнением автора, что «в сакской археологии сложилась парадоксальная ситуация – несмотря на значительные достижения по изучению раннековнического общества, основные проблемы остаются нерешенными и остро дискуссионными» (1.с.23)

Глава «Памятники Шиликтинской долины разных эпох» содержит богатый материал по археологии сакских памятников, которые условно подразделены на шесть групп.

В результате пятнадцатилетних археологических исследований было выявлено и запортизировано более 300 памятников, из которых 50 относятся к категории царских памятников. В результате раскопок Шиликты-1 было обнаружено захоронение двух человек с большим количеством уцелевших золотых украшений в виде оленей, беркута, кошачьего хищника, горловидной трубочки из пластинчатого золота, миниатюрные украшения для нашивки к одежде, бронзовые наконечники для стрел. Всего было найдено 524 золотых предмета.

Памятники Шиликты-2 не имеют следов ограбления, в ней были обнаружены гребенка-заколка в хорошей сохранности, изготовленная из трубчатой кости крупного животного, бусина из минерала, черепки маленького сосуда ручной работы без орнамента. Третья группа памятников Шиликты-3 насчитывает 17 курганов. В четвертую группу входят 43 памятника, из них 5 больших курганов, которые автор относит к памятникам древнетюркского периода, найдены остатки железа, бронзовая заколка и небольшие четырехугольные и круглые ограды бронзовой эпохи. Пятая группа Шиликты-5 насчитывает 30 памятников, относящихся к поздне-сакскому и усуне-кулажоргинскому периоду, здесь автором были обнаружены невысокие бомбовидные керамические сосуды, трехгранные наконечники стрел, бляшки из тонкого листового золота, золотая серьга из кольцевых звеньев с камнями-бусинками, золотые украшения в виде фестончика, остатки железного ножа, обломок украшения-амулета из кабаньего клыка. Памятники Шиликты-6 состоят из пяти курганов, которые имели признаки недавнего ограбления.

Одно из региональных особенностей наличие мазара Зейноллы Бутабаева, построенного из красного кирпича в первой половине XX в., купольные мазары из сырца XVIII – XIX вв., каменные балбалы и петроглифы разных времен.

Вторая глава посвящена самому большому по размеру памятнику могильника Шиликты-3

«Золотому» кургану Байгетобе, в переводе означаящему «холм для конных скачек». Автором описан полный процесс производившихся раскопок с предоставлением иллюстративного и графического материалов, а также обнаружение золотых изделий из погребальной камеры.

Монография представляет собой глубокий анализ изучения технологии и техники изготовления шиликтинского золота и костюма «золотого человека», проводившийся приглашенным известным специалистом Эрмитажа Р.С. Минасяном.

Всего в кургане было найдено более 4000 экземпляров золотых изделий, которые являются уникальными украшениями одежды, не имеющими аналогов в сако-скифском культурном пространстве.

Для выяснения вопроса о происхождении сырья золотых украшений автору с группой исследователей пришлось проштудировать литературу по истории золотодобычи на территории Казахстана, а также пригласить профессора Т.М. Жаутикова, признанного специалиста по цветным металлам, рассмотреть вопросы реконструкции одежды шиликтинского царя, на что автором было потрачено почти шесть лет.

По этой главе хотелось бы отметить, что, несмотря на сложность изучения костюма по археологическим данным, методологической и методической основой автором был выбран комплексный подход, не противоречащий исторически доказанным фактам и выводам, находящим подтверждение в археологических и палеоэтнографических материалах о культуре и быте сако-скифской эпохи.

В четвертой главе рассматриваются вопросы, связанные с погребальными сооружениями и похоронно-поминальными обрядами шиликтинцев, проводятся культурогенетические параллели по геродотовским рассказам о скифах, а также с казахскими похоронно-поминальными обычаями.

Глава «Раннесакская Шиликтинская культура» представляет культурно-хронологический аспект классификации сако-скифских памятников Алтая и Восточного Казахстана.

Монография сопровождается десятью важными научными приложениями узких специалистов по технике изготовления золотых украшений, антропологических исследований костных останков, физико-химических исследований, геологических, металлографических консерваций дерева, компьютерной рекон-

струкции, радиоуглеродных и дендрохронологических исследований и анализа.

Монография имеет ряд важных научных выводов о выделении этих памятников в качестве самостоятельных, имеющих свои особенности, которые позднее были распространены в других районах Казахстана. Археологические материалы автора призваны сыграть решающую роль в освещении важнейших проблем шиликтинской культуры.

Ссылочный аппарат в монографии вызывает восхищение той скрупулезной работой, которую проделал А.Т. Толеубаев по выявлению историографических источников разного периода.

Положительным моментом монографии является использование экспедиционных и методических материалов (схемы, карты, рисунки и цветные фотографии, список литературы по каждой главе) для успешного усвоения

бакалаврами, магистрантами и докторантами при преподавании таких дисциплин, как «Сако-скифская археология», «Средневековая археология Казахстана», «Проблемы изучения сако-скифской археологии».

Материалы, изложенные в монографии, настолько многогранны, что представляют интерес не только археологов и историков, но этнографов, этнологов, культурологов, музееведов. Логически выстроенная, ясная линия аргументации, четкость, доступность изложения материалов, богатство иллюстраций и приложений – все это окажет неоценимую помощь при изучении археологии Казахстана.

В свою очередь, мне бы хотелось надеяться на выход новых трудов моего научного руководителя А.Т. Толеубаева, одаренного исследователя, посвятившего всю свою жизнь изучению этнологии и археологии казахского народа.

#### Литература

Толеубаев А.Т. Раннесакская шиликтинская культура. – Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. – С. 23.

#### References

Toleubaev A. T. Rannesakskaya shiliktinskaya kultura (2018), p.23.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Tadysheva N.</i> Sacred Triad of Fire-Milk-Tree: Religious and Mythological Representations of the Altai-Sayan Turks .....	4
<i>Yıldırım Seyfi, Sabyrgaliev N.B.</i> Religious Politics of Russian Royalty Related to Turkic Muslim People .....	15
<i>McFadden C., Alimgazinov K.Sh., Alpysbaeva N.K.</i> Informatization of Archival Business in Kazakhstan (foreign and domestic experience) .....	22
<i>Heinrich Härke, Bilalov S. Amirgalina G.</i> Preliminary results of Archaeological Research the Western gate of the Medieval Settlement Dzhankent in 2018 .....	30
<i>Kunitake S., Bexeitov G.T., Kurmaniyazov I.S.</i> Some Problems of Research of The Late Stone Age Monuments in The Suburbs of The North- East Aral .....	41
<i>Egorova O.V., Shalginbaeva S.H.</i> Chuvash population dynamics in the Republic of Kazakhstan .....	48
<i>Sultangaliyeva G.S.</i> The role of tatar merchants in the formation of the inner trade market in the turgai region (XIX century) .....	54
<i>Mukanova G.K.</i> Orientalist Esper Ukhomsky (1861-1921) on Historical Migrations Across The Great Steppe.....	60
<i>Begalyeva A.K., Amirkanov M.B.</i> State industrial sector of the Economy in 20-ies of the XXth century .....	68
<i>Khabizhanova G., Koshymova A.O.</i> Influence of Medieval Oghuz tribes on Formation of Azerbaijan People .....	77
<i>Kalshabaeva B.K., Beisegulova A.K.</i> Material culture of the Kazakhs of Uzbekistan .....	83
<i>Nurtazina N.D., Maidanali Z.</i> Processes of disintegration and the crisis of civilization in the Turkic world (16-th – 19-th centuries) .....	93
<i>Kozybakova F.A., Dauytbekova M.K.</i> Raiymbek batyr – a historical figure.....	103
<i>Urazbayeva A.M.</i> The Main Principles of Documents Classification (On the basis of the examples of Kyrobkom (1920-1925) .....	110
<i>Iskakova G.Z.</i> The Role of Nature in the Turkic Worldview .....	117
<i>Nurpeissova B., Dyussebekova Zh.</i> On the issue of distribution of the local budget of kazassr in the 1930s .....	123
<i>Sabdenova G.E.</i> Several issues and directions in the study of nomadic statehood .....	129
<i>Karibayev B.B., Utegulova M.A.</i> Yessim khan .....	135
<i>Сексенбаева Г.</i> Развитие архивного дела в Китае .....	143
<i>Жакупова Г.Т.</i> Аспекты источниковедения истории Казахстана (50-60-е годы XX века) .....	153
<i>Жаркынбаева Р.С., Се Тянь</i> К вопросу о международном политико-экономическом значении центральноазиатского региона .....	158
<i>Мажықызы Н., Қалшабаева Б.К.</i> Қытай қазақтарының бала туу, тәрбиелеуге байланысты әдет-ғұрыптарындағы дәстүрлілік пен жаңашылдық .....	165

<i>Тұрсұн Х.М., Мамбетов Б.</i> Отандық тарихи тұлғатану әдіснамасындағы ұлттық мүдде .....	175
<i>Қартабаева Е.Т.</i> Сақтардың этникалық бірегейлігі мәселесіне .....	183
<i>Махат Д.А.</i> Мақал-мәтелдер – қазақ тарихының дерек көзі .....	192
<i>Даркенов Қ.Ғ., Нурсұлтанова Л.Н., Шадаева Ш.А.</i> Қазіргі кезеңдегі Орталық Азия мен Түркияның қарым қатынастары .....	200
<i>Дәдебаев Ж., Бисенбаев П., Кәрібозов Е.</i> Толыбай – Алтын Орда дәуіріндегі аса ірі қоғам қайраткері .....	209
<i>Тургунбаев Е., Суюндиқова М.</i> Сырдарияның төменгі ағысындағы археология ескерткіштерін музейлендіру (Сығанақ, Жанкент қалашықтары бойынша) .....	221
<i>Майданали З.</i> Политическая история Золотой Орды: методология и исторические парадигмы .....	230
<i>Шағырбаев М., Сапатаев С.</i> Ерте көшпелілердің тұрғылықты баспаналарының қалыптасуы .....	241
<i>Ибадуллаева З.Ө., Сейлбекова А.Е.</i> XIX ғғ. басындағы қазақ даласындағы емшілік категориялары және емдеу тәсілдері .....	251
<i>Жарасов А.А.</i> Проблема оседания казахских кочевых и полукочевых хозяйств в дореволюционных источниках .....	259
<i>Иманбаева С.С., Сандықбаева Ө.Д.</i> Кеңестік билік тұсындағы М. Дулатовтың саяси ұстанымы .....	266

### **Ғылыми өмір – Научная жизнь**

<i>Шалгинбаева С.Х.</i> Памятники Шиликтинской культуры .....	276
--	-----



---

## CONTENTS

<i>Tadysheva N.</i> Sacred Triad of Fire-Milk-Tree: Religious and Mythological Representations of the Altai-Sayan Turks .....	4
<i>Yıldırım Seyfi, Sabyrgaliev N.B.</i> Religious Politics of Russian Royalty Related to Turkic Muslim People .....	15
<i>McFadden C., Alimgazinov K.Sh., Alpysbaeva N.K.</i> Informatization of Archival Business in Kazakhstan (foreign and domestic experience) .....	22
<i>Heinrich Härke, Bilalov S. Amirgalina G.</i> Preliminary results of Archaeological Research the Western gate of the Medieval Settlement Dzhankent in 2018 .....	30
<i>Kunitake S., Bexeitov G.T., Kurmaniyazov I.S.</i> Some Problems of Research of The Late Stone Age Monuments In The Suburbs Of The North- East Aral .....	41
<i>Egorova O.V., Shalginbaeva S.H.</i> Chuvash population dynamics in the Republic of Kazakhstan .....	48
<i>Sultangaliyeva G.S.</i> The role of tatar merchants in the formation of the inner trade market in the turgai region (XIX century) .....	54
<i>Mukanova G.K.</i> Orientalist Esper Ukhtomsky (1861-1921) On Historical Migrations Across The Great Steppe.....	60
<i>Begalyeva A.K., Amir Khanov M.B.</i> State industrial sector of the Economy in 20-ies of the XXth century .....	68
<i>Khabizhanova G., Koshymova A.O.</i> Influence of medieval Oghuz tribes on formation of Azerbaijan people .....	77
<i>Kalshabaeva B.K., Beisegulova A.K.</i> Material culture of the kazakhs of Uzbekistan .....	83
<i>Nurtazina N.D., Maidanali Z.</i> Processes of disintegration and the crisis of civilization in the Turkic world (16-th – 19-th centuries) .....	93
<i>Kozybakova F.A., Dauytbekova M.K.</i> Raiymbek batyr – a historical figure.....	103
<i>Urazbayeva A.M.</i> The main principles of documents classification (On the basis of the examples of Kyrobkom (1920-1925) .....	110
<i>Iskakova G.Z.</i> The role of Nature in the Turkic Worldview .....	117
<i>Nurpeissova B., Dyussebekova Zh.</i> On the issue of distribution of the local budget of kazassr in the 1930s .....	123
<i>Sabdenova G.E.</i> Several issues and directions in the study of nomadic statehood .....	129
<i>Karibayev B.B., Utegulova M.A.</i> Yessim khan .....	135
<i>Seksenbayeva G.</i> Archival Development in China .....	143
<i>Zhakupova G.T.</i> Aspects of Source Studies of The History of Kazakhstan (50-60 – Ies of the Twentieth Century) .....	153
<i>Zharkynbayeva R.S., Xie Tian</i> On the Issue of International Political and Economic Significance of The Central Asian Region .....	158
<i>Mazhikyzy N., Kalshabaeva B.K.</i> The Folk Custom China Kazakh's Relating To Give Birth and Raise a Child .....	165

---

<i>Tursun Kh., Mambetov B.</i> National Interest in the Methodology of Domestic Historical Personality .....	175
<i>Kartabayeva E.T.</i> To the Problem of the Ethnic Identity of the Saks .....	183
<i>Makhat D.A.</i> Proverbs and Sayings – a Source of Data of the Kazakh History .....	192
<i>Darkenov K.G., Nursultanova L.N., Shadayeva S.H.A.</i> Modern Relations Between Central Asian Countries and Turkey .....	200
<i>Dadebaev Zh., Bissenbaev P., Karbozov E.</i> Tolybay – a prominent statesman of the era of the Golden Horde .....	209
<i>Turgunbayev Ye., Suyundikova M.</i> The Museumification of Archaeological Monuments of The Lower Reaches of The Syr Darya (Town Syganak, Zhankent).....	221
<i>Maidanali Z.</i> Political History of the Golden Horde: Methodology and Historical Paradigms .....	230
<i>Shagirbayev M., Sapatayev S.</i> Formation of Residential Constructions of Early Nomads .....	241
<i>Ibadullayeva Z., Seilbekova A.</i> Medical methods and healers categories of the Kazakh steppe XIX – beginning XX вв. ....	251
<i>Zharassov A.A.</i> The Problem of Settling of The Kazakh Nomadic and Semi-Nomadic Households in the Pre-Revolution Sources .....	259
<i>Imanbaeva S.S., Sandykbaeva U.D.</i> The political position of M. Dulatov in the Soviet era .....	266

### Scientific life

<i>Shalgimbaeva S.</i> Monuments Chilikinskaya culture .....	276
---	-----